

Адамға екі нәрсе тірек тегі:

Бірі - тіл, бірі - ділің жүректегі.

Жүсіп БАЛАСАҒҰНИ.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ОРЫС МЕКТЕБІНДЕ

«Білім және
Ғылым»
жауапкершілігі
шектеулі
серіктестігінің
ай сайын
шығатын
республикалық
ғылыми -
педагогикалық
журналы

Казахский язык и литература
в русской школе

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ–ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
БАСЫЛЫМ

2001 жылдың
қаңтар айынан
бастап шығады

10/2011 ҚАЗАН

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО–ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ
ИЗДАНИЕ

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

*Жаңылхан АДАМБАЕВА, Рақыш ӘМІРОВ, Берікжан
ӘЛМҰХАМБЕТОВ, Айша ӘЛІМЖАНОВА, Шәмша
БЕРКІМБАЕВА, Роза БАТТАЛ, Әлімхан ЖҮНІСБЕК,
Қарлығаш ЖҮНІСХАНОВА, Мәрия КӨПЖАСАРОВА, Қайсар
ҚАДЫРҚҰЛОВ, Ольга МЫРЗАГЕЛДИНОВА, Фаузия
ОРАЗБАЕВА, Күлнәш САРИЕВА, Пиалаш СҮЙІНКИНА.*

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

<i>Ғылыми ойлар отауы</i>	
Алтын ҚУАНЫШҚЫЗЫ.	Ғылыми әдебиеттің алғашқы үлгілеріндегі көптік жалғауының қолданылу ерекшеліктері.....3
Майра ЖАҒЫПАРОВА.	Шешендік өнер туралы берілетін мағлұматтарды оқыту тәсілдері.....11
<i>Мұғалімдерге көмек</i>	
Ғалима АЛТЫНБАЕВА.	Этнопедагогиканы пайдалана отырып оқушылардың тілге қызығушылығын арттыру.....21
Айнұр БӘКІРОВА.	Қазақ тілі сабағында жалпы бағытталған мәтіндермен жұмыс түрлері.....27
Баян ЕСЕНГЕЛДІҚЫЗЫ.	Қазақ тілі сабағындағы ойынның рөлі.....33
<i>Әдістеме әлемінде: қазақ әдебиеті</i>	
Баян ЖАҚАТОВА.	М.Жұмабаев. «Батыр Баян» дастаны.....37
<i>Орыс тілді бастауыш сыныбында</i>	
Баян БАЙЗАҚОВА.	Оқушылардың қазақ тіліне деген қызығушылығын арттыру.....42
<i>Колледж кеңістігінде</i>	
Венера АЙДЫНАЛИЕВА.	Имандылық – инабаттылық мұраты.....55
Айгүл БАҚЫТҚЫЗЫ.	Кәсіби, термин сөздерді оқыту.....58
<i>Әдістеме әлемінде: қазақ тілі</i>	
Ұлмекен ҚҰСАЙЫНҚЫЗЫ.	Сөйлеу қабілеті және музыка.....63
Тұрар ИЛИПОВА.	Өнер алды – қызыл тіл.....67
Анар ДАИРОВА.	«Қ» дыбысын оқыту.....71
Зәуреш ҚАЙЫРОВА.	Көкшетау өңірінде – есімдік.....74
Бақыт ИСАҚАНОВА.	Бастауышты үйреткен бәйтерек.....81
Жанар КЕНЖЕБАЕВА.	Жануарлар әлемінде жалғауларды қайталау.....85
Ақторғай МӘУЛЕНҚЫЗЫ.	Грамматикалық білім берген тұңғыш ғалымдар.....90
Үміт АБЫЛҒАЗЫҚЫЗЫ.	Сөйлеу қабілетін арттырған күз.....97
Бибігүл ЗАЙЫРОВА.	Сын есімді қайталау.....100
Сәрсен БЕКБОЛАТОВ.	Жіктеу есімдігіндегі көктемгі еңбек.....106
<i>Ұстаз ұсынысы</i>	
Айнаш ИМАНҒАЛИЕВА.	«Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» туралы.....108
<i>Білім сынағында</i>	
Шолпан БАҚЫТҚЫЗЫ.	Қазақ тілінен аттестацияға дайындық сауалдары.....110
Данагүл МҰРАТҚЫЗЫ.	Сынама жұмыстары.....119
<i>Сыныптан тыс жұмыс – Внеклассная работа</i>	
Күләнда ОРАЗБЕКОВА.	Алтын киімді адам.....126
Дәмеш ШАҒАПОВА.	Біздің ортақ үйіміз.....130
Кәмила АМАНЖОЛОВА.	Жырсыз өмір – мен үшін өмір емес.....134
Сұлушаш ТАУЕКЕЛОВА,	
Ирина ТИЩЕНКО.	Зимующие птицы.....138

Алтын ҚУАНЫШҚЫЗЫ,
Приречен жалпы орта
білім беру мектебінің қазақ тілі
мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.
Батыс Қазақстан облысы,
Теректі ауданы,
Приречен ауылы.

ҒЫЛЫМИ ӘДЕБИЕТТІҢ АЛҒАШҚЫ ҮЛГІЛЕРІНДЕГІ КӨПТІК ЖАЛҒАУЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Тіл тарихын зерттеуші ғалымдарымыз қазіргі қазақ жазба әдеби тілінің қалыптасуында, оның стильдік тармақтарының сараланып, әрі қарай жетілуінде ХІХ ғасырдың екінші жартысының орны ерекше болғанын атап көрсетеді /2,172/.

Бұл кезеңде Ыбырай мен Абай сынды жазба әдеби тілдің негізін қалаушы тұлғалардың оқу-ағарту сипатындағы шығармалары дүниеге келді. Қазақ тілінде алғаш кітап бастыру мен тұңғыш баспасөздің жарық көруі де әдеби тілдің стильдік тармақтарының дамуына әсер етті. ХІХ ғасырдың екінші жартысында қазақ жазба әдеби тілінің функционалдық стильдері бір-біріне ықпал етіп, әсерлерін тигізіп отырды. Сондықтан ғылыми-көпшілік стиль жеке-дара түрде дамымай, өзімен қатарлас туған қоғамдық-публицистикалық стильге сүйене отырып қалыптасты. Көбіне олар бір-бірінен ажыратылмай, бірдей тұлға тәсілдерді пайдаланып та отырды.

Ана тіліміздің бес-алты ғасырлық тарихын зерттеуші Р.Сыздықованың айтуынша, тек қана қазақ тілінде емес,

ортаазиялық әдеби тілдегі («түркіше») мұсылманша діни мазмұнды кітаптар да қазақ арасына мольнан тарай бастады. Тіпті, бұл кезде христиан дінінің миссионерлік әдебиеті де қазақ тілінде баспа бетін көрді. Орыс ғалымдары тарапынан қазақ тілінің грамматикалық құрылысын зерттеу басталды. XIX ғасырдың екінші жартысында жиырмадан астам орысша-қазақша және қазақша-орысша сөздіктер шықты. Қазақ көркем әдебиетінің жаңа кезеңі басталды. Төл жазба әдебиеті туды. Араб, парсы, шағатай, орыс тілдерінен аударылып, ауызша да, жазбаша түрде де тараған аударма әдебиеті дүниеге келді. Қазақтың әр алуан жанрдағы, әр түрлі мазмұндағы жазба әдебиеті жанданып, түрлері көбейе бастады. XIX ғасырдың екінші жартысы – қазақ тілінің статистикасы (сол тұстағы қалыпты жай-күйі) мен динамикасына (дамуына) қоғам өмірінің тікелей қатты әсер еткен дәуірі болды. Сөз болып отырған кезеңде қазақ әдебиетінің жанрлары көбейіп, түрлене түсуіне орай жазба тілдің жаңа стильдері пайда бола бастады /3, 212-215/. Бұл жаңа стильдердің ішінде ғылыми-көпшілік әдебиеттер стилін де атауға болады.

Ғылыми әдебиет стилінің алғаш пайда болуы ғылымның дамуымен байланысты. Ғылымы ерте дамыған елдерде ғылыми әдебиет жанры да ерте қалыптасады. Мәселен, Еуропадағы ең алғашқы ғылыми-көпшілік әдебиет үлгілеріне Лукреций Кардың «О природе вещей» («Заттардың табиғаты жайында») еңбегі мен М.В.Ломоносовтың «Письмо о пользе стекла» («Әйнектің пайдасы туралы хат») еңбегі жатады. Ресейде ең алғашқы ғылым жөніндегі әдебиет XVIII ғасырдың бірінші ширегінде пайда болған. Алғашқы орыс журналдары да («Примечания к Санкт-Петербургским ведомостям» /1722-1742ж.ж./, «Ежемесячные сочинения, к пользе и увеселению служащие»/1755-1764ж.ж./) көпшілікке арналған әрі ғылыми мазмұнды болған. Ал қазақ тілінде

бірінші кітап XIX ғасырдың 60-жылдарында баспа жүзін көрген болса, ғылыми әдебиет тарихы да одан әрі кетпейді деп мәлімдейді қазақ әдеби тілінің тарихын зерттеуші Б.Әбілқасымов. Ғалым ғылымға қатысты әдебиеттің алғашқы нышаны ретінде қазақ арасында қолжазба күйінде тараған, кейін кейбіреуі басылып та шыққан «Шежіре» аталатын жазбалардың некен-саяқ болғанын жоққа шығаруға болмайтынын айтады /4,65/. Бұл шежірелер құрылысы, баяндау стилі, көлемі жағынан әр түрлі болып келген. Ата-бабалардың аттарын хронологиялық тәртіппен түзген сызба іспеттес қысқа түрлері де, тарихи шығарма түрінде келетін күрделі туындылар да болған /5,112/.

Бұл деректерге қарағанда, он тоғызыншы ғасырдың екінші жартысында қазақ тілінде көпшілікке (ең болмағанда сауатты оқырманға) арналған жалпы ғылым-білімнен де, кейбір ғылым салаларынан да мәлім беретін, баяндау, түсіндіру, насихаттау сипатындағы әдебиет жанрының пайда болғанын байқаймыз. Р.Сыздықова бұл жанрды жартылай ғылыми стиль немесе жартылай ғылыми мазмұнды әдебиет деп атайды /3, 227;239/.

Ал, Б.Әбілқасымов «ғылыми әдебиет» дегеннен гөрі «ғылыми-көпшілік әдебиет» деп атағанды жөн көреді. Себебі, бұл тұстағы ғылыми әдебиеттерде белгілі бір ғылым нәтижелері сөз болмайды, жалпы ғылым негіздерін, сол кездегі ғылымның қол жеткізген табыстарын қарапайым халыққа түсінікті тілмен жеткізу мақсаты көзделеді. Ғалымның көрсетуінше, Н.И.Ильминскийдің 1861 жылы Қазанда бастырып шығарған «Самоучитель русской грамоты для киргизов» деген кітабының соңында берілген мәтіндерді қазақша ғылыми-көпшілік әдебиет үлгілерінің тұңғыш нұсқасы деп санауға болады. Кітаптың соңғы 50 бетінде табиғат, география, тарих, өсімдіктер, жануарлар дүниесі және басқа да ғылым жаңалықтары туралы қысқа-қысқа

орысша-қазақша екі тілде әңгімелер, дәрігерлік кеңестер берілген /4, 40/.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы жазба (баспа) нұсқалардың ішінен ғылыми-көпшілік әдебиет үлгілерін молынан кездестіруге болады. Олар ғылым мен техника жетістіктерін баяндайтын мақалалар мен мәтіндер түрінде де, жеке кітапшалар түрінде де кездеседі. Сол сияқты жеке ғылым салаларынан жазылған материалдар бар. Сонымен қатар, әр алуан азаматтық сипаттағы оқу құралдары мен грамматика кітаптары, «Хрестоматиялар» мен «Жол бастаушы нұсқалар» («Руководства»), кейбір мұсылманша («Шариат-ул-ислам») және христиан дініне қатысты шығармалар да баршылық. Бірақ, біз бұл кезеңде ғылымның көптеген салаларының «қазақыланбағанын» ескеруіміз керек.

XIX ғасырдың екінші жартысында жарық көре бастаған ғылыми-көпшілік әдебиеттің алғашқы үлгілері мен «Түркістан уәлаяты» газеті, «Дала уәлаяты» газеті беттерінде жарияланған ғылым туралы мақалалардағы көптік жалғауы қосымшаларының көбіне лар/лер варианты ғана қолданылып отырған, мысалы: *адам-лар, шөб-лер, тіл-лер, халық-лар, сөз-лер, құрт-лар, шәкірт-лер. Екі, үч, төрт харифден тұратын сөздерді шәкіртлер...* («ДУТ» 25, 1897).

Кей жағдайда көптік жалғауының тек дар-дер варианты қолданылған: *халық-дар, оқу-дар, кітаб-дар, тоб-дар, үй-дер. Осы уақытта қырда қазақ арасында уақ кітапдар толып жатыр гарап харфіменен жазылған және уақ басқа кітапдар да бар* («ДУТ», 31, 1896).

Б.Әбілқасымов диалектолог ғалымдардың пікіріне жүгіне отырып, өз зерттеулерінде лар-лер-дің орнына дар-дер вариантының қолданылуын ауызекі тілдің әсері немесе солтүстік-шығыс облыстары қазақтарының сөйлеу тіліне тән диалектілік құбылыс деп қарастырады /4, 156/.

Әдеби тіл тарихын зерттеушілердің айтуынша, сол кездегі әдеби тіл үшін негізгі норма – көптік жалғауының лар-лер варианты болғанға ұқсайды. Бірақ бұл алғашқы ғылыми көпшілік қолды әдебиеттердің барлығына бірдей тән құбылыс емес, себебі бұл үлгілерде көптік жалғауының дар-дер варианты да, тіпті, кейбіреулерінде оның тар-тер варианты да кездеседі.

Мысалы: *Телескоппен айды қарасақ, ай үлкен болып, тағыз да айдың үстіндегі таулар, сайлар көрінеді* («Календарь», 28-б).. *біреулері Жерден үлкен, біреулері Жерден кіші, Жер секілді Күнді айналып жүретін үлкен домалақтар бар* («Календарь», 38-б). *Жарқанаттар түнде ұшып жүретін көбелектер мен қоңыздар, шыбындар, масалар мен бөтен тап болған уақ жәндіктер де болса жеп, тамақтанады* («Қазақ календары», 51-б).

Қазақ тілінде сөзге көптік мағына үстеудің басқа да жолдары бар. Мәселен, зат есім сан есіммен тіркескенде, *шақты, шамалы, жуық* тәрізді көмекші сөздер мен *көп, аз* сөздерін зат есімге тіркестіріп айту арқылы да заттың көптігін білдіруге болады. Сол сияқты зат есімдер анықталушы сөз ретінде *бар, бәрі, бүкіл, барша* секілді жалпылауыш есімдіктері мен көптік мағынаны білдіретін *бірнеше, бірталай, бірқатар*, т.с.с. сөздермен тіркесіп келгенде де көптік мағынаны білдіреді. Аталған жағдайларда зат есімге көптік аффиксі жалғанбауы тиіс. Бірақ осы ерекшелік тілдің барлық стиль жүйелерінде бірдей ескеріле бермейді. Әсіресе, мерзімді баспасөз бен ғылыми әдебиеттер стилінде бұл ережелер сақталмай, нормадан ауытқу жиірек ұшырайды. Біз тілін қарастырып отырған XIX ғасырдың екінші жартысындағы алғашқы ғылыми-көпшілік әдебиет аудармалары мен тұңғыш мерзімді баспасөз бетіндегі ғылыми аударма мақалалардан да осындай ауытқушылықтарды көптеп кездестіреміз. Мысалы: *Сол*

жылдан бері тек осыдан ең кемі екі-үш миллион адамдар өлді («Обадан қалай...»). Төрт шақырым жерде қабірлер бар, яғни, он үш бұзылмай қалған мазарлар («ДУГ», 5, 1894). Бүкіл шаһарларды һәм қалаларды тас-талқан қылып бұзуға һәм мындаған адамдардың жанын тәнінен шығаруға («ДУГ», 13,1895). Бұл мысалдардан біз аудару барысында орыс тіліндегі анықтауыш пен анықталатын сөздің қиылысу үлгісіне сүйенгендіктен кеткен қателіктерді байқаймыз, себебі орыс тілінде анықтауыш көптік формасында тұрса, анықталатын сөз де әрдайым көптік тұлғасымен түрленеді.

XIX ғасыр ортасынан бастап шыға бастаған жалпы ғылым негіздерін баяндайтын, түсіндіретін әдебиеттер мен баспасөз бетіндегі ғылыми мақалаларда етістіктің көптік жалғауымен келетін тұстары ерекше назар аудартады. Бастауыш сөзі III жақтың көпше түрінде тұрған жағдайда, оның баяндауышы (етістіктен болғанда) бастауышпен сан жағынан қиысып, көптік жалғауын қабылдайды. Мысалы: *Арақды көп ішушілер іш ауруы илан мабтулан* болалар, *кісілер* біледілер. *Арақдың ең қорқыныш зарарлы нәрсе екенлігін дұқтұрлар* һәр күн *исаб қлұб* тұралар («Арақ у яки...» 3-10-бет).

Бұл құбылысты Р.Сыздықова былайша түсіндіреді: «XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың алғашқы он жылдықтарында қазақтың жазба әдеби тілінде, әсіресе, прозалық стильдерінде етістіктің III жақтағы көпше мағынасын белгілі бір морфологиялық формамен білдіру тенденциясы болған. Бірде бұған ортақ етіс тұлғасын ұсынса, бірде өзге түркі тілдеріндегі тәсіл –лар аффиксін жалғауды жөн көреді. Осы кездегі грамматикаларда бұл норма ретінде ұсынылады. Яғни, етістіктің III жағына –лар жалғануы қазақ тілі үшін кірме құбылыс, ол, бір жағынан, кітаби тілдің әсерімен, екінші жағынан, грамматиканы суреттеген орыс ғалымдарының жаңылысуынан, үшінші жағынан, мүмкін, татар әдеби тілінің (әсіресе, Орынбор, Қазанда басылған

кітаптарда) де ықпалынан пайда болған болу керек» (5, 288-290). Алғашқы ғылыми-көпшілік әдебиеттер тілінде зат есімнің көптік категориясының берілуінде басқа да әдеби тіл нормаларынан ерекшеленетін жайттар кездеседі.

1. Қазақ тілінде мағынасы абстракциялы, яғни, дерексіз ұғымдарды білдіретін сөздер көптік мағынада қолданылып тұрса да көптік тұлғаны қажет етпейді /6, 200/. Мұндай сөздер орыс тілінде де бар. Оларды *singularia tantum* (латын тілінен аударғанда «тек қана жекеше түрде қолданылатын сөздер» дегенді білдіреді) сөздер деп атайды /7, 473/.

Орыс тілінің қалыпты грамматикасында көрсетілгендей, бұл топтағы сөздер кейде көптік жалғауын қабылдай алады, бірақ олардың лексикалық мағынасы өзгереді, мәселен, *красоты, радости, возможности*. Алғашқы ғылыми мазмұнды мәтіндерде (кітапшалар, мақалалар) орыс тілінің ықпалымен аталған зат есімдерді көптік формада қолдану фактісі ұшырайды: *Медреселерде адамның жандары қуаттанып, қандай рахаттанып кетеді* («ДУГ», 37,1892). *Қазақтар аң аулап жүреді екен, қолы бос уақыттарда* («ДУГ», 13, 1898).

2. Қазақ тілінде дараланып, санауға келмейтін әр алуан ұсақ заттардың атын білдіретін сөздер тек қана жекеше түрде қолданылады, мысалы: *май, ұн, бидай, қымыз, шойын, түтін, т.б* /6, 200/. Орыс тілінде бұндай сөздер не *singularia tantum* сөздер қатарына не *pluralia tantum* (лат., тек қана көпше түрде қолданылатын) сөздер қатарына жатады, мысалы: *сахар, нефть, железо, чернила, сливки, белла* /7,473/. Орыс тілінен аударылған ғылыми мазмұнды әдебиеттің алғашқы үлгілерінде, газет беттеріндегі ғылым жөнінде тұңғыш мақалаларда жоғарыда көрсетілген сөздерді көпше түрде жұмсау кездеседі. Бұл жағдайда көптік жалғауы сол заттың жай ғана көптігін емес, түрінің, сортының әр түрлі екендігін аңғартады, сонымен бірге көптік жалғауы өзі жалғанған зат есімдерге молшылық, қисапсыз көптік сияқты

мағыналар үстейді. Мысалы: *Мәзкөр күкірттің таза, жақсы күкірттерден көп артық* («ДУГ», 37, 1892). ... *сиыр суреттері асыл тастармен жақсы қылып ұстап тастаған* («ДУГ», 37, 1892).

3. Ғылымда белгілі ұғымдардың, құбылыстардың, заңдылықтардың қасиеттерін, ара қатынастарын зерттеу сол ұғымдарды даралау, бөлшектеу арқылы ғана емес, оларды топтау, жинақтау арқылы да жүргізіледі. Көптік мағынаны білдіретін аң, мал, құс, түр, тұқым ұғымын білдіретін *жылқы, қой, сиыр* сияқты есімдер, *арғын, қырғыз, үйсін, қазақ* тәрізді ру, тайпа, халық, ұлт атауларын білдіретін сөздердің талданып отырған материалдарда көптік тұлғада жиі кездесетінін байқаймыз. Мысалы: *Не себептен жерлердің сілкінгені пайда болады* («ДУГ», 47, 1894). Сарттар, ноғайлар *һәм гайырлары өздері қалай сөйлесе солай жазады* («ДУГ», 16, 1890).

4. Көптік жалғауын керек етпейтін адамның, жан-жануардың егіз дене мүшелерінің атын білдіретін сөздерде бұл үлгілерде көптік жалғауымен берілген: *Әсіресе, көзшелдерін емдегенде тәуіптер көз науқасының емін білемін деп...* («ДУГ», 16, 1894). ... *бұнан соң ауырған адамның құрысады* қолдары, аяқтары һәм мойындары («Афат яки холера әңгімесі», 2-б). Қазақ тілінің ерекшелігіне ден қоймаған аудармашы орыс тілінің ықпалында болған, сол тілге тән сөз тіркесінің тәсілін де калькалаған (сөзбе-сөз берген).

Қазақ тілінде жоғарыда көрсетілген сөздер көптік жалғауын қабылдамай, тек қана жекеше түрде жұмсалады.

Қазан төңкерісіне дейінгі зерттеушілердің айтуы бойынша, қазақ тілінде көптік форма орыс тілімен салыстырғанда сирек қолданылады /1,26/. Түрколог ғалымдар көптік жалғауының мұндай қолданылу ерекшеліктері тек қана қазақ тілі емес, басқа да түркі тілдеріне тән деп тұжырымдайды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. П.М.Мелиоранский. Грамматика казах-киргизского языка. II часть. Синтаксис. СПб., 1897.
2. С.К.Кенесбаев, А.И.Искаков, Г.Т.Мусабаев, Р.Сыздыкова. О нормах казахского литературного языка // Вопросы развития литературных языков народов СССР. А., 1964.
3. Р.Сыздыкова. Қазақ әдеби тілінің тарихы (XVIII–XIX ғ.ғ.). А., «Ана тілі», 1993.
4. Б.Әбілқасымов. XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдеби тілі (Баспа нұсқалар негізінде). А., «Ғылым», 1982.
5. Р.Сыздықова. Абай шығармаларының тілі. А., «Ғылым», 1968.
6. А.Ысқақов. Қазіргі қазақ тілі. А., «Ана тілі», 1991.
7. Русская грамматика. Морфология. М., 1980.



Майра ЖАҒЫШАРОВА,
Қазақстан-Британ техникалық университетінің
гуманитарлық пәндер кафедрасының ассистенті.

ШЕШЕНДІК ӨНЕР ТУРАЛЫ БЕРІЛЕТІН МАҒЛҰМАТТАРДЫ ОҚЫТУ ТӘСІЛДЕРІ

Шешендік өнер – қазақ халқының әдеби мұрасының көркем бөлігі болумен бірге, ол ұлттық мінез, ой-сананы танытудың да тиімді бір көзі. Сондықтан, синтаксистік құрылымы күрделі бола тұра, олар орыс тілді аудиторияның

оқу бағдарламаларына енгізілген. Осы тұрғыдан студенттерге шешендік өнерді оқыту жолдарын қарастыру өзекті мәселе болып табылады.

Шешендік өнер жоғарғы оқу орындары студенттеріне бірнеше сағат бойында оқытылады. Соның бірінші кіріспе сағатын төмендегідей тәртіпте ұсынуға болады.

Сабақтың тақырыбы: Шешендік өнер.

Сабақтың мақсаты: Қазақ халқының шешендік өнері туралы түсінік қалыптастыру. Шешендік өнер – бүкіладамзаттық ортақ құндылық екенін ұғындыра отырып, қазақ шешендік өнерінің ерекшеліктерін аңғарту. Шешендік өнердің мағыналық және синтаксистік ерекшеліктері туралы ұғым беру.

Сабақта қолданылатын мәтіндер:

1. Әлем елдері ғұламаларының шешендік өнер туралы айтқан нақылдары.

2. Ш.Уәлиханов, А.Байтұрсыновтың шешендік сөздер туралы айтқандары.

3. Шешендік өнер туралы Бұқар жыраудың толғауы.

4. Төле бидің айтқаны.

5. Халықтық толғау.

6. Халықтық мақал-мәтелдер.

Сабақтың барысы:

1. Әлем елдері ғұламаларының шешендік өнер туралы айтқан сөздерін ұсынып, мағына-мәнін студенттердің өздеріне айтқызу.

а) Барлық заманда «тіл байлығы» мен «шешендік өнер» қатар жүріп келеді. А.П. Чехов.

ә) Шешендіктің түп мақсаты – адамдарды иландыру. Ф.Честерфильд.

б) Шешеннің ең ұлы қасиеті – қажет нәрсені ғана айту емес, сонымен бірге қажеті жоқ нәрсені айтпау. Цицерон.

2. Ш.Уәлиханов, А.Байтұрсыновтың шешендік сөздер,

шешендер туралы пікірлерін оқу, оның мәнін түсіндіру.

Ш. Уәлихановтың: «Би атағын беру қазақта халық тарапынан бір сайлау арқылы немесе халықты билеп отырған өкімет тарапынан бекіту арқылы болған емес, тек сот гұрыптарына әбден жетік, сонымен қатар тілге шешен қазақтар ғана бұл құрметті атаққа өз бетімен ие болған. Би атағын алу үшін би болам деген қазақ өзінің заң ісіне жетіктігі және шешендік қабілеті бар екендігін халық алдында сан рет көрсетуге тиіс болған. Ондай адамдардың атағы бүкіл қазақ даласына тез жайылып, олардың аты жұрттың бәріне мәлім болып отырған», – деген сөздерінен би – халықтың көкейіндегісін айтқан, жарыққа шығарған әділет жоқшысы екенін танимыз.

Кезінде Ахмет Байтұрсынов: «Әділ билердің қолындағы билік қазақтың неше түрлі дертін жазатын жақсы дәрі еді», – деді. Демек, бұл қастерлі мұра – шешендікпен айтылған билер сөзі ұмытылмайды, қай кезде болса да халық жадында.

Бұл жұмыстарда сөйлеу әрекетінің оқылым түрі басым қолданылады. Студенттер оқып – жаттыққан соң, айтылымға көшеді. Яғни, олардың мағына-мәнін өз сөздерімен жеткізеді.

Ендігі әрекетте айтылым алға шығады, бірақ мұнда алдымен оқылып орындалады.

Қазақ тілінің шешен тіл екені туралы пікірлер ұсынылады. Студенттер оларды көшіріп жазып алады.

3. Орыстың зерттеуші ғалымдары П.М.Мелиоранский мен В.В.Радловтың айтқан төмендегі ой-тұжырымдарын, өз ой-пікірлері арқылы тілімізге берілген бағаны көшіртіп жаздыртамыз.

а) «Қазақ тілін зерттеушілеріміздің барлығы да бір ауыздан ең бай, ең таза түркі тілдерінің бірі деп таниды. Қазақтар – шешен әрі әдемі сөйлеудің үлкен шебері...» .

(П.М. Мелиоранский).

ә) «Қазақтардың тілі әуезді де әсем, шебер де шешен. Әсіресе, сөз сайысына келгенде олардың алғырлығы мен өткірлігі, тауып сөйлейтін тапқырлығы таң қалдырады. Олар мақалдап сөйлейді, жай сөзінің өзі өлең боп құйылып жатады. (В.В. Радлов).

4. Одан әрі халықтық тілдің шешендігін мақал-мәтелдер арқылы ұғындыру жүргізіледі.

1. Шешен сөз бастар, батыр қол бастар.
2. Шешендік күші – шындық.
3. Шешеннің тілі – шебердің бізі.
4. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні.
5. Сөз – шынға тоқтайды, су – шымға тоқтайды, пышақ – қынға тоқтайды.
6. Көп ішінде сөйлеген – көсемдіктің белгісі.
7. Көпке сөзі ұнаған – шешендіктің белгісі.
8. Ер жігіттің екі сөйлегені – өлгені,
Емен ағаштың иілгені – сынғаны.
9. Бал тамған тілден, у да тамар.

5. Енді тыңдалым әрекетіне жүгінеміз. Дыбыстың жазба құралы арқылы қазақ шешендері туралы толғау тыңдалады. Студенттердің одан түсінгендерін өз беттерінше айтып шығуы ұйымдастырылады.

Мәтінмен жұмыс:

Атақты қазақ үш биі,
Бірінші әзиз Төле еді.
Дүниеде сөзі кен еді,
Мың ауыз сөзге татитын
Бір ауыз сөзі ем еді.
Бұзылмайтын сөз айтқан
Шешеннен шешен демегі
Және әзиз киелі.
Дарып кеткен деуші еді
Қазыбектің жағына,

Күніне екі адамның
Қара тілі тағы да,
Қаз дауысты демегі,
Көзі көріп, жан естіп,
Үш жүз алпыс тамыры
Қара бастай болса да,
Босатқан буын-жүйені.
Онан да өткен Әйтеке,
Қудан ұшқыр құланның,
Мұндай шешен болмайды.
Бір сөзін жүз мақалдап,
Сипаттап қандай тіркейді.

1-тапсырма. Мәтінге ат қойыңыз.

2-тапсырма. Асты сызылған сөздерге түсініктеме беріңіз.

3-тапсырма. Мәтін бойынша бірнеше сұрақ дайындаңыз.

6. Төле бидің шешендік толғауы шешендік өнердің үлгі мәтіні ретінде экранға (слайд арқылы) көрсетіледі.

Студенттер толғауды мәнерлеп оқиды.

- Ал, енді, дыбыстық жазбадан жыршылардың осы толғауды жырлаған үлгісін тыңдайық. Мұғалім оқушылардың өз оқулары мен көркем оқуларын салыстырып, шешендік толғаудың мақамды болатыны туралы түсінік алады.

– Тату болса, ағайын жақын,
Ақылшы болса, апайың жақын.
Бауырмал болса, інің жақын,
Инабатты болса, келінің жақын.
Алдыңа тартқан адал асын,
Қимас жақын – қарындасың.
Сыбайлас болса, нағашың жақын,
Адал болса, досың жақын.
Еркелейтін немерең жақын,
Өз ұрпағың – шөберең жақын.

Жан серігің жас кезіңнен,
 Бәрінен де әйелің жақын...
 Алтын ұяң – Отаның қымбат,
 Құт берекең – атаң қымбат,
 Мейірімді – анаң қымбат,
 Асқар тауың – әкең қымбат,
 Туып-өскен елің қымбат,
 Кіндік кескен жерің қымбат,
 Ұят пен ар қымбат,
 Өзің сүйген жар қымбат...
 Арадан шыққан жау қиын,
 Таусылмайтын дау қиын,
 Шанышқылаған сөз қиын.
 Дәл осындай жағдайда
 Пана болмас өз үйің.
 Жазылмаса дерт қиын,
 Ақылыңнан адасып,
 Өзің түскен өрт қиын,
 Тентек болса ер қиын,
 Не істеріңді біле алмай,
 Ашиды сонда бас, миың.

1-тапсырма. Өлең мәтінін мәнерлеп оқыңыз.

2-тапсырма. Кім жақын? Не қымбат? Не қиын? – деген сұрақтардың қатарынан қойылған үш сұраққа жауап берген бидің есімің атаңыздар?

3-тапсырма. Берілген кестені толтырыңыз.

алыс	арзан	жеңіл

7. Жаңа материалды меңгеріп болған соң, оқытушымен студенттермен бірлескен ынтымақтастықта қорытынды пікірлер тұжырымдайды.

Шешендік сөздерге тән ерекшеліктер:

Біріншіден, қазақ шешендерінің сөздері жазбаша емес,

ауызша айтылып дүниеге келеді де, одан кейін бірден-бірге жатталып, ұрпақтан-ұрпаққа жетеді.

Екіншіден, айтыла келе бастапқы нұсқа өзгертіліп отыруы мүмкін.

Үшіншіден, шешендік сөздер кейінгі айтушылар тарапынан қажетіне қарай өзгеріп қолданылып отырған.

Шешендік сөз ақындар айтысы сияқты сөз тартысы дау үстінде, ел тағдыры талқыланған ұлы жиын кеңес кезінде, оңаша ой толғау не сұхбат, әңгіме-дүкен барысында арнау, сәлем, өсиет түрінде де өмірге келген. Шешендік сөздер көбінесе түсінік сөзден басталады. Түсінік сөзде айтылмыш шешендік сөздің немен байланысты, қандай жағдайда туғандығы мен кім айтқандығы баяндалады.

Шешендік сөздің, айтылар ойдың негізі – мазмұн. Сөз нақтылы, нені айтса да сендіретіндей, иландырып қарсыласын мойындататындай дәлелді айтылған.

Жазба әдебиетіміз дамыған кейінгі дәуірде шешендік сөздер саптан шыққан жоқ. Заманға сай жаңа мазмұн, жарасымды түр тапқан шешендік сөз нұсқалары көбейді.

Шешендік сөздер мән-мағынасының тереңдігімен ғана емес, сондай-ақ тақырыбының кеңдігімен де ерекшеленеді.

Шешендер сөзі – халқымыздың тілдік қазынасы. Ол көркем әдебиетіміздің қалыптасып, дамуына белгілі дәрежеде үлес қосқан ақын-жыраулардың арнау, толғау сөздеріне ұқсас болып келеді.

8. Сабақтың екінші бөлімі – СӨЖ. Студенттердің өздік жұмысы екі кезеңге жоспарланады. Бірінші кезеңде – аудиторияда өз бетінше орындалатын СӨЖ, екіншісінде – аудиториядан тыс СӨЖ ұйымдастырылады.

Бірінші кезеңде студенттерге мына мәтіндер ұсынылады.

Оқытушы экранға (слайд арқылы) Бұқар жырау туралы және оның шешендігі жайында айтқанын түсіреді. Студенттер оны оқып, өзара топтарға бірігіп, әр топ өз

жауабын дайындайды. Студенттер жауаптарын жазбаша дайындауы да мүмкін.

Жауап үшін бағдар сұрақтар:

- 1) Бұқар жырау кім?
- 2) Бұқар өз өлеңінде ең қиыны не деп айтқан?
- 3) Не себептен сөз бастау қиын деп ойлайсың?

Қалқаманұлы, Бұқар жырау (1668—1781) – қазақтың ұлы жырауы, XVIII ғ. жоңғар басқыншыларына қарсы қазақтың азаттық соғысын бастаушысы әрі ұйымдастырушысы атақты Абылай ханның ақылшысы. Шыққан тегі Арғын тайпасының қаржас руынан. Заманындағы сыншылар оны «көмекей әулие» деген. Сөйлегенде көмекейі бүлкілдеп, аузынан тек өлең – сөз төгіледі екен.

Шешендік өнердің қиындығы туралы Бұқар жырау:

...Көш бастау қиын емес –

Қонатын жерде су бар.

Қол бастау қиын емес –

Шабатын жерде жау бар.

Шаршы топта сөз бастау қиын –

Шешімін таппас дау бар, –

деп дұрыс аңғартады.

Нағыз шешен үшін сөзге шебер болу жеткіліксіз. Табанда тауып сөйлейтін тапқыр, топ алдында тайсалмай, мүдірмей сөз бастайтын батыл, сөз сайысында саспайтын сабырлы болуы қажет.

9. Екінші СӨЖ: Экраннан мына мәтінді оқып, өз сөздерімен айтып әңгімелейді. Мұндай айтылым әрекетінің орындалуына баса көңіл бөлінеді.

Мәтінмен жұмыс.

Алдына сәлем бере және елді ынтымақтандыру жөнінде келген Төлеге Әнет баба садақтың алты оғын біртіндеп сындырып, екі бүктеп, он екі шыбық етіп ортасынан буып:

– Міне, енді сындырып көрші, – дейді. Төле бірден бір буда шыбықты қалай сындырсын?! Шыбықтарды Әнет бабаға қайтарып:

– Айып етпеңіз, бұл жұмбағыңызды түсінбедім, Әнет баба, – дейді. Сонда Әнет баба мынандай өсиет айтыпты:

– Төлежан, ешқашанда өзімшіл болма, көптің айтқанын тыңда. Көптің айтқанын тыңдамасаң, көп те сенің айтқаныңды орындамайды. Көп болсаңдар, өзара ынтымақта боласыңдар, сендердің белдеріңді де ешкім сындыра алмайды. Ал, әрқайсың жеке-дара болып, ынтымақтарың жараспайтын болса, мына жеке шыбықтарды сындырған секілді әркім-ақ бірліктеріңді бұзып, берекелеріңді кетіреді.

1-тапсырма. Мәтінге ат қойыңыз.

2-тапсырма. Асты сызылған сөздерге түсініктеме беріңіз.

3-тапсырма. Мәтін бойынша бірнеше сұрақ дайындаңыз.

4-тапсырма. Ел жұртының бірлігі мен тірлігін көкसेген Төле, Қазыбек, Әйтеке бастаған билердің алатын орны туралы, олардың артында қалған шешендік сөздеріне байланысты материалдар жинаңыз.

10. Сабақ қорытылып, жаңа материалдың меңгерілуі және СӨЖ-дің бірінші кезеңі бағаланады.

Бағалау критерийлері:

Айтылым: айтылған ой-пікірлерді жинақтап, ой елегінен өткізіп, өз пікірін еркін жеткізе білу.

Тыңдалым: тыңдаған материалдары мен топ студенттерінің сөйлеген сөздерін түсініп, бағалай білу және өзіндік пікірлерімен толықтыру. Айтылған тұжырымдарды таразылай білу.

Оқылым: берілген тапсырмаларды түсініп оқу арқылы пікір айтуға жаттығу, мәтіндер мен берілген шығармаларды нақыштап, мәнерлеп оқи білу. Орфоэпиялық заңдылықтарды сақтау.

Жазылым: ой-тұжырымдарды жинақтап, өз сөзімен әдеби

тілде сауатты жаза білу.

Тілдесім: тақырып төңірегінде пікірталасқа қатысу, ойын жүйелі жеткізе білу. Өз пікірін нақты, дәл тұжырымдармен дәлелдей білу. Ойын жинақы, түсінікті жеткізе білу. Көршісінің пікірін қосшап немесе толықтыра білу. Шығармашылық қабілетін ұтымды пайдалана білу.

СӨЖ-дің екінші кезеңі. Студенттерге өз бетінше аудиториядан тыс орындау үшін мынадай тапсырмалар беріледі:

а) Шешендік өнерге байланысты пікір тұжырымдарды жинау.

ә) «Сөз мәдениеті», «сөз әдебі», «сөз сапасы» туралы анықтама жазу.

б) «Жұрт алдында сөйлеуде ескерілетін басты қағидалар» туралы жазып келу.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Даналардан шыққан сөз», нақылдар жинағы, А., «Мектеп», 1997.
2. «Қазақтың мақал-мәтелдері». А., «Көшпенділер», 2003.
3. Ж.Дәулетбекова. Қазақ тілі. Барлық мамандықтардың жалғастырушы деңгейіне арналған оқу құралы. ҚБТУ, 2007.



ШЕШЕНДІК СӨЗ

Орысшаға көшсек бақыт тосардай,
Қиялданып тіліне жан жылыттық.
Екі сөздің жүрміз басын қоса алмай,
Шешендіктің әліппесін ұмыттық...

Ғалима АЛТЫНБАЕВА,
Тараз қаласындағы
№40 гимназияның
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ЭТНОПЕДАГОГИКАНЫ ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТІЛГЕ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

“Этнопедагогика пәні – халықтың бала тәрбиесі туралы тәжірибесі, тұрмыстық педагогика, отбасының педагогикасы, ұлттық педагогикасы” - деп Г.Н.Волков анықтама береді.

Білім мен тәрбие егіз. Олай болса, бүгінгі мектепте жасөспірімдерге білім беру – ұлттық міндетіміз. Оның қайнар бұлағы – этнопедагогикада.

Этнопедагогиканың негізгі мақсаты өзінің бай тарихи тәжірибесіне сүйене отырып, келер ұрпақты еңбекке, өнер-білім машықтарын меңгеруге, үйінің, ауыл-аймақтың, өзінің ар-намысын қорғауға баулып, ізгі адамгершілік қасиеттерді бойына қалыптастыру, тілін ұстарту, ойлау қабілетін дамыту.

Қазіргі кезеңдегі саяси және экономикалық жағдайдың тұрақсыздығы мен шиеленісуі, тұрмыстағы күйзеліс, ұлтаралық қатынастардың өршуі, адамгершілік идеялардың кемуі білімге, адал еңбекке деген ұмтылудың азаюы, зорлық-зомбылық пен қатыгездікті насихаттаудың белең алуы, жеке адамның қоғамнан, ұлттық және мәдени дәстүрлерден өзін шектеуі жастарға теріс ықпалын тигізуде.

Бұл мәселеге “орыс мектебіндегі қазақ тілінің қатысы қанша?” деген сауалдың қойылуы әбден мүмкін.

Халық зердесіне терең үңілсек, ұрпақ тәрбиесі қай елдің, қай кезеңнің болсын толғақты мәселесі болып келеді. Бұл көкейкесті мәселе ғасырлар бойы тек халықтың өткен тәжірибесіне сүйенгенде ғана сәтті шешімін тауып отырған. Ол – халықтың кәсібімен, салт-дәстүрімен, тілімен, тарихымен, өнерімен біте қайнасып, тарихи кезеңдер ерекшелігіне, қоғамдық даму сатыларына қарай жетіліп, ұрпақтан ұрпаққа ауысып отыратын қастерлі мұра.

Халық мұрасының танымдылық-тәрбиелік мәні – ұлан-ғайыр дүние. Ол, тұтастай алғанда, жас ұрпақ үшін ғана емес, адам өмірінің барлық кезеңінде мәнді. Оның ішінде тікелей бала тәрбиесіне бағытталған, баланың жан дүниесінің қалыптасуына, рухани марқаюына негіз болатын дәстүрлер көп-ақ. Қазақ халқының да бала тәрбиесі жөнінде атам заманнан жиып-терген мол тәжірибесі бар.

Халық өз бойындағы ең жақсы қасиеттерін жеткіншек ұрпаққа күнделікті тұрмыста үйретіп, бала бойына сіңіріп отырған.

Халықтың тіліне, салтына, дәстүріне оқушылар қызығушылығын арттыру үшін этнопедагогиканы жұмысымызға негіз етіп алуды жөн көрдім.

Педагогикалық жұмысымыздың мақсаты: “Сабақта және сабақтан тыс іс-шараларда этнопедагогиканы пайдаланып, оқушылардың тілге қызығушылықтарын арттыру”.

Оқыту кезеңіндегі мынадай проблемалық ізденістерді анықтап алдым:

1. Оқушыларға материалды көргені мен жазғанын, оқығанын тұрақты есте сақтай біле алатын негізде қысқа, нақты етіп жеткізу.

2. Айту мен есту тұсындағы меңгерген білімнің кеңеюі не ізденіс жолдарын ашу, талдау, жинақтау, әңгіме құрастыра

білуге бағыттау.

3. Көрнекілік тәсілдерін ұлттық дәстүрде ұғындыра отырып пайдалану.

4. Оқушылардың ұғып, ойында сақтауын көздеу.

5. Оқушыларды өздігінен ізденуге дағдыландыру, мәнерлеп оқу қабілетін арттыру.

6. Грамматикадан алған білімдерін практикалық жүйелеу, сөз қорын дамыту.

Сабағымды және сабақтан тыс іс-шараларды жүргізу кезінде оқушылардың қазақ тілінде сөйлеу, білік дағдыларын қалыптастыру, тілдік білім жүйесін қазақ халқының, рухани және материалдық мәдениеті, тұрмысын таныту негізінде тілге қызығушылығын арттыруды көздеймін.

Оқулық тақырыптары бойынша өтілген жаңа сабақты оқушының өзі жеткізе алатын дәрежеде болуы қажет, “кім тез аударды?”, “кім көп біледі?” ойындарын пайдалану арқылы өткізіп отырамын. “Орамал тастау” ойыны арқылы өткенді қайталау тезірек әрі қызықты өтеді. Кеспе қағаздарын ұлттық тұрғыда пайдалану, олардың ерекшелігін түсіндіре отырып өткізгеннің пайдасы мол. “Киіз үй”, “Салт аттылар” көрнекіліктерінің ұлттық ерекшелікке негізделіп алынуының әсері мол. Әрине, алғашқыда оқушылардың қалыптасуы көп уақытты алуы мүмкін. Қалыптасқан соң оқытушыға үй тапсырмасын тексеру, білімін бағалаудағы пайдасы көп болмақ.

“Ажыратып ал” ойынына нақыл сөздерді көп пайдаланып, оқушылардың сауаттылығына да көңіл бөлуге болады. Мысалы, -ма,-ме,-ба,-бе,-па,-пе шылауларының сөйлемдегі ерекшелігін анықтау.

1. Бос жүріп, босқа уақыт жіберме.

2. Көңілмен ашқан есікті қатты жаппа.

3. Тәрбиесіз бала білім ұғар ма? –

Олай болса уысыңнан шығарма. /Ж.Баласағұн/.

4. Сөз тоспай сөйлеме.

5. Құстың ұясын, илеуін бұзба.

6. Есік керме, босағаны баспа.

Тіл – сатылмайтын байлық (Оқушылардың ана тілдері жайлы ойларын қазақша айтуын талап етемін). Қазақ тілін ана /орыс тілі/ тілімен салыстыра білуге үйретуге тырысамын.

Сабақ барысында плакатқа жазылған әрбір сөзді мәнеріне жеткізе, мағынасына қарай оқи білуін талап етемін.

Қазақ тіліндегі: құлыным, ботам, аяулым, ботақаным, елігім, қарашығым, жаным, бақытым, бағым, жарық дүнием, өмірімнің жалғасы, қошақаным, сүйкімдім, алтыным, жарқыным сияқты сөздердің қаншама сүйіспеншілік, мейірімділік, жылылық әкелетін сөздер екенін өздері оқып отырып түсінуіне қол жеткізуді мақсат етіп қоямын.

“Тұсау кесу”/ “Жүйрік”/ ойынын пайдаланамын. Қойылған сұраққа қос аяқтап секіріп жүріп жауап беру. Дұрыс жауап берсе тұсауы кесіліп, жүйрік атанады.

“Қыдыр баба” суреті арқылы жақсылыққа, ғажайып оқиғаға сене білу сияқты балалық пәк сезімдерін оята білуге көп көмегін тигізеді. Әңгіме құру, өлеңді мәнерлеп оқу кезінде көбірек пайдаланамын.

“Тайқазан” – байлық, молшылық, ас-ауқат, берекеге байланысты тақырыптарда алынатын ойынның түрі.

Этнопедагогика дегеніміз – қанша заман өтсе де тот баспайтын, адалдығы айнадай, ең үлкен тақырып, ұлттық қазына, шексіз дүние.

Сабаққа ойындарды там-тұмдап кіргізіп, баланың қызығушылығын арттыруға тырыстым. Бұл кезеңде ізденіс, талпыныс жасап, көмек көрсететін талапкерлер де пайда болады. Балалардың батыр тұлғалар жайлы көзқарасы өзгереді.

Ана тілдерімен салыстыра отырып, қазақ тілінің ерекшелігін анықтауға көздері жетеді.

Туған жеріміз – Қазақстан.

Туған жерінді, ол жердің тілін, дәстүрін, тарихын білуі керек екенін оқушының өзінің түсінуіне жағдай жасауға тырысамын.

Мысалы: “бесік жыры” деп атап, әндерді сабақтың ортасында орыс, қазақ тілдерінде айтқызамын. Алғашында өзім түсініктеме берсем, кейін аз ғана уақыт оқушыларды сөйлетіп, ойларын тыңдаймын.

“Асық ойнау” ойынын оқушының білімін сараптау үшін де сабақ үстінде пайдалануға болады. Тек асықпен емес, кеспе қағазы түрінде жасалған асықтарды да пайдалануға болады.

Оқушы асықтың иірілуінен кейінгі қалпын /шік түсу, бүк түсу, айзы /алшы/ тұрды, тәйкі тұрды/ атап көрсетіп өтеді.

“Білім мен дәстүр сыны” атты ойынды да кіргізуге болады. Тақташаға нөмірленген асықтар ілінген. Ұл балалар мен қыздарға арналған сұрақтар бөлініп қойылған. Етістік, септіктерді өткенде сабақта пайдаланамын.

Этнопедагогиканы оқытуды сабақтан тыс іс-шараларда көрсетілетін тұрмыс –салт дәстүрлерімен шектесек, онда мұнымыз өте жұтаң, көңіл жұбату әрекеті болып, берер қорытындысы аз болары анық.

5-сыныпта алған оқушыларым биылғы оқу жылында 8-сыныпқа өтті. Сыныпқа кейіннен келген оқушылардың алып кетуі аздап қиындық туғызып, қосымша жұмыстарды жүргізуді қажет етеді.

Сабақты бекіту, қорытындылау кезінде “Шатаспа” сұрақтар қойылады. Материал бойынша және дәстүрге байланысты сұрақтар қойылады. Тез, қатесіз, дұрыс жауап берулері керек. Мысалы: “Жеті атаңды ата?” сұрағының қатесіз айтылуын, қалыптасқаннан кейін оқушылар өздері

тексеріп отырады.

Сабақта және сабақтан тыс іс-шараларды өткізуде оларға ұлттық сипат, бояу беруге назар аудару.

Мысалы: “Қазақшаңыз қалай?” байқауына қазақ халқының дәстүрлерін кіргізу. “Ақсақалдар алқасы дайындаған сұрақтарға жауап беру.” Қыз,келін, бала, ана, әке тәрбиесіне көңіл бөліп өткізу бағдарламаға кіргізіліп отырады. Соңғы оқу жылында сыныптың ерекше көріністерін мектеп бойынша көрсету дағдыға айналған. “Әдейіліп айтқам жоқ” ойын-сауық отауы да оқушылардың тілге қызығушылығын арттырып отыр.

Ойын-сауық отауын жүргізушіден басқа әр көрініске сын айтып отыратын “Ақсақал ақылы” бөлімі бар.

Қазақтың тәлім-тәрбие тарихы -әлемде теңдесі жоқ даналық, қасиетті мектеп десек артық бағалағандық болмас. Ақсақалдар ақылы, сөзге тоқтау, сыйлау, олардың айтқанын иек қаққызбай орындау – инабаттылықтың сымбатты көрінісі.

Өтілген іс-шаралардың оқушы бойына берер пайдалы жақтары шексіз екені бәрімізге мәлім. Бүгінде жас жеткіншектерді ата мұрасымен ғана тәрбиелеу керек дегеннен аулақпын. Халықтық дәстүрдің пайдалы, мақсатты жағын оқушы өзі ұғына, түсіне білуі қажет.

Мақал, жаңылтпаш, жұмбақтарды шешу, тез айта білу, қажет жерінде пайдалану оқушылардың сөздік қорын, тілін дамытып, шұрайлы сөйлей білуге қалыптастырады.

Оқушыларды қызықтыру, сонымен қатар ұлттық дәстүр, салтқа көңіл бөлу, жақсы жақтарын көмек етіп алу, басқа ұлттық дәстүрде емес, пайдасы мол, өмірге қажеттігі орасан зор деген тұжырымға әкеліп жеткізу үшін үзіліссіз, күнделікті әдістерді пайдалана отырып-ақ санасына құюды мақсат етіп отырмын. Орта буындағы сыныптарда алған бағытымның әкелген қорытындысы аз емес.

Халқымыздың ғасырлар бойы жинақтаған бай тәжірибесін үлгі-өнеге ете отырып, жастарды жан-жақты дамыған, білімді, саналы, абзал азамат етіп тәрбиелеу міндетіміз деп ойлаймын.



Айнұр БӘКІРОВА,
Қарағанды қаласындағы
№9 гимназияның
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ЖАЛПЫ БАҒЫТТАЛҒАН МӘТІНДЕРМЕН ЖҰМЫС ТҮРЛЕРІ

Бүкіл дүниежүзілік даму концепцияларының 1960-1970-жылдар аралығында пайда болуына ғалымдардың планетарлық мәселелердің асқынуына көпшіліктің көңілін аударуға талпыныстары себеп болды.

Зерттеу барысында әлемдік қоғамдастықты қамтып алған ауқымды мәселелер анықталды. Бұл – әлеуметтік, экономикалық, саяси және экологиялық мәселелер.

Экологияның бұл күндері қамтып отырған мәселелерінің ауқымы о бастағыдан әлдеқайда кең, көтеріп отырған жүгі тым ауыр. Республикамыздың бірегей экологиялық мәселелері мынадай:

- Ауылшаруашылық жұмысы дұрыс жүргізілмегендіктен жердің, оның (табиғаттың) топырағының азып, тозғаны.
- Арал теңізі 60 жылдары кемерінен асып шалқыған қайран теңіз жыл сайын тартыла-тартыла құрдымға

айналғаны.

- Мұнай, газды алған кезде ауаға улы газдар тарайтыны.
- Әр түрлі қалдықтар: қаңылтыр қалбырлар мен шишалардың суды ластауы, шіріген заттардың ауаны, топырақты бұзуы.
- Өнеркәсіп орындарынан шыққан қалдықтарды өзен, көлге ағызып, таза суды ластауы.
- Протон зымырандарын ұшыру кезінде ауаға тарайтын сәулелердің зиян келтіруі.

Табиғатты бүлдіретін өзіміз, адамдар екенбіз.

Баланы жас кезінен өзі өсіп-өнетін ортасын, қоршаған табиғатты бағалай білуге және оларға дұрыс қарауға үйретудің маңызы зор. Ол үшін сабақ алдына мынадай мақсат-міндеттер қоюға болады:

1. Адам және табиғаттың байланысын ашу.
2. Табиғатты күштемеу. Күштемеу деген – табиғатта тіршілік жасап тұрған ағаш, көбелек немесе елеусіз бұлақ болсын, ешбіріне зиян келтірмеу керек дегенді білдіреді.
3. Табиғаттағы өзара байланыстылықты сапалы түрде түсінетін, саналы азамат қалыптастыруға ықпал ету.
4. Табиғатта бар тірі атаулының бәрін бағалау қабілеттерін қалыптастыруға ықпал ету.
5. Парасатты мінез-құлық сияқты адамдық қасиеттерді қалыптастыруға ықпал ету.
6. Қоршаған ортаны қорғау қабілеттерін қалыптастыруға ықпал ету.
7. Табиғатты сүйетін, жауапкершілігі дамыған тұлға қалыптастыруға жағдай жасау.

Жан дүниесінде тыныштық пен бейбітшілік орнаған адамдарда бір нәрсені бүлдіруге бағыт алушылық аз болады. Жалпы адамзаттық құндылықтарға негізделген білім беру жүйесі адам мен қоршаған әлем арасында үйлесімділік жасайтын болады. Оны оқып үйрену, өмірге енгізу- бүгінгі

өмірдің негізгі мәселесі.

Экология мәселесіне арнап «Қазақстан- ортақ үйіміз», «Қазақстан табиғаты», «Невада – Семей», «Арал теңізі», «Жер құнары – өмір нәрі», «Көлдер тарихы», «Мұнай және газ-Қазақстан экономикасының тірегі» сияқты мәтіндер бағдарламалық материалға енгізілген.

Бұл мәтіндер екі түрлі бағытта беріледі. Бір жағынан, біз оқушыларға интеллектуалды ақпарат береміз, екінші жағынан, ақпарат беру үрдісінде сөздік қорын молайтамыз. Бұл екі бағыттағы жоспар бір-бірімен тығыз байланысты. Себебі, бұл оқыту барысында оқушылар сөйлеу жағдаятына келеді. Сонымен қатар, оларда коммуникативті қажеттілік туады.

Жалпы мәтін бойынша жұмыс мәтін алдындағы, мәтін ішіндегі, мәтіннен кейінгі жұмыс ретінде келеді.

Мәтін алдындағы жұмыс – кіріспе тұрғысында, яғни, оқушылардың мәтін мазмұнын игеруге дайындығы түрінде құрылады. Осы мақсатта мәтінді оқу мынандай әдістемелік тәсіл арқылы жүргізіледі: қысқаша кіріспе сөз, әңгіме сұрақтарын жазу, сөздік жұмысы. Оқушылардың тілін дамытуда сөздік жұмысының маңызы өте зор. Сөздік жұмысын әр сабақта өткізілетін тапсырмаларға байланысты жүргізіп отыру керек. Сөздікпен жұмыс істегенде әрдайым қазақ тіліне тән дыбыстар қатысқан сөздерге мән берген тиімдірек. Жаңа сөздерді сөздік дәптерлеріне жазғызу хормен және жеке-жеке оқыту. Оқушыларға осы тақырыпта диалог құруға тапсырма беріледі.

Үйреткен жаңа сөздерді оқушылар ұмытып қалмау үшін мынадай жұмыс түрлері орындалады:

1. Жаңа сөздерді оқыту.
2. Қиын сөздерді хормен оқыту немесе интерактивтік тақтаға жазып, қайталап тыңдату.
3. Жаңа сөзді сөз тіркесі, сөйлем ішінде оқыту.

4. Ауызша сұрақ-жауапты қолдану.

5. Сол сөздерді қолданып, сурет бойынша сөйлем құрату.

Сурет бойынша жұмыс жасағанда әр оқушы өзінің ойын білдіреді.

6. Заттың өзін немесе суретін көрсетіп, аттарын атау.

7. Жаттығулар орындату. Бұл жағдайда лексикалық, грамматикалық, фонетикалық жаттығулардың орыны ерекше. Жаңа сөздің қайталанып келуіне жаттығулар зор әсерін тигізеді. Сонымен бірге оқушыларға міндетті түрде сөздерді бір-бірімен байланыстыратын қосымшаларды, сөздердің сөйлемде бір-бірімен тіркесу жолдарын, сөздердің сөйлемдегі орын тәртібін жақсы меңгерту қажет. Сонда ғана ол өз ойын біреуге жеткізеді немесе біреудің айтқанын еркін түсіне алатын дәрежеге жетеді.

8. Таратпалы қима қағаз бойынша өзіндік жұмыс орындау. Әр жаңа сабақта оқушы бірнеше жаңа сөздер үйренеді. Жаңа сөздерді кестеге жазған дұрыс болады, себебі олар жаңа сөздің аудармасымен ғана танысып қоймайды, сонымен қатар сол сөздің синоним, антоним, омонимдерін тауып жазады. Мысалы, антонимдер: ақ-қара, таң-кеш, күн-түн, биік-аласа.

Синонимдер: сұлу- әдемі, көркем, сымбатты.

Омонимдер: түс- полдень, цвет, сон, слезь.

Барлық мәтін алдындағы жұмыс кездесетін қиындықтарды жеңілдетуге арналады.

Мәтін ішіндегі жұмыс – мәтіннің мазмұнын түсіну барысындағы жұмыс және тілдік материал мен мағынаны меңгерту үшін жүргізіледі. Мәтіннің мазмұнын түсінбейінше, оны еске сақтау мүмкін емес, сондықтан оның мағынасын түсіну үшін жаттығу жұмыстары енгізіледі:

1. Оқытушының мәтінді мәнерлеп оқуы;
2. Сұрақ-жауап ұйымдастыру;
3. Жоспар құру;

4. Мәтінге ат қою.

Мәтін оқушының тілін ұстартып немесе оқу дағдысын қалыптастырып қана қоймай, оның тілін де дамытады. Мәтінді оқығанда оқушы оның ішіндегі сөздерді анық айтып үйренеді, сөз екпінін дұрыс қояды, сөйлеу мәнері қалыптасады, мәтінді аудару арқылы оқушы оның мазмұнын түсінеді, мазмұндап үйренуде ойды қазақша білдірудің үлгісіне жаттығады, мәтінге өзі сұрақ даярлау арқылы өз ойын еркін жеткізе алу дәрежесіне жетеді. Сондай-ақ мәтін бойынша даярланған сұрақтарға жазбаша жауап жаздырту арқылы оқушының жазбаша тілін дамытуға болады. Сөйлеу тілі мен жазбаша тіл өте тығыз байланысты.

Мәтіннің мағыналық өңделуі мына тәсілдерді қолдануды қажет етеді: негізгі мазмұнның тереңірек түрін түсіну, мәтінде суреттелген оқиғаның мазмұнын талдау үшін ойландыруға әрекет ету. Сол сияқты жұмыстың мына түрлері тілдік бағытты дамыту үшін берілген: «Мәтін тақырыбын анықтау», «Мәтінге жоспар жасау», «Негізгі және қосымша мәселені анықтау». Мәтін ішіндегі жұмыс кезеңінде мәтіннің мазмұндық құрылымын меңгеруден басқа қайталау және бекіту үшін жұмыстар жасалады. Мұнда оқушыларға қиын тиетін сөздерді меңгеру үшін көрнекі түрде сызба – нұсқа, кестелер, тірек конспектілер қолданылады.

Мәтіннен кейінгі жұмыс шығармашылық сипатымен ерекшеленеді.

Бұл кезеңде шығармашылық оқу әдісінің тәсілдері: мәнерлеп оқу, рөлдік оқу, т.б. қолданылады. Осы кезеңдегі әңгіме ізденушілік сипатта болып, көзқарас, бағалау, қақпақайлап сөз сөйлеу тұрғысында болуы тіл үйренушілердің жоғары коммуникативтік дәрежесін білдіреді. Сол себепті мәтінді қайта әңгімелеп беру үшін оның алдындағы, ішіндегі, соңындағы тапсырмалар жүйелі орындалуы керек. Бұл жұмыс ауызша немесе жазбаша орындалуы мүмкін.

Осындай әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, келесі қорытынды сабақты дәстүрлі емес сабақ ретінде өткізуге болады. Оның жүргізілу әдіс-тәсілдері әр түрлі: диспут сабағы, конференция сабағы, ашық пікірлер сабағы, шығармашылық сабағы, саяхат сабағы және т.б. Бұл жұмыстардың мазмұны оқушыны ойландыратындай дәрежеде болуы керек. Оқушы қойылған проблемалық мәселенің шешу жолдарын көрсетуі тиіс. Мәтін соңындағы сұрақтарға жауап жазу, талдау, пікір жазу, дәлелдеу жұмыстары жүргізілуі керек.

Мысалы: «Невада-Семей» тақырыбына жалпы бағытталған конференция сабағы өткізілді.

Оқушыларға алдын ала сабақтың тақырыбы, мәселесі берілді. Оқушылар екі топқа бөлініп, зерттеу жұмыстарын жүргізді. Жұмыс барысында оқушылар кітапханалардан қосымша әдебиеттерді оқып, газет-журналдардан мақалаларды қарап, тарих, география пәндерінің мұғалімдерімен кеңесе отырып, ғаламтордан ақпараттар алып зерттеді. Жинаған көлемді жұмыстарынан оқушылар ең негізгісін алып, сабақта ауызша жауаптарын бере отырып, рефераттарын, баяндамаларын жасады. Зерттеу кезінде таныс емес жаңа сөздер кездескен, сол себепті оқушылар шағын сөздіктер жасаған. Сабақтың мазмұны оқушылармен ашылды. Мұғалім тек бағыттаушы, кеңесші рөлін атқарды. Сабақтың аяғында оқушылардың зерттеу жұмысын қорытындылап, кластер құрастырып, ауқымды мәселе қандай жолмен шешілгеніне көз жеткіздік.

Жалпы, жоғарыда айтылған әдіс-тәсілдерді қолдану барысындағы оқушының іс-әрекетіне тоқталсақ:

1. Мақсат қоюға үйренеді.
2. Әр нәрсеге өз көзқарасы қалыптасады.
3. Бұрынғы білетіндерін салыстырады.
4. Танымдық іс-әрекеті, логикалық ойлау қабілеттері дамиды.

5. Дұрыс шешім қабылдауы, тапқырлығы қалыптасады.
6. Бірігіп жұмыс жасайды.
7. Бір-бірімен тіл табысады, келісімге келуді үйренеді.
8. Қорытынды жасай алады.
9. Оқуға деген ынтасы, қызығушылығы артады.

Сабақтың осындай түрлерін өткізу арқылы ауқымды мәселелерді оқушылардың есінде ұмытылмастай мәңгі қалдыруға болады.



Баян ЕСЕНГЕЛДІҚЫЗЫ,
№173 Ә.Молдағұлова атындағы
жалпы білім беретін орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Қызылорда қаласы.

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДАҒЫ ОЙЫННЫҢ РӨЛІ

Қазіргі уақытта Қазақстанда білім берудің өзіндік ұлттық үлгісі қалыптасуда. Бұл процесс білім парадигмасының өзгеруімен қатар жүреді. Білім берудегі ескі мазмұнның орнына жаңасы келуде. Я.А.Коменскийдің, И.Герbartтың дәстүрлі объект-субъектілі педагогикасының орнын басқасы басты, ол балаға оқу қызметінің субъектісі ретінде, өзін - өзі өзектілендіруге, өзін танытуға және өзін - өзі жүзеге асыруға ұмтылатын дамушы тұлға ретінде бағытталған. Мұндай жағдайда педагогикалық процестің маңызды құрамы оқу ісіндегі субъектілер – оқытушы мен оқушының тұлғалық бағытталған өзара әрекеті болып табылады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында оқыту формасын, әдістерін, технологияларын таңдауда көп

нұсқалық қағидасы бекітілген, бұл білім мекемелерінің мұғалімдеріне, педагогтарына өзіне оңтайлы нұсқаны қолдануға, педагогикалық процесті кез келген үлгімен, тіпті авторлық үлгімен құруға мүмкіндік береді.

Дәстүрлі сыныптық сабақ жүйесінің барлық элементтерінің және сабақты құрастыру технологияларын қолданумен қатар, мұғалім келесі педагогикалық технологияларды пайдалана алады: ойын технологиялары, проблемаларды оқыту, оқу зерттеуін ұйымдастыру технологиясы, жобалау әдісі, ақпараттық – коммуникациялық технологиялар. Осылардың ішіндегі ойын технологиясы туралы айтпақшымын.

Өзге ұлтты мектептерде жұмыс істейтін ұстаздар қауымының басты мақсаты – өзге ұлттың баласын мемлекеттік тілде сөйлету, сұрақтарға жауап қайтара білуге үйрету. Қазақ сөзінің құдіреттілігін, сырын сезіндіру, тіл үйренуге ынталандыру. Шәкірт талабын шыңдау қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәнінің мұғалімдеріне үлкен жауапкершілік жүктейді. Осы орайда сабақтарда түрлі әдіс – тәсілдерді пайдалану – мақсатқа қол жеткізудің бастамасы болып саналады.

Қазақ тілі сабағында өзге ұлтты балаларға сабақ қызықты да тартымды өту үшін ойынның рөлі өте жоғары. Оқушылардың білуге деген ынтасы мен мүмкіндіктерін толық пайдалану, оларды оқу үрдісінде үздіксіз дамытып отыру және сабақ барысында алған білімдерін тәжірибеде, яғни, жаттығу орындауда қолдану дағдыларын қалыптастыру үшін ойын элементтерін пайдаланудың орны бөлек.

Оқушылар сабаққа қарағанда ойынды ұнататыны белгілі. Ойын оқушылар сабақта зерігіп, шаршаған кездерінде сергіту мақсатында ғана емес, оларға негізгі ұғым, түсініктерді толық меңгерту мақсатында да жүргізіледі. Ойын арқылы оқушы өздігінен қорытынды жасай білуге машықтанады. Ойынның негізгі мақсаты- баланы қызықтыра отырып, өткен тақырыпты берік меңгерту, саналарында сақталып қалуға

жұмыс жасау. Сондықтан ойынның пәндік мазмұны басты назарда болуы керек. Тек сол жағдайда ғана оқушылардың ойлау қабілетін дамытып, білімдік, тәрбиелік мақсаттарға жетуге септігін тигізеді.

Ойындарға қойылатын талаптардың өз алдына жеке мақсаттары бар.

Олар:

- ойынның мақсаты нақты болуы керек әрі керекті көрнекіліктер мен материалдар күн ілгері дайындалып қойылуы керек;

- ойын ережелері оқушылардың түсінуіне оңай, қарапайым әрі шағын болуы тиіс;

- ойынға оқушылардың түгел қатысуын қамтамасыз ету қажет;

- ойын жүру барысында мұғалім балалардың түгел қатысуын қадағалаумен қатар, олардың ойын үстінде шешім қабылдай алуларына, ойлана білулеріне жол көрсетуі қажет.

Оқытудың ең басты әрі негізгі мақсаты- білімнің сапалы, нақты, толық болуында.

Сабақтың формалары мен әдістерін, мазмұнын жетілдіру, оны танымдық, білімдік, тәрбиелік жағынан сапалық жаңа деңгейге көтеру, оқытудың тәрбиелік қызметі мен тәжірибелік бағытын нығайту осы ойынға қойылған мақсат-міндеттерден туындайды.

Сабақта ойын элементтерін пайдалану – сабақтың формалары мен әдістерін жетілдіру жолындағы ізденістердің маңызды бір бөлшегі. Ойын элементтерін оқу үдерісін пысықтау, жаңа сабақты қорытындылау кезеңдерінде, қайталау сабақтарында пайдаланған өте тиімді. Ойын элементтерінің материалдары сабақтың тақырыбы мен мазмұнына сәйкес таңдалынып алынса, оның берер пайдасы мен танымдық, тәрбиелік маңызын күшейте түсері анық. Оны тиімді қолдану мен іске асыру сабақтың әсерлілігін, тартымдылығын дамытып, оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтарын арттырады.

Грамматикалық ойындар еркін шығармашылық іс-әрекет ретінде оқушы ойын, қиялын дамытып, сөздік қорын молайтып, өз бетімен ізденуге, еңбектенуге дағдыландырады және оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттырып, ойлау қабілетін дамытып, ұжымшылдыққа тәрбиелейді және тапқырлық пен алғырлыққа, жылдамдыққа баулиды. Оның үстіне оқушы іскерлік пен түрлі дағдыны меңгеріп, бекітуді, қорытынды жасауды үйренеді.

Сабақта әр түрлі әдістерді пайдалану оқушыларды жалықтырмайды, сөздік қорының баюына ықпал етеді.

Мұғалім сабақ берудің жаңа технологияларын меңгере отырып, әр түрлі әдістерді пайдаланып, білім сапасын арттыруға тырысады. Жаңа әдістердің ерекшелігі – жеке тұлғаны қалыптастыруда, өз бетімен жұмыс істей алуда, шығармашылыққа баулуда ерекше рөл атқарады.

Сондықтан қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәндерінде, әсіресе, өзге ұлтты мектептерде сабақтың формаларын ауыстырып, балалардың тақырыпты тез меңгеруіне қол жеткізу мақсатында ойын элементтерін пайдаланып, сабақ өткізу арқылы мұғалім тіл үйретуді біршама жетістіктерге қол жеткізері анық .

Ойын – тіл дамыту жұмысының нәтижесінде оқушының сөз байлығын молайтып, тілдің фонетикалық жүйесін, сөйлеу мәдениетін меңгертіп, қалыптастырады. Өйткені, сөздерді дұрыс айту, дұрыс жаза білу – тіл мәдениетінің басты талаптарының бірі. Мұғалім мәңгі ізденіс үстінде болып, сабағының қызықты да тартымды болуына жағдай жасайды. Бұл мұғалімнің шығармашылық қабілетін шыңдай түседі әрі өз алдына қойған мақсатына жетуге ықпал етеді.



Баян ЖАҚАТОВА,
Көкшетау қаласындағы
№16 орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ. «БАТЫР БАЯН» ДАСТАНЫ

(8-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – әйгілі ақын, талантты тұлға Мағжан Жұмабаевтың «Батыр Баян» дастаны туралы мағлұмат беру; **дамытушылық** – оқушылардың танымдық, білімділік деңгейін көтеру, ой-өрісін арттыру, сөздік қорын байыту, ауызша сөйлеу мәдениетін дамыту, ойлау шеберлігін дамыту; **тәрбиелік** – Мағжан Жұмабаевтың шығармашылығын үлгі ете отырып, отансүйгіштікке, патриоттыққа тәрбиелеу.

Әдістері: түсіндіру, әңгімелеу, мазмұндау, топтастыру, сұрақ-жауап, іздендіру. **Көрнекілігі:** М.Жұмабаевтың портреті, кітаптар көрмесі, сөзжұмбақ, Мағжан туралы пікірлер, тірек-сызба, ақынның өмірі туралы газет-журналдардан алынған материалдар, суреттер.

Сабақтың барысы: ұйымдастыру, амандасу.

Мұғалімнің алғы сөзі: - Құрметті оқушылар, әріптестер, қонақтар! Біздің ашық сабағымызға келгендеріңізге рахмет! Бүгінгі ашық сабағымыздың тақырыбы: Мағжан Жұмабаевтың «Батыр Баян» дастаны. Бұл дастанды оқуға 2 сабақ берілген (оқушылар дастанмен өздері оқып, сабаққа мазмұнымен танысып келді). Өткен сабақта біз ақынның өмірі мен шығармашылығымен танысып, 60 жыл Мағжанның

шығармаларыноқуға тыйым салынғаны туралы да айттық. Мағжан – жеке басқа табынудың құрбаны болған ақын. Қазір ол ақталып, мол мұрасы жарық көрді. Өткен сабақта біз Мағжанның өмірі мен шығармашылығын неше кезеңге бөліп қарастыруға болады дедік, кім айтады?

- Мағжанның өмірі мен шығармашылығын 3 кезеңге бөліп қарастыруға болады:

I кезең – өмірі, әдеби және қоғамдық қызметі (1893-1912 ж.ж.);

II кезең – 1913-1924 жылдары шығармаларының дүниеге келуі және жандануы;

III кезең – 1924-1938 жылдары поэзиясының шарықтау кезеңі.

Мұғалім: - Мағжан Жұмабаевтың өмірбаяны және жаңағы айтқан үш кезең бойынша пікір алысайық. Ендігі сөз сіздерге беріледі.

- Бірінші кезең бойынша оқушылардың дайындап келген материалдарын тыңдайық.

A) М.Жұмабаевтың өмірбаяны.

- Екінші кезең бойынша оқушылардың дайындап келген материалдарын тыңдайық.

A) Қоғамдық өмірі.

Ә) Өлең жинақтары, дастандары.

- Үшінші кезең бойынша оқушылардың дайындап келген материалдарын тыңдайық.

A) 1923-1927 жылдары Мәскеудегі әдеби-көркем институттағы оқуы;

Ә) Аудармалары.

Мұғалім: - Бүгін біз Мағжан туралы жан-жақты өз беттерінше дайындалып келген оқушыларға алғыс айтамыз. Олардың Мағжанның туындыларымен танысып, ізденуі – жақсылықтың белгісі. Кім тақтаға шығып, өз ойын топтастырып, тірек-сызба құрады?

Енді Түркістан өлеңінен жатқа үзінді оқу алдында мынадай сұрақтарға жауап беріндер:

... *Түркістан – екі дүние есігі зой,*

Түркістан – ер түріктің бесігі зой - деп басталатын өлең жолдары нені білдіреді?

Бұл өлең жолдары кешегі тарихқа жетелейді, ертеде Тұран аталған бұл жерді мекендеген ата-бабаларымыздың өмірінен елес береді.

- Ақын нені суреттейді?

- Ақын Тұранның жері мен суын, көлі мен шөлін, өзен-суларын, тауларын, теңізі мен аралын, Ыстықкөлін, Жейхун мен Сейхун дарияларын, Тянь-Шаньдай, Памир мен Алтайдай тауларын ғажайып көркемдікпен суреттейді.

- Кімді еске алады?

- Тұранды мекен еткен ер түріктің билері мен батырларын, ғұлама ғалымдарын, ел басқарған хандарын еске алады.

«... *Көп түрік енші алысып тарасқанда,*

Қазақта қара шаңырақ қалған жоқ па?»-

деп, Мағжан қазақты да сол ел түріктің бір мұрагері санайды. «Тұран», «Түркістан» деген образды бейнелер арқылы Мағжан осылайша Шығыс әлемін, бүкіл түркі дүниесін мақтан ете жырлайды. Оның бүкіл өткен жолына шолу жасай отырып, тарихтың небір ерлікке толы, бейбіт өмір жайлаған беттерін парақтайды. Көп нәрсеге көңілі толмайды. Бір кезде Тұранды мекен еткен ер түріктің бүгінде бірлігі азайған. Бас басына ел болған, жеке халықтарға бөлініп кеткен. Шығысты дәріптейтін өлеңдерінде Мағжан осынау түркі халықтарын бірлікке шақырады. Сонда ғана Батыстан келген қиянатқа, Ресей патшасының отаршыл саясатына қарсы тұруға болатынын ұқтыруға тырысады. Ақынның «ер түрік» дегені – түркі дүниесі, түрік, қазақ, қырғыз, ұйғыр, татар, башқұрт, т.б. халықтардың жиынтық бейнесі.

(Оқушылар өлеңнен үзінділерін оқиды).

Мұғалім сөзі: - «Батыр Баян» дастаны. М.Жұмабаев – бірнеше көркем поэма жазған құлашы кең эпик ақын. Ол өз заманының күрделі жайларын, халқының өткен тарихын жырлаған. Өйткені, артта қалған қазақ елін алға жетелеу сол халықтың өз қолынан қана келмек. Сондықтан да халыққа күш берер осындай ерлік қайнарын Мағжан тарихтан іздеді. Өз шығармаларында кешегі өткен батыр бабаларымыздың ерлігін жырлады. Абылайды, Кенесарыны жырға қосты. Сол арқылы халқының қайратын ұштап, санасын оятуды ойлады.

Бұл тұрғыдан келгенде, «Батыр Баян» поэмасының маңызы ерекше. Поэманың оқиғасы бір кездегі қазақ пен қалмақ арасындағы жаугершілік заманнан алынған.

...Қалмаққа қарсы жорыққа аттанбақ болған Абылай хан қол астындағы батырларын жинайды. Жалғыз батыр Баян ғана кешігіп келеді. Сөйтсе, бір кезде жорықта қолға түскен қалмақ қызы мен батырдың інісі Ноян екеуі көңіл қосып, қалмаққа қарай қашып бара жатқан жерінен Баян қуып жетіп, екеуін де оққа байлап өлтірген екен. Қызда Баянның да ойы болған, бірақ қалмақ қызы әр түрлі айламен жақындатпай жүріп, күндердің күнінде інісі Ноянмен сөз байласқан.

Бұдан кейін Абылайдың қолы жорыққа аттанады. Сол жорықта Баян батыр ерлікпен қаза табады.

Оқиға желісін Мағжан жай ғана баяндап шықпайды. Биік романтикалық сарынға құрылған бұл поэмада батырлық та, достық та, адамгершілік, мейірім де, ашу-ыза да бар. Поэманың бас кейіпкері Баян батырдың өзі шығармада екі сипатта көрінеді. Інісі Ноян мен қалмақ қызының қылығына ашуланып, соңынан қуып жеткен шақтағы Баян мен екі жасты өлім күштырғаннан кейінгі Баянның көңіл күйі, кескін- кейіпі екі түрлі, бірақ нанымды. Бәрі де қарапайым адам баласының бойынан табылатын таныс жағдайлар.

- Оқулықты ашып, дастанды оқимыз, 1-ші тарауын оқығанда поэманың поэтикалық қуатына, ақынның шеберлігі мен негізгі ой-түйініне мән беріңдер, Абылай ханның, батыр Баянның қазақ тарихындағы рөлін нақты деректерге сүйене отырып айтыңдар.

- Үйде оқымағандарың жалғастырып оқып, 11-беттегі сұрақтар мен тапсырмаларға көңіл аударып, Абылай ханға мінездеме беріңдер. Баян мен Ноян бейнелерін, қалмақ қызын Мағжан қалай суреттейді?

- Келесі сабақта жұмысымызды жалғастырамыз. Поэманың өне бойындағы шиеленіскен тартысты, кейіпкерлердің көңіл-күйін, іс-әрекетін, мінез-табиғатын Мағжан айрықша шабытпен жырлайды. Кейіпкер бойындағы қайсарлықты, асаулықты, сондай-ақ ниетінің ақтығын, жанының тазалығын қатар сипаттау арқылы ақын шығарманың ішкі драматизмін шарықтау шегіне жеткізеді.



ҚҰДАЛАР

Ақын Қадыр Мырзалиев ақсақал жазушымыз Сейітжан Омаровпен туыстық жағынан құда болып жүреді. Бірде Сейітжан:

- Қадыр-ау, құда дегенді шақырушы еді. Көптен хабар болмай кетті ғой,- дейді. Сонда Қадыр:

- Сәке, «Құда – мың жылдық» деген емес пе? Бұйырса дәм тата жатасыз ғой әлі,- деген екен.

(Деген екен. Астана, «Аударма» баспасы, 2003, 102-бет.)

Баян БАЙЗАҚОВА,
Астана қаласындағы
№36 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

Биылғы жылы Республикамыздың әдіскер-ғалымдарының қатысуымен өркениетті елдердің тәжірибесі мен отандық озық дәстүрлер үйлестіріле, отырып, тілдерді оқыту мен меңгертудің жаңа бағдарламасы ұсынылды. Осыған орай қазақ тілі мұғалімдеріне тілді оқыту мен меңгерту, жобаланған нәтижеге жету жауапкершілігі жүктеліп отыр. Бағдарламада көрсетілген «Қазақ тілі» пәнін оқытудың жалпы мақсатына жетіп, міндеттерін орындау қазақ тілі мұғалімдерінен кәсіби біліктілікті, шығармашылықты талап етеді. Жаңа бағдарламаны жетекшілікке ала отырып, біздің мектептің қазақ тілі мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігі күнтізбелік-тақырыптық жоспар құрастырып, осы бағдарлама бойынша қаңтар айынан бастап жұмыс жасады. Бастауыш сыныпқа арналған бұл оқу бағдарламасының жаңалығы – бастауыш білім беруде қазақ тілін меңгертудің екі деңгейге: қарапайым және бастапқы деңгейге жіктелуінде.

2010 жылы қабылданған жаңа бағдарламада өзге тілде білім алатын бастауыш сынып оқушыларының қазақ тілінде

сөйлеуін мәдениаралық қатысым құралы ретінде меңгерту көзделіп отыр. Бағдарламада тілді үйретудің 5 деңгейлі құрылымы анықталды. Атап айтқанда, 1-сынып – қарапайым деңгей (*бастапқы игерім*), 2-4 сыныптар – *бастапқы деңгей* – *A1* (*A 1,1 – бастапқы ілгері игерім; A 1,2 – бастапқы терең игерім; A1,+ - бастапқы терең толық игерім;*) болып екі деңгейге ажыратылды. Оқушылардың жас ерекшелігіне қарай тілдік игерім де жыл сайын күрделеніп отырады: ілгері игерім – алға ілгерілейтінін, терең игерім – тілді меңгерудің тереңдетілетінін, терең толық игерім – тереңдетіліп әрі толықтандырып отыратынын көрсетеді. Тілді оқыту мен меңгерудің жіктелуі өте тиімді, себебі, балалардың даму ерекшелігі әр түрлі болғандықтан, бастапқы ілгері игерімде білімді меңгере алмаған немесе ұмытыла бастаған сөздері келесі бастапқы терең игерімде қайталанғандықтан естеріне түсіп, жадында тұрақтандыру мүмкіндігі туындайды. Ал, осы екі деңгейдің арасындағы сабақтастықты жалғастыру мұғалімнің шығармашылық шеберлігіне байланысты. Мысалы, 3-сынып бағдарламасының «Әлеуметтік-мәдени ая» бөлімінде «Қазақстан картасы. Кел, ойнайық» тақырыбы бойынша айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым, тілдесім талаптары 4-сыныптың аталған бөліміндегі «Менің елім – Қазақстан» тақырыбында күрделендірілген. 3-сыныптың балаларымен қысқа диалог, қарапайым сұрақтарға жауап беру арқылы сөздерді меңгертеміз:

- Сен қай жерде тудың? Туған жерің қандай? Табиғаты қандай? сұрақтарын беру арқылы оқушылармен қысқа диалог құрастырамыз. Ал, 4-сынып оқушылары осы тақырып бойынша өз ойларын айтып, 3-4 сөйлемнен тұратын мәтінді айтады. Әрине, екі сыныпта да балалардың меңгерген сөздік қоры шешуші рөл атқарады. Сөздерді балалардың жадында тұрақтандыру мақсатында көрнекті құралдарды: Қазақстан картасын, көрнекті жерлердің

суреттерін пайдаланамын. Туған жер туралы өлеңдер, мақал-мәтелдер, жаңылтпаштар жаттау, мәнерлеп оқу балаларды қазақ тілін үйренуге ынталандырады. Оқуға ынтасы жоғары оқушыларға туған жер, Қазақстан туралы мақал-мәтелдер жазып, жаттау тапсырылса, оқуға ынтасы төмен оқушыларға мәтінді мәнерлеп оқу тапсырылады. 3-сынып оқушыларына берілетін тапсырма 4-сынып оқушыларына берілгенде күрделендіріледі. 4-сыныпта Қазақстан туралы мәтінді меңгергенде сыни тұрғыдан оқыту тәсілін қолданамын. Сыныпты үш топқа бөліп, әр топқа мәтін жазылған парақтар таратылады. Топ өздеріне берілген мәтін бөлімдерін оқып, танысып, бір-біріне айтады. Сонан соң орындарын ауыстырып, келесі топқа мәтінді әңгімелейді. Сөйтіп мәтіннің барлық бөлімдері әңгімеленеді. Оқушының қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуы, сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтауы қадағаланып отырады. Берілген мәтін сөздері оқушыларға таныс, жас ерекшелігіне қарай алынса балаларды жалықтырмай, қызығушылығын арттыра түседі. Жаңа тақырыпты түсіндіргенде, интерактивті тақтада суреттер көрсетілгенде баяу ойнап тұрған музыканың әсері мол, себебі, баланың көру, тыңдау арқылы қазақ тіліндегі мәтінді қабылдауымен қатар әсемдік сезімі де дамиды. Қазақстан табиғаты бойынша тақырыпты терең толық игерту мақсатында ертегілермен таныстырудың маңызы зор. Мысалы: Бурабай тауларының әрқайсысы – бір ертегі. Бұл ертегілер балалардың өз Отанына деген сүйіспеншілігін арттырады. Балалардың жаңа сөздерді, мәтінді меңгерген деңгейін тексеру мақсатында деңгейлі үй тапсырмалары беріледі: мәтін мазмұнын айту, мәтіндегі сөйлемдерге сұрақ беру, сурет салып, суретке сәйкес 3-4 сөйлем жазып келу.

Бағдарламаның қатысымдық-сөйлесімдік бөлімінің «Жазылым» бөлігінде 3-сынып оқушыларына мерекелерге қысқа құттықтаулар, аты-жөні, мекен-жайы туралы жаза

білу талаптары қойылған. Бастауыш сынып оқушылары мерекелерде ата-аналарына сыйлықтар дайындайтыны бәрімізге мәлім. Ал, ондай сыйлықтар еңбек және бейнелеу өнері сабақтарында дайындалатындықтан осы пән мұғалімдерімен бірлесіп жұмыс істейміз. Мен оқушыларға:

- Балалар, сендер ата-аналарыңды сүйсіндіретін тағы бір жағдай бар. Ол қандай? - деген сұрақ туындайды. - Ол ата-аналарыңа қазақша құттықтаулар жазу. Оны үйге барған соң ата-аналарыңа оқытып, қалай оқитынын бақылаңдар. Нәтижесін келесі сабақта тыңдаймыз. Осындай және осыған ұқсас тапсырмалар орындау баланың ата-анасымен байланысты сақтап отыруға көмектеседі. 1-2-сыныпта балалар – Менің атым – Паша. – Сенің атың кім? – Халың қалай? – Жақсы. Тамаша. Сұхбаттарын жаттап алғандықтан 3-сыныпта ол туралы жазу аса көп қиындық тудырмайды. Мекен-жайы туралы әңгімелеуді балалар ұнатады, себебі өздерінің тұратын көшесін, үйлерінің нөмірін қазақ тілінде айту кішкентай балаларға мақтаныш екендігін байқап жүрміз. Ал, енді бұл туралы жазуды біз «Өзім туралы», «Менің көшем», «Менің отбасым» айдарымен жазғызып, әңгімелетеміз. Әңгімені құрастыруда грамматика ережелерін сақтауын, жуан және жіңішке дауыстыларды қолдана білуін қадағалап отырамыз. Ал, осы тақырыптың 4-сыныпта қайталануы күрделенгенімен, оқушының жадында ұмытыла бастаған сөздері есіне түсіріледі. Оқушылардың лексикалық сөздік қоры 3-сыныпта 120-140 сөз, ал 4-сыныпта бастауыш сыныпты аяқтағандықтан 450-500 сөз болады. Тоқсан сайын меңгерілетін сөз мөлшерін анықтап алғанда, оқушы әр сабақ сайын 2-3 сөз жаттап алуы керек. Белсенді лексикалық минимум әр сынып бойынша тоқсандарға бөлініп қойылғандықтан тоқсан, жыл аяғында оқушылардың меңгерген сөздерін тексеру қиындық туғызбайды. Әр оқушы неше сөз білетіні белгілі болып тұрады. Енді осы сөздермен

сөз тіркесін, сөйлем құрастырып, қысқа диалог, монолог айтып, күнделікті өмірде қолдана алуын дағдыландыру қажет. Тіл игеру кезеңдері қарапайым және бастапқы деңгейге бөлінгендіктен бастауыш сынып оқушыларының сөздік қорын молайту мақсатында өзінің ой-пікірін, көргенін, оқығанын мазмұндату арқылы ауызша тілін дамытуда қысқа диалог, монологтарға көп көңіл бөлінеді: «Бүгін қандай күн?», «Ауа райы қандай?», «Бүгін неше сабақ болады?», «Сен қайда тұрасың?» осындай және тағы басқа да қарапайым сұрақтарға жауап беру дағдысын қалыптастыру арқылы оқушының сөйлем құрастыра білуі меңгертіледі. Ойын тәсілін қолдану — балалардың ойлау қабілетін, тілін дамытады. Сөздердің, сөз тіркестерінің бала жадында тұрақталып қалуы үшін «Ойлан, тап», «Қайталай ғой», «Ұйқасын тап», «Әріпке сөз ойла» және тағы басқа да ойын түрлері сабақтарда кеңінен қолданылады. Бастауыш сынып оқушыларының зейіні тұрақсыз, олардың тақырыпты қабылдауы мен ойлауында өзіндік ерекшеліктер бар. Сондықтан әр сабақта қай оқушы нені білмейтінін және соған көмектесу үшін жүйелі түрде есеп жүргізуді міндет ету керек. Сонда әр оқушыға жекелей қандай тапсырма беру керек, қандай деңгейде оқыту керек, кіммен қандай жұмыс жүргізу қажет екендігі жүйеленіп, қадағаланып отырады.

Жазба жұмыстарын және жұмыс дәптерлеріндегі оқушылардың сауаттылығын қадағалау

№	Оқушының аты-жөні	Дауыстылар және дауыссыздар			Көптік жалғау	Жіктік жалғау	Тәуелдік жалғау	Септік жалғау
		Жуан	Жіңішке	Қ, Ғ, Ң				
1								
2								

Берілген кестені мұғалім әрдайым қолдану арқылы оқушының нені білмейді, не білу керек екендігін қадағалап отырады. Сонымен, жазбаша, ауызша тексергенде оқушыға 5 деген баға қойылады. Осының нәтижесінде оқушы мысалы: $5+5+4+3+3+4+3=27$ ұпай алады. Ал, шартты ұпай: $5*7=35$ болуы тиіс. Сонда балалар осы ұпайды жинау үшін жазба жұмыстарын, дәптерлеріндегі жаттығуларды тиянақты, ұқыпты, сауатты орындауға тырысады.

Бағдарламада көрсетілгендей, қатысымдық-сөйлесімдік бөлімінде ең басты міндет – оқушылардың сөйлесу тілін дамыту болғандықтан 4 бағыт бойынша жұмыс жүргізіледі. Мысалы: уақытты үнемдеу үшін грамматикалық тақырыптарды тірек-сызбалармен түсіндіріп, оқулықтағы жаттығулармен, мәтіндермен жұмыс жүргізіліп, білік, дағдылары бекітіледі.

Тақырып көлеміндегі лексикалық, грамматикалық ерекшеліктерін меңгерген соң, олардың жазылу заңдылықтарына көңіл аударып, оқушылардың сауаттылығын арттыру үшін әр грамматиканың өздеріне тән орфографиялық заңдылықтарын жүйелеп түсіндіру мақсат етіледі. Ендігі сабақтарда, мысалы, сын есімдердің сөйлем ішінде көптік, тәуелдік, септік жалғаулары қолданылып, зат есімнің орнына жұмсала берілетіні түсіндіріледі. Фонетикалық талдауға жаттықтыру оқушылардың үндестік заңын меңгеруіне көмекшілік етеді. Сөз тіркесін, сөйлемдерді дұрыс құрастыра білуі сөздік қорына байланысты болғандықтан, сабақ сайын меңгерілген сөздерін қайталап отыратын қысқа диалогтар жүргізіліп отырады. Олар: «Менің досым», «Менің мекен-жайым», «Сабақта», «Ауа райы қандай?», «Туған жерім – Қазақстан» және т.б. Берілген тақырыптарға сәйкес суреттерді, музыканы, бейнетаспаны пайдалану арқылы сөйлем құрап, әңгімелеу дағдыларын дамытып, қазақ тіліне деген қызығушылығын арттырып отырамыз.

Үй тапсырмасына меңгерілген мәтіндер бойынша суреттер салып, олардың мағынасын ашатын 3-4 қысқа сөйлемдер жазып келу тапсырылады. Бұл жұмыстары оқушылардың жеке папкаларына жинақталып отырылады. Соңғы сабақта меңгеру деңгейлерін байқау үшін нәтиже сабағы өткізіледі.

Сабақ сайын қазақ тіліндегі ерекше дыбыстарды дұрыс айтуға, сауатты жазуға өте көп көңіл бөлу керек. Мысалы: «ң» әрпінің жазылуын жадыларында тұрақтандыратын жұмыс түрін алайық та, оның қандай жағдайларда жазылатынын талдап көрейік: оқушылар алдымен «ң» әрпімен жазылатын түбір сөздерді есіне сақтауы шарт. Мысалы: таң, жеңіл, алаң, көлеңке, аң, оңай, кең. Қандай қосымшалар «ң» әрпімен жазылатынын оқушылардың есіне салып отырамыз. Олар мыналар:

1. Ілік септігі тұлғасындағы сөздер, мысалы: баланың, үйдің, үлкеннің.

2. Жіктік жалғаудың II жағы. Мысалы: оқисың, жүресің, баласың.

3. Тәуелдік жалғаудың II жағы: үйің, қаламың, туған қалаң.

4. Сын есімнің -ыңқы, -іңкі, -шаң, -шің, -аң - жұрнақтары. Мысалы: көтеріңкі, сөзшең, қысаң.

Қазақ тіліне тән дыбыстарды осылай әр түрлі әдіс-тәсілмен түрлі мазмұндағы тапсырмалармен, жаттығулармен шапшаң түрде тексеруге мүмкіндік беретін тест әдісін қолданған жөн. Мысалы:

1. Қай дауыссыздан сөз басталмайды:

а) к; ә) т; б) р; в) н; д) ң.

2. Қай сөзде Ң әрпі жазылады:

а) са..а; ә) ша..а; б) қа..дай; в) қо..ыр; д)..арық.

3. Қайсысы тәуелдік формада тұр?

Бардың, қаламың, қалдың, жүрдің, біріншісің.

4. Жіктік жалғаулы сөзді тап:

Дәптерің, қалаң, айттың, кітаптың.

Сабақтарда осындай жұмыстың түрлері жиі орындалуынан оң нәтижесін күтуге болады. Белгілі бір сөздің жазылуын кенеттен талдау, оған сәйкес ережені еске түсіру, өзге мысалдар келтіру оқушының ойлау қабілетін дамытуға игі әсерін тигізеді. Сонда ғана оқушылар қазақша сауатты жазып, дұрыс сөйлеуге талпынады.

Қазақ тілін оқыту мен игертуде мәтінмен жұмыстың маңызы зор. Бір ғана сабақтың өзінде бірнеше мәселені жүйелі түрде қолданып, әр түрлі жұмыс жүргізуге болады. «Қыс» туралы тақырып бойынша:

«Қыс. Далада аппақ қар жатыр. Күн аяз. Маған жыл мезгілінің осы кезеңі ұнайды. Қандай тамаша! Саған қыс мезгілі ұнайды ма, Саша? - деп сұрақ қоя отырып, мәтінді жалғастырып әңгімелесуге балаларды тарту керек.

1. «Қыс» бір ғана сөзден тұрған сөйлем. Мағынасы кең, ауқымды. Көзіңе бірден ақ көрпеге оранған дала елестейді, суықтықты сезінесің, денең түршігіп, тоңазиды. Оқушыға үйреніп отырған әрбір сөзі осылай әсер етуі керек.

2. Осы тақырыпқа байланысты кім қанша сөз біледі, соның барлығын тақтаға да, дәптерге де жаздыру тапсырылады.


3. Сөз тіркесін құра білу, оның мағыналық жақтан да, грамматикалық жақтан да өзара байланыста болатынын, оның әрбір сыңарының мағыналық дербестікті де, синтаксистік дербестікті де сақтайтынын түсіну деген сөз.

Сөздер: қар, аяз, мұз, ызғар, суық, жел, боран, табиғат, т.б.

Сөз тіркесі: қалың қар, алғашқы қар, сықырлаған аяз, көкпеңбек мұз.

Сөйлем: Алғашқы қар бәрімізді қуантты. Сықырлаған аяз бетімізді тондырды.

Сөйлемді рет-ретімен құрап, оған талдау жасаса артық болмайды: қуантты (қайтты?); (кімді қуантты?) - бәрімізді; (бәрімізді қандай қар қуантты?) - алғашқы қар. Мәтінмен жұмысты ұтымды ұйымдастыру балалардың мәтін мазмұнын дұрыс қабылдауына ықпалы мол.



Нәтиже: мәтінмен осылай жұмыс істегеннен кейін оқушылар өз мәтіндерін құрастырады. Өз мәтіні дегеніміз сөздерді аудармасыз түсінетін, грамматикалық формаларды

айыра, қолдана білетін, өздері құрастырған сөз тіркесі, сөйлемдер арқылы құрастырылған мәтін. Сыныпта неше оқушы болса, сонша мәтін құрастыра алады.

Грамматикалық материалдарды және лексикалық тақырыптарды оқытуда тірек-сызбалардың қолданылуы тілді дамытуға, сөздік қорды молайтуға, бір-бірімен қарым-қатынас жасауға (сөйлесім, айтылым, жазылым, оқылым) ойлау қабілетін дамытуға, ойын қазақша жеткізе білуге үйретеді. Тірек-сызбаларды оқушы толық меңгеріп алса, сөйлем құрау, сөйлемді, сөзді талдау, өз ойын жеткізу жеңіл болады.

Тіпті, үлгерімі төмен оқушылар үшін де тірек-сызбалар олардың жұмыс істеу қабілеттерін арттырып, ынталандырады. Сабақтарда санамақтар, жаңылтпаштар, жұмбақтарды жаттатқызу – оқушылардың қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуын, сөздерді есіне сақтауына тигізер пайдасы мол. Сергіту сәттерін ұтымды өткізу арқылы балалардың сабақта зерігіп, жалықпауын қадағалаймыз. Берілген тақырыпты меңгерту мақсатында деңгейлі тапсырмаларды тиімді қолдану – оқушылардың тілге деген қызығушылығын арттырып, ынтасын жоғарылатады. 3-сыныпта «Қазақстан картасы. Кел, ойнайық» бөліміне 14 сағат бөлінген. Осы модуль бойынша «Қазақстан қалалары» кезекті сабақ жоспарын ұсынамыз.

Сабақтың мақсаты: білімділік – «Еліміздің қалалары туралы білімдерін, ой-өрістерін кеңейту арқылы сөздік қорларын молайту; **дамытушылық** – ойын өткізу арқылы оқушылардың ойлау, сөйлеу қабілеттерін арттыру, байланыстыра сөйлесуін дамыту; **тәрбиелік** – отансүйгіштік, еліне құрмет тәрбиелеу.

Түрі: қайталау сабағы. **Әдісі:** сұрақ-жауап, ойын түрлері. **Көрнекілігі:** Қазақстан картасы, суреттер, қиықшалар.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі:

1.1. Амандасу. - Балалар, бүгін біз сабағымызды басқаша өткізейік, қане, үш топқа бөлініп отырамыз (сынып парталары үшке бөлініп дайындалып қойылған). Кезекшілер балаларға үстелдер нөмірін, 4 бөлікке бөлінген қағаздар, 3 деңгейлі сұрақтары бар қағаздар таратады.

1.2. Қысқа диалог:

- Сен қай жерде тудың?

- Ол қандай қала?

- Қазақстанның қандай қалаларын білесіңдер?

- Қазақстанның қандай қалаларында болдыңдар?

- Балалар, бүгінгі сабағымыздың тақырыбы: «Қазақстан қалалары». Бүгін Грасман Илья мынандай тірек-сызба құрастырып келіпті (интерактивті тақтада көрсетіледі).

Қазақстан қалалары: Алматы, Астана, Қызылорда, Шымкент, Атырау, Қарағанды, Павлодар, Жезқазған, Қостанай, Тараз, Ақтөбе, Ақтау.

- Балалар, тақтаға қараңдар (интерактивті тақтада жаңа сөздер жазылған).

Ірі – крупный;

Бай – богатый;

Мырыш – цинк;

Мыс – медь;

Көмір – уголь;

Өндіреді – добывают.

- Қазір мен сөздерді оқимын, сендер қайталайсыңдар (топпен, жеке-жеке).

- Енді, осы қалалар туралы үнтаспадан мәтін тыңдайық (интерактивті тақтадан суреттер көрсетіліп отырады).

- Мәтін бойынша жұмыс: 1. Мәтінді оқушыларға оқыту;

2. Сұрақ-жауап.

- Ал, енді, балалар, алдарыңда жатқан қағаздағы тапсырмаларды орындайық. Топтарыңмен оқып,

танысып, жауап беруге дайындалындар.

1-деңгей.

1. Қазақстанның жері қандай?
2. Қазақстанның неше астанасы болды?
3. Қазақстан қандай мемлекет?

2-деңгей.

1. Қазақстанның ірі қалаларын картадан көрсет.
2. Мұнай қайда өндіріледі?
3. Көмір, мырыш қайда өндіріледі?

3-деңгей.

1. Астана қаласы туралы диалог құрастыру.
2. Берілген сөз тіркестерімен сөйлем құрастыру.
3. «Менің туған қалам» тақырыбына сөйлемдер құрастыру.

Әр топ өздерінің тапсырмаларын орындап, жауаптарына қарай текшелер беріліп отырылады.

Сергіту сәті.

Қарлығашқа ұқсайық,
Қане, қанат жазайық,
Қарлығаш боп ұшайық,
Ұшып, ұшып алайық.

3.1. Бекіту. Дәптермен жұмыс.

1. «Бәйге» ойыны (тақтада бәйге ойыны бейнеленген сурет арқылы ойын тәртібі түсіндіріледі. «Жоғалған сөзді тауып жаз» көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойып жазу.

Біз ... тұрамыз. Қазақстанда ... көп. Қазақстан ... мемлекет. Біз бүгін көп ... туралы айттық. (Әр топтан бір бала шығып жазады, орындаған балаға текше беріледі).

«Көкпар» ойыны. Берілген сөздерді екі бағанға жазу (тақта екі бағанға бөлінген: жуан, жіңішке деп жазылған).

«Кім тез?» ойыны. Қай топ көбірек тақтада сөздер жазса, солар көп текше алады.

3.2. Фонетикалық талдау:

Мұнай, мырыш, көмір сөздерін үш топтан үш бала шығып талдайды (Талдау жарыс түрінде жүргізіліп, әріпті талдаған балаға текше беріледі).

- Балалар, Қазақстан қандай мемлекет?
- Қазақстан – үлкен мемлекет.
- Дұрыс, тағы қандай мемлекет?
- Тәуелсіз мемлекет.
- Тәуелсіздікке неше жыл?
- Тәуелсіздікке – 20 жыл.
- Дұрыс, балалар, Қазақстанның тәуелсіздігіне биыл 20

жыл толады.

4. Сабақты қорытындылау.

- Ал, енді, балалар, Қазақстанның қалалары туралы не айта аласыңдар? Тірек-сызбаға қарайық.

- Қазақстан қалалары әдемі, үлкен.
- Қарағандыда көмір бар.
- Ақтау, Маңғыстауда мұнай бар.
- Балқашта мыс өндіріледі.
- Міне, балалар, Қазақстан қалалары қандай?
- Қазақстан қалалары өте бай.
- Дұрыс, сонымен біз бүгін қалар туралы біліп, сөздерді

үйрендік (сөздерді қайталау). Қай топта текше көп, сол топ жеңімпаз. Топтың ішінде қай балада текше көп, сол бойынша бағаларыңды күнделікке қоямын.

5. Үйге тапсырма:

1. Қала туралы сурет салып келу.
2. Қала туралы өлең жаттау.
3. Өз қалаң туралы 3-4 сөйлем құрастыру.

Оқушыларға қазақ тілін оқыту мен игертуде күтілген нәтижелерге жету үшін мұғалімге жан-жақты дайындалып, түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып көздеген мақсаттарына жетуге болады.

Венера АЙДЫНАЛИЕВА,
Орал газ, мұнай және салалық
технологиялар колледжінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің оқытушысы.
Батыс Қазақстан облысы,
Орал қаласы.

ИМАНДЫЛЫҚ – ИНАБАТТЫЛЫҚ МҰРАТЫ

Мақсаты: бүгінгі жаңартуға батыл қадам басып отырған қоғамдық құрылысымыздағы ірі өзгерістермен бірге ұлттық сананы, халықтық қадір-қасиетімізді, әдет-ғұрпымызды, психологиялық дара белгілерімізді жандандыру. Достыққа, бірлікке, кішіпейілділікке, адалдыққа, қанағатшылдыққа тәрбиелеу.

Өткізу әдісі: әдеби монтаж, баяндау.

Қолданылған әдебиеттер: 1. Қазақстан мектебі. №6, 2001; 2. Мен – адаммын. А., 2000.

Қолданылған құралдар: «Имандылық» тақырыбында жазылған плакат. Сөз туы.

Сабақтың жоспары:

1. Кіріспе сөз.
2. Оқушылардың орындауында әдеби монтаж.
3. Таза бұлақ әңгімесі бойынша қойылым.

Сабақтың барысы: «Иман дегеніміз – иланған көңілмен ықтияр болушылық» делінген ислам дінінде. Иман дегеніміз – сенім. Адам сенімсіз, үмітсіз, армансыз өмір сүре алмайды. Адамның ой-қиялы алысқа шарлайды. Сондықтан адамға сенім, дұрыс көзқарас керек. Сенім білімнен шығады, сонымен қатар сенім білімнің қанаты да. Қоғамның

көркеюіне, ғылымның заңдылығына біліммен нақты өмір шындығына негізделген сенім адамдардың көмекшісіне айналып, дем береді.

Қазіргі тәуелсіз елімізде ғасырлар бойы халқымыздың көкірегіне ұялап, қанына сіңген ислам дінінің имандылық қағидаларын адамдар арасындағы ізгілік, қайырымдылық, адалдық, әділдік қарым-қатынастарды негізге алып, жас ұрпақты тәрбиелеуге пайдаланудың сыры тереңде жатыр.

Әдеп, адалдық, имандылық амандасудан басталады. Иманды екен, иман жүзді екен деген сенім сәлемдесуден басталған. Сәлем беру – өткінші міндет емес, өмірлік міндет. Ендеше, одан жаңылуға да, жалығуға да хақымыз жоқ. Сәлемдесуге байланысты мақал-мәтелдер:

1. Сәлем – сөздің анасы.
2. Әдепті елдің баласы
Алыстан сәлем береді.
3. Сәлем беру де – парыз
Сәлем алу да – парыз.

Кішіпейілділік пен қайырымдылық адамның барлық іс-әрекетінен, қимыл-қозғалысынан, өзін ұстауынан, мінез-құлқынан, сөзінен, ең ақыры киген киімінен аңғарылып тұрады. Кішіпейіл адам адамгершілігі мол, мейірімді болады. Кішіпейілділік – кішілік емес, кісілік дейді халқымыз. Адал адам – ешкімнің ақысын жеп күн көрмейтін, ғайбат сөйлемейтін, кісіге қиянат жасамайтын жан.

Арамдыққа құл болма,

Адал болсаң.

Нашарларды қинама,

Адал болсаң.

(Н.Хосрау).

Тәртіптілік – әдептің бір түрі. Тәртіпті орнатудың негіздері: Дәстүр, әдет-ғұрып, қоғамдық және мемлекеттік талаптар.

Нысап – діннің жаршысы. Өйткені, нысаптылық –

күдәйге қарағандылық. Нысап-әдептіліктің басты нышаны. Ол әділдікті, турашылдықты, өзінің және басқалардың да құқығын мойындау мен құрметтеуді қамтиды. Тәуекелге келу біреулердің жаман істерін көріп, ондайдан безініп, өзінің ондайды істемегеніне шүкіршілік жасап, О тоба! деп нысапқа келу.

Сабырлылық – адамның өзін-өзі билеуі, ісін, әрекетін, алдына қойған мақсатын, ісін бағындыра білуі, қиыншылықтарды жеңіп, өзінің сезімдерін қадағалауды жүзеге асыра алуы. Ата-бабаларымыз: «Сабырлы жетер мұратқа, сабырсыз қалар ұятқа», - дейді.

Қанағатшылдық – әдептіліктің басты белгісі және негізі. Нысапты адам қанағатшыл. Қанағатшылдық адамды адамшылықтан тайдырмайды, аздың өзіне қанағат қылдырады.

Жомарттық – адамның ең тамаша қасиеттерінің бірі. Ол адамға қызмет қылып, зәру адамдармен шын жүреппен бөлісуі.

Жақсылыққа жақсылық –

Әр кісінің ісі.

Жамандыққа жақсылық –

Нар кісінің ісі.

Ы.Алтынсариннің «Таза бұлақ» әңгімесі бойынша қойылым қою.

Бұл әңгіме оқушыларды бұлақтай таза болуға, ерінбей еңбек етуге, адамға жақсылық жасауға шақырып, көңілің ашық болсын деп имандылыққа баулиды.

Қорытынды: өз бойына әдемілік пен әдептілікті, қарапайымдылық пен кішіпейілділікті, жомарттықты, сабырлылық пен адалдықты, адамгершілікті тәрбиелей білген адам иманды да әдепті танылатыны сөзсіз.

Өлең – «Атамның өсиеті».

Әдеп сақтағанда Әрбір адал адамға.

КӘСІБИ, ТЕРМИН СӨЗДЕРДІ ОҚЫТУ

Сабақтың мақсаты: білімділік – жаңа тақырыпқа мағлұмат беру. Алған білімдерін жинақтау; **дамытушылық** – ойлау қабілеттерін, сөздік қорларын, Отанды сүйу, адамгершілік қасиеттерін дамыту; **тәрбиелік:** ойын түрлері арқылы оқушылардың тапқырлық, ізденімпаздық қасиеттерін қалыптастыру, мәдениеттілікке тәрбиелеу.

Түрі: аралас сабақ. **Әдісі:** сұрақ-жауап, түсіндіру, ойын. **Пәнаралық байланыс:** тарих, ағылшын, орыс тілі. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, слайдтар, сызба жұмыстары.

Сабақтың барысы.

1. Ұйымдастыру кезеңі.

Сәлемдесу.

Кезекші арқылы жоқ оқушыны тексеру.

Сабаққа дайындықтарына және топ тазалығына көңіл бөлу.

2. Үй тапсырмасын тексеру.

«Үндестік заңы». «ҚР-ның 2030 бағдарламасы».

- Үндестік заңы дегеніміз не?

Мысал келтір.

- Буын үндестігі дегеніміз не?

Мысал келтір.

- Дыбыс үндестігі дегеніміз не?

- Дыбыс үндестігінің өзі нешеге бөлінеді?

- Ілгерінді ықпал дегеніміз не?

Мысал келтір.

- Кейінді ықпал дегеніміз не?

Мысал келтір.

- Тоғыспалы ықпал дегеніміз не?

Мысал келтір.

- Алдарында осы үндестік заңына байланысты тест сұрақтары.

- Тестінің дұрыс жауаптарын интерактивті тақта арқылы табу.

- Алған бағаларын сабақ барысында толықтыру.

Сұрақ- жауап.

Сұрақтар:

ҚР- ның 2030 бағдарламасы қай жылы жарияланды?

(1997)

Осы бағдарламаның негізгі мақсаты мен міндеті не?

(Қазақстан халқының тұрмысын өркендету және қауіпсіздігін сақтау).

Бағдарламада Отанымыздың ұзақ мерзімге қойған күрделі неше мақсаты бар? **(7 мақсаты бар)**

Енді сол 7 мақсатқа тоқталайық. /Интерактивті тақтадан пердені ашып тұру/.

Ұлттық қауіпсіздік.

Ішкі саяси тұрақтылық пен қоғамдық топтасуы.

Шетел инвестициясының деңгейі жоғары, дамыған нарықтық экономикаға негізделген экономикалық өсу.

Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білім мен әл - ауқаты.

Энергетика ресурстары.

Инфрақұрылым, әсіресе, көлік және байланыс.

Негізгі міндеттерімен ғана шектелетін кәсіпқой мемлекет.

Осы бағдарламадағы шежірелерді атап өту үшін **«Сандар сөйлесін» ойынын ойнаймыз.**

/дұрыс жауапты стрелка арқылы қою/

Тәуелсіздік алды.

1991ж.

Дүние жүзінің құрылтайы қашан болды?

1992ж.

ҚР-ның Конституциясы қашан қабылданды?

1991ж.

Халықаралық отбасы жылы?	1994ж.
Бейбітшілік пен рухани татулық жылы.	1996ж.
Жалпыұлттық татулық және саяси қуғын-сүргін жылы.	1991ж.
Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылы.	1998ж.
Ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы жылы.	1991ж.
Мәдениетті қолдау жылы.	2000ж.
Денсаулық сақтау жылы.	1991ж.
Ауылды қолдау жылы.	2003-2005 ж.ж.

Жаңа сабақ.

Кәсіби сөз, термин сөз.

Кәсіби сөз дегеніміз – тілдің сөздік құрамының үлкен бір саласы, яғни, профессионализм. Мұндай сөздер белгілі мамандық, шаруашылық, тағы басқа болып келеді. Көп жағдайда терминдермен қабысып жатады, мәселен, металлургия, шлак, забой, скат, проводник, кондуктор, крановщик, т.б. сөздер орыс тілінде қолданылып жүр.

Өз сөзіммен айту.

Термин сөз дегеніміз – бірдеменің шегі, шекара, шекарашылық белгі терминдер тілде ғылым мен техника, мәдениеттің әр саласына қатысты белгілі бір ұғымды дәл білдіретін арнаулы сөздер.

Терминдер – нақты бір ұғым атауы. Терминдердің лексиканың басқа түрінен басты айырмашылығы: көп мағыналы емес, бір-ақ нақты мағыналы болып келеді. Терминдер – ғылымның бір саласы.

Негізінен термин сөздер мен кәсіби сөздер бір-бірімен тығыз байланысты.

Мысалы:

Дәрігер	Шприц, анализ, мақта, қысым өлшеуіш, т.б.
Жылу жөндеуші	Отын, жанармай, тығыздық, өндіріс, жылу, т.б.
Мұғалім	Парта, бор, сынып, т.б.

- Мамандықтарына қатысты қандай кәсіби сөздерді білесіңдер? (1-2 сөзді айту).

- Ал, енді кәсіби мамандықтарға байланысты тақтадағы сөздерге назар аударайық.

- Сөздер сендерге таныс па? Олай болса, қазақша баламаларын тауып көрейік.

Осы сөздердің қазақша баламаларын қатыстыра отырып сөйлемдер құрастырып, сөздік жұмысын орындау.

Сөздік жұмысы.

1. *Рабочее тело* – жұмыстық денелер;

2. *Топливо* – отын;

3. *Источник тепла* – жылу көзі;

4. *Плотность* – тығыздық;

5. *Тепло* – жылу;

6. *Газовая смесь* – газдар қоспасы;

7. *Удельный объем* – меншікті көлем;

8. *Теплоемкость* – жылу сыйымдылығы;

9. *Промышленность* – өнеркәсіп;

10. *Металлургический комбинат* – *Металлургия комбинаты*.

Дәптермен жұмыс.

Сөздерді дәптерлерге жазып алу. Сөйлем құрастыру.

Оқушы жеке-жеке сөйлем құрайды.

Қарағанды қаласының металлургия комбинатында Н.Ә.Назарбаев портком хатшысы болып қызмет жасады.

Мұғалім өзі құрайды.

2. **Ендеше лексикалық тақырыбымыз: ҚР-ның тұңғыш президенті.**

**Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан
Әбішұлы Назарбаев**

1940 жылы Қаскелең ауданында дүниеге келген. Ол қарапайым шаруа отбасынан шыққан.	Еңбек жолын 1960 жылы Теміртау қаласында «Қазметаллургстрой» тресінде әр түрлі қызмет атқарудан бастады.	1969 жылы Теміртау қалалық комсомол комитетінің бірінші хатшысы болды.	1973 жылы Қарағанды қаласында металлургия комбинатында партком хатшысы болды.
1979 жылы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы болды.	1984 жылы Министрлер Кеңесінің төрағасы болды.	1984 жылы маусым айында Қазақстан Компартиясының бірінші хатшысы болды.	1990 жылы сәуір айында Қазақ КСР президенті болды.
1991 жылы желтоқсан айында ҚР – ның тұңғыш президенті болып сайланды.			

«Ұшқыр ойла» ойыны.

Берілген жылдар Н.Ә.Назарбаевтың өміріне қаншалықты қатысты. Кәне, ойланып табайық.

(Интерактивті тақтаға жылдар жазылып қойылады)

Осы сандардың тұсына интерактивті тақта қаламы арқылы жазады. Дәптерге жазу.

Мәтінге байланысты **полиглот** ойынын ойнатамын.

Қайраткер – деятель – figure .

Төраға – председатель – chairman.

Хатшы – секретарь – secretary.

Басқарма – правления – head.

Елбасы – президент – president.

Қарапайым – простой – simple.

Меңгеруші – заведующий – head.

Осы сөздердің орыс, ағылшын, неміс тілдеріндегі баламаларын табу.

Қорытынды: «Рефлексия».

Бағалау. Үйге тапсырма беріледі.

Ұлмекен ҚҰСАЙЫНҚЫЗЫ,
Астана қаласындағы
№32 мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

СӨЙЛЕУ ҚАБІЛЕТІ ЖӘНЕ МУЗЫКА

(7-сынып)

Сабақтың мақсаты: **білімділік** – оқушыларға ойын арқылы қазақ халқы өнерсүйгіш халық екенін таныту, біздің өміріміздегі музыка жайлы мағлұмат беру; **дамытушылық** – ауызша және жазбаша ойлау мен сөйлеу қабілетін дамыта отырып, оқушылардың тапқырлық, ізденімпаздық қасиеттерін қалыптастыру; **тәрбиелік** – оқушылардың музыкаға деген сүйіспеншілігін арттыру, музыканы түсіне білу, Қазақстанның эстрада жұлдыздарын құрметтеу.

Сабақ әдісі:

1. Баяндау.
2. Сұрақ-жауап.
3. Жалпы сыныппен жұмыс.

Сабақтың көрнекілігі:

Үнтаспа, бейнетаспа, Қазақстан Республикасының картасы, Алматы қаласына арналған альбомдар.

I. Ұйымдастыру кезеңі:

II. Мұғалім: - Ал, балалар, біз сендермен «Сөйлеу қабілеті және музыка» тақырыбын қарастырамыз. Қазір 8-сынып ұшағы болып Алматы қаласына саяхатқа аттанайық. Себебі, Қазақстанның көптеген эстрада жұлдыздары Алматыда тұрады. Мен өзіме көмекшілікке Камашова

Алинаны аламын.

III. Ұшақтағы күтуші бике Алина: - Сәлеметсіздер ме, құрметті жолаушылар, сіздерге жақсы жабдықталған 8-сыныбы ұшағын ұсынамын.

Алина: - Тыңдаңыздар, тыңдаңыздар, 8-сыныбы ұшағына отырғызу басталады.

Үнтаспадан Абайдың өлеңін тыңдау.

Туғанда дүние есігін ашады өлең,

Өлеңмен жер қойнына кірер денең.

IV. Мұғалім: - Ал, жолаушылар, мен сіздерге біздің өміріміздегі музыка туралы әңгімелейін.

Қазақ халқы – өнерсүйгіш халық. Оның музыкалық мәдениеті өте бай. Халқымыз ақындарды, әншілерді, сазгерлерді құрметтеген.

Жалпы, музыка классикалық және қазіргі жеңіл музыка болып бөлінеді. Классикалық музыка үлкен залдарда симфониялық оркестрмен орындалады. Классикалық музыка терең мазмұнды болып келеді.

Жастардың көбі жеңіл музыканы ұнатады: поп, рок, диско, рэп, техно және т.б. Жасөспірімдер техно және диско музыкасын жақсы көреді. Орта жастағы өнерсүйгіштер көбіне джаз, рок, поп деген бағыттарды ұнатады. Рок музыкасының негізін салушылар – «Битлз» тобы және Элвис Пресли болған.

Қазақстанда эстрада жұлдыздары көп. Олар: Роза Рымбаева, Нағима Есқалиева, Мақпал Жүнісова, Нұрлан Өнербаев және т.б.

Қазақстанның эстрада жұлдызы Роза Рымбаева 18 жасында «Ән өмірімен бірге» атты Бүкілодақтық конкурстың жүлдегері болып, әлем әншілерін таң қалдырған.

Ал халықаралық музыка фестивалі – «Азия дауысы» жүлдегері – Мақпал Жүнісованың ғажап дауысы, орындаушылық шеберлігі әлем халықтарын тамсандырған.

2003-2004 жылдары Қазақстан Республикасында еліміздің жас дарындарының арасында «Super Star KZ» байқауы өтті. Демеушісі – «Казкоммерцбанк». Байқаудың негізгі мақсаты – жаңа ұлттық вокалдық таланттарын табу. Мұндай байқаудың жүлдегері Алмас Кішкенбаев бүкіл Қазақстан халқына танымал болды.

Осы талантты әншілер Қазақстанның вокальдық өнерін әлемдік аренаға көтеріп келеді. Олардың әндерін бәріміз сүйсініп тындаймыз.

V. Мұғалім эстрада жұлдыздарын әңгімелей бастағанда бейнетаспадан Роза Рымбаева, Мақпал Жүнісова, Нағима Есқалиева, Нұрлан Өнербаев, Алмас Кішкенбаев туралы үзінділер көрсетіледі.

VI. Ұшақтағы күтуші бике:

- Құрметті жолаушылар, зейін қойып тыңдағандарыңызға рахмет!

- Қане, жолаушылар, кім айтады:

Қазақ халқы – қандай халық?

- Оның музыкалық мәдениеті қандай?

- Музыка қалай бөлінеді?

- Классикалық музыка қай жерлерде орындалады?

- Жастар қандай музыканы ұнатады?

- Ал орта жастағы өнерсүйгіштер ше?

- Қазақ өнерінде қандай эстрада әншілерін білесің?

- Саған қандай музыка жанры ұнайды?

- Қандай музыкалық аспаптарды ойнай аласың?

- Ал сіздердің араларыңыздан біздің атақты әншілеріміз

Роза Рымбаева, Нағима Есқалиева, Мақпал Жүнісова, Нұрлан Өнербаев секілді әншілер табылады ма екен?

VII. Оқушылар жауап береді.

1. Қазақ халқы – өнерсүйгіш халық.

2. Оның музыкалық мәдениеті өте бай.

3. Музыка – классикалық және қазіргі жеңіл музыка

болып бөлінеді.

4. Классикалық музыка үлкен залдарда симфониялық оркестрмен орындалады.

5. Жастардың көбі жеңіл музыканы ұнатады: поп, рок, диско, рэп, техно.

6. Орта жастағы өнерсүйгіштер көбіне джаз, рок, поп, деген бағыттарды ұнатады.

7. Батырбекова Қызғалдақ «Әлия» әнін айтып береді.

VIII. Күтуші бике: - Сіздердің бізбен саяхатқа шаққандарыңызға алғысымды айтамын. Сіздер жолдан шаршаған шығарсыздар. Сіздерге қызмет көрсеткеніме өте қуаныштымын.

IX. Мұғалім: - Ал, балалар, сендер үлкен саяхатқа шығып келдіңіздер. Енді менің сендерге деген ұсынысым бар: қазір оқулықпен жұмыс істейміз, бірнеше тапсырмаларды ауызша және жазбаша орындаймыз.

8.1.2-тапсырманы жазбаша орындалады. Берілген синонимдік қатардан артық сөзді табу.

8.1.4-тапсырмасын жазбаша орындау. Төмендегі сөз тіркестерін оқып, орыс тіліне баламасын жазу.

Жаңа сабақты пысықтау мақсатында 8.1.1. тапсырмасы орындалады.

X. Мұғалім:

- Балалар, сабақта біз немен айналыстық?

1. Біз қандай тақырыпты қамтыдық?

2. Сабақ барысында қандай жұмыстар жүргіздік?

3. Қандай ән айтылды? Ән кім туралы?

XI. Оқушыларды бағалау.



ӨНЕР АЛДЫ – ҚЫЗЫЛ ТІЛ

(8-сынып)

Мақсаты: 1. Оқушылардың тіл байлықтарын арттыру; 2. Оқушылардың ақылдылығы мен білім деңгейін сайыстыру арқылы тексеру; 3. Оқушылардың ойларын дұрыс жеткізіп айтуға, өздерін салмақты ұстай білуге тәрбиелеу.

Түрі: сайыс сабағы. **Әдісі:** сұрақ-жауап. **Көрнекілігі:** кестелер, сызбалар. **Пәнаралық байланыс:** әдебиет, география, қазақ тілі.

Сабақ барысы:

I. Ұйымдастыру. а) Оқушылардың зейінін сабаққа аударып, амандасып, оқушыларды түгелдеу; б) Ортаға 8 оқушыны шығару.

II. Кіріспе.

- Ал, балалар, осы ортаға шыққан 8 оқушы – өздерінің күшіне, біліміне, жеңіске жетуіне сенімі мол оқушылар. Енді біз осылардың ішіндегі ең алғыр, ең білімді, яғни, «сегіз қырлы, бір сырлысын» табу үшін оларға сайыс ұйымдастырамыз. Сайысымыз сегіз бөлімнен тұрады. Алдымен сіздерді сайыстың шарттарымен таныстырып өтейін. Оқушыларды әділқазылар алқасы бағалайды. Ең жоғары баға – 10 ұпай. Әрбір екі бөлімнен кейін ұпайы аз екі оқушы ойыннан шығып отырады. Ең жоғары ұпай жинаған оқушы жеңімпаз болып табылады.

Ал, іске сәт, балалар!

1-сайыс – Тапқырлық.

а) Айтылмай қалған сөзді тауып, кімнің қай шығармасы-

нан алынғанын айт.

1. Әсемпаз болма әрнеге,
Өнерпаз болсаң арқалан.
Сен де дүниеге,
Кетігін тап та, бар қалан!
2. Аяз әліңді біл, ... жолыңды біл.
(Құмырсқа-муравей)
3. ... түбі-қорлық
4. Бір құмалақ бір қарын ... шірітеді.
5. Қыста аяз болады, жауады.

б) Сөз тіркесінің мағынасын бір сөзбен айту.

Төбесі көкке екі елі жетпеді (қуанды).

Құлаққа ұрған танадай (тыныштық).

Кеудесіне нан пісу (мақтану).

Бетінен оты шығу (ұялу).

Бас бармағын шайнау (өкіну).

Ит өлген жер (алыс).

2-сайыс бөлімі – Өнерлі өрге жүзер.

Әрбір оқушы қалауы бойынша өз өнерін көрсетеді. Осы бөлімнен кейін балы аз екі оқушы ойыннан шығады.

3-сайыс бөлімі – Пәнаралық байланыс.

Біз қазақ тіліне ең жақын деген 4 пәнді алдық. Әрбір оқушы реті бойынша қалаған пәнін таңдап, сол пәннен келген сұраққа жауап береді. Осылай екі рет қайталанады.

Әдебиеттің сұрақтары:

1. Ұлы классик ақынымыз кім, өмір сүрген жылдары?

(Абай, 1845-1904)

2. Әдебиеттің жанрлары қандай?

(роман, повесть, әңгіме, новелла, поэзия, өлең, т.б.)

3. «Зытып келем, зытып келем, артыма қарай-қарай

зытам»

«Зытып келе жатқаным – қашып келем» ... - кімнің шығармасының үзіндісі? (Ғ.Мүсірепов. «Қазақ солдаты»).

Тарихтың сұрақтары:

1. Қазақ хандығы қай ғасырда құрылды? (ХІ ғасыр)

2. Қазақтың ең бірінші, ең соңғы хандарын ата. (Керей-Кенесары)

3. «Елім-ай» әнін шығарған кім? Қай оқиғаға байланысты шығарылған?

(Қожамберді жырау. Ақтабан шұбырындыға)

4. ХVІІІ ғ. Қазақтың хандарын, билерін ата? (Тәуке, Болат, Абылай, Төле би, Әйтеке би, Қазыбек би)

География сұрақтары:

1. Мұхиттар жер бетінің қанша бөлігін алып жатыр және мұхит суы неліктен ащы? (4/3 бөлігін, Мұхит суының құрамында химиялық заттардың бәрі бар. Онда тұздар, газдар, организмдердің тіршілік нәтижесінде түзілген органикалық заттар еріген. Судың ішінде ерімейтін бөлшектер де кездеседі. Басқа тұздар мұхитқа материктерден құйылатын сумен бірге келеді).

2. Табиғат комплексіне не жатады? (адам, климат, су, жануарлар, өсімдіктер, топырақ, жер бедері және тау жыныстары)

3. Қазақстанмен шектесіп жатқан қандай бауырлас елдер бар? (Өзбек, қырғыз, қарақалпақ)

Ән-күй сұрақтары:

1. М.Шахановтың сөзіне жазылған әндер («Әке туралы жыр», «Арыс жағасында», «Ақ бантик», «Туған күн кешінде», «Жұбайлар жыры»)

2. Қазақтың қандай сал-серілерін білесің? (Біржан сал, Ақан сері, Балуан Шолақ, Иман Жүсіп, Сегіз сері, Жаяу Мұса)

3. Қазақтың еңбек сіңірген әншілерін ата: (Р.Рымбаева, Р.Бағланова, Е.Хасанғалиев)

4-сайыс. Қиын жағдайда.

Әрбір оқушыға әр түрлі оқиғалар жазылған қағаздар

таратылады. Олар осы оқиға кезіндегі өздерінің іс-әрекетін көркем тілмен жеткізіп беруі керек.

5-сайыс. Шешендік.

Әрбір оқушыға белгілі бір тақырып беріледі. Осы тақырыпқа қатысты 5 мақал айтуы керек (еңбек, Отан, жан-жануар, ерлік, батырлық)

6-сайыс. Мәнерлеп оқу.

Әр оқушыға әр түрлі өлең беріледі (М.Шаханов өлеңдері)

Көрермендер сайысы:

Көрермен болып отырып қалған оқушыларға көртішкелер таратылып, сұрақтар қойылады:

1. Қазақта, жалпы мұсылманда қай ай қасиетті деп саналады? (Рамазан айы)

2. Оқшау сөздерге не жатады? (қыстырма сөздер, қаратпа сөз, одағай)

3. Мына жағдайды хабарлы, лепті, сұраулы және бұйрықты сөйлем қылып айтып бер.

Әкем қаладан келді. (хабарлы сөйлем)

Әке, қаладан келдің бе? (сұраулы сөйлем)

Алақай, әкем қаладан келді! (лепті сөйлем)

Әке, қаладан тез кел ! (бұйрықты сөйлем)

7- сайыс.

Көптің көңілінен шыға біл.

Әділқазылар мен көрермендер әр оқушыға 3 сұрақтан қояды.

8-сайыс.

Болашаққа көз салсам.

Екі оқушыға да ортақ тақырып – 2030 жылы Қазақстанды қандай ел болады деп ойлайсың? Екі оқушы да дайындалады, ұпайы көбі сыртқа шыға тұрады.

Ұпайы азы сөйлеп болған соң, екінші оқушы кіріп, өз ойын ортаға салады.

Әділқазылар жеңімпазды анықтайды. I және II орынды

соңғы екі оқушы иеленеді.

I. Қорытынды.

Соңғы қалған екі оқушының ұпайы көбі жеңімпаз болып табылады да, оған бірінші орынды алғаны үшін мақтау қағазы табыс етіледі. Екінші орынға да мақтау қағазы беріледі.

II. Бағалау.

5 сайыстан кейін іріктеліп, қалған төрт оқушыға «5» деген баға, қалған 4 оқушыға «4» деген баға қойылады. Басқа оқушылар жауаптарына қарай бағаланады.

Осымен «Өнер алды – қызыл тіл» атты сайыс сабағымызды аяқтаймыз.



Анар ДАИРОВА,
Көкшетау қаласындағы
№8 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

«Қ» ДЫБЫСЫН ОҚЫТУ

Сабақтың мақсаты: білімділік – қазақ тіліне тән қ әрпі және дыбысымен таныстыру, айтылу, жазылу жолдарын үйрету, оқу құралдарын толық меңгерту; **дамытушылық** – тақырыпқа байланысты жаңа сөздерді меңгерту арқылы оқушылардың сөздік қорын байыту, сөйлеу тілін дамыту; **тәрбиелік** – оқу құралдарын күтіп ұстап, таза жүру керектігін айтып, тәрбиелік мәні бар әңгіме жүргізу.

Әдіс-тәсілдер: сұрақ-жауап, түсіндіру, көрсету, салыстыру, тыңдау, бірге қайталау, оқу. **Көрнекілігі:** қ әрпінің үлкен кеспе түрі. Осы әріптен басталатын заттардың кеспе суреттері. Тірек-сызбалар. Оқу құралдарының суреттері.

Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру кезеңі.

1. Амандасу.

2. Үйреткен сұрақтарға жауап алу.

- Сенің атың кім?

- Сен қай қалада тұрасың?

- Сен қай көшеде тұрасың?

- Сен қай мектепте оқисың?

- Сен нешінші сыныпта оқисың?

- Сенің жасың нешеде?

II. Үй тапсырмасын тексеру.

1. «Ғ» қандай дыбыс?

Ғ дыбысының жасалу жолын кім айтады?

Құрамында ғ дыбысы бар қандай жаңа сөздерді білесіңдер?

2. Сергітуді жатқа тексеру. Сергіту ретінде өткізу.

Қане, қанат жазайық,

Қарлығаш боп ұшайық.

Ұшып, ұшып алайық,

Орнымызға қонайық.

3. Біз сендермен өткен сабақтарда қандай әріптермен, дыбыстармен таныстық?

III. Жаңа сабақ.

1. Бүгінгі сабақтың тақырыбын таныстыру, мақсатын, барысын айту.

2. **Қ** дыбысының айтылуын, жасалу жолын түсіндіру.

Бұдан кейін оқушылардың өздеріне **қ** дыбысын айтқызып байқату керек.

2. Тапсырмалармен жұмыс.

1-тапсырма.

1) Көрнекілік бойынша **Қ** әрпінің баспа және жазба түрімен таныстыру.

2) Сурет бойынша сөздерді оқу. Қанат, қоян, қар, қуыршақ, қаз, қыз.

1. Сөздерді оқып таныстыру.

2. Оқушылар қайталайды.

3. Кесте арқылы қосымша сөздермен таныстыру. Қасқыр, қаз, құлын, аққу, қайық.

4. Түсіп қалған әріпті тауып оқы.

2-тапсырма. Тыңда, қайтала.

1) Сөздерде **қ** дыбысын дұрыс айтқызып үйрету.

2) Оқушылар бірге, тізбектеп қайталайды.

3) Сөздерді буынға бөліп үйрету: қу-ыр-шақ, о-қу-шы, қалам, қар-лы-ғаш.

5. Буыннан сөз құрау. Сызбаны қолдану.

3-тапсырма. Сөйлеп үйрен.

1. Сөздікпен жұмыс.

Оқы – читай;

Жаз – пиши.

1) Сөздердің мағынасын түсіндіру.

2) Оқушылар тыңдап, қайталайды.

Тақтаға бір оқушыны шығарып, сөз тіркесін, сөйлем құрап үйрету.

Әділ.

Әділ-оқушы.

Ол 1-сыныпта оқиды.

Қалам.

Қызыл қалам.

Қызыл қалам жазады.

4-тапсырма. Жаңылтпашты тыңда, тез айтып үйрену.

1) Жаңылтпаш айтуға тілдерін жаттықтыру.

2) Жаңылтпаштан қазақ тіліне тән дыбыстарды тауып айтқызу.

Қарға, қарға, қарғалар,

Қар үстінде жорғалар.

Сергіту сәті: Орнымыздан тұрайық ...

5-тапсырма. Оқу құралдарының атауларын біліп ал.

1. Көрнекілік бойынша оқу құралдарын көрсете отыра, оларды атап айтқызу.

Неге қоян артық?

Жазу үлгісі.

1. Қ әрпінің жазылуын таныстыру.
2. Сөздерді дәптерге үлгі бойынша үстерінен жүргізіп жазу.

Сабақты бекіту: Сурет бойынша Қ әрбіне байланысты сөздерді атау.

Сабақты қорытындылау:

- Бүгін біз сендермен қай әріппен, дыбыспен таныстық?
- Қ қандай дыбыс?
- Не үйрендіңдер?
- Не білдіңдер?

Үйге тапсырма беру. Бағалау.



Зәуреш ҚАЙЫРОВА,
Ақмола облысының
Щучинск қаласындағы
№8 мектеп-гимназияның
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

КӨКШЕТАУ Өңірінде – Есімдік

(7-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – Көкшетау өңірі туралы жалпы мәліметтер беру, есімдік туралы алған білімдерін іс жүзінде пайдаланып, сөз тіркестерін, сөйлем құрастыра білу; **дамытушылық** – ауызекі сөйлеу тілдерін, ойлау қабілеттерін дамыту; **тәрбиелік** – Отанды сүю, туған жерді, оның табиғатын қорғауға, сақтауға тәрбиелеу.

Типі: аралас сабақ. **Әдіс-тәсілдері:** «Оқу мен жазуды сын тұрғысынан ойлаудың» бірнеше элементтері (кластер,

миға шабуыл, ББҰ, 5 жолды өлең), әңгімелеу, топтық жұмыс, мәтінмен жұмыс. **Көрнекілігі:** интербелсенді тақта, слайдтар, «Көкшетау өңірі», тірек-сызбалар, кесте.

Пәнаралық байланыс: география, әдебиет, орыс тілі.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі:

а) Сәлемдесу.

ә) Кезекшінің мәлімдеуі.

б) Топтарға бөлу – сыныпты үш топқа бөлу (барлық оқушы жауап беріп шығу керек).

2. Сабақтың жоспары:

- Кіріспе сөз.
- Жаңа сабақ.
- Бекіту кезеңі.
- Сабақты қорыту.
- Оқушылар білімін бағалау.
- Үйге тапсырма.

1. Мұғалімнің кіріспе сөзі: - Балалар, бүгін біз сіздермен ерекше сабақ өтеміз. Сабағымызды бастамас бұрын, сіздермен сабақтың ұранын қайталап өтейік (оқушылармен бірлесіп оқытырып, хормен қайталаймыз).

Айналаңды қоршаған,

Туған жерді сүйе біл.


Қауып-қатер төнсе оған,

Қамқор болып, қорғай біл.

- Жақсы, оқушылар, отыра қойыңдар. Енді, назарымызды тақтаға аударайық.

«Миға шабуыл» стратегиясы – 1 минут жұппен, 1 минут топпен жұмыс.

- Сендер «**ТУҒАН ЖЕР**» деген сөзді естігенде көз алдарыңа нені елестетесіңдер? (слайд №2)



- Енді, балалар, жазған сөздермен қосымша тапсырмаларды орындайық:

- Жазған сөздермен сөз тіркесін құрастырыңдар;
- Сөйлем құрастырыңдар.

Осыдан соң үйге берілген Қ.Аманжоловтың «Көкшетау» поэмасынан жатқа үзінді сұрау.

II. Жаңа сабақ.

- Балалар, сабақтың тақырыбын сандардың құпиясын ашу арқылы табамыз. Ол үшін назар аударып, сандарды орнына ретімен қоямыз (Слайд №3)

Тау – 3, ше – 2, өң – 4, көк – 1, і – 5, рі – 6

- Сонда қандай сөз шықты?

- Дұрыс. Біздің бүгінгі тақырыбымыз «Көкшетау өңірі».

Дәптерлерінді ашып, күнді, тақырыпты жазыңдар.

- Көкшетау өңірі қандай деп ойлайсыңдар?

- Көкшетау өңірі туралы не білесіңдер?

«Түртіп алу» стратегиясы. Осы тапсырманы оқушылар жеке, жұпта, сосын топта талдап, ортақ жауапты шығарады, топ басшылары оны қорғайды (Слайд №4)

Білемін	Білгім келеді	Үйрендім
Мысалы: - Табиғаты әдемі. - Бурабай. - Қалың орман.	Мысалы: - Бурабай жерін кімдер зерттеген? - Қандай таулар бар? - Қанша көлдер бар?	Бұл бөлігін мәтінмен танысып болғаннан кейін негізгі түйіндерді бөліп толтырады.

Тақтаға жоғарыдағы кесте сызылады. Кестенің «Білемін», «Білгім келеді» деген бөліктерін оқушылар жазып толтырады.

1) Интербелсенді тақтада слайдтар арқылы жаңа тақырыпты түсіндіру.

«Көкшетау өңірі» (слайд №5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17)

- Балалар, туған Көкшені теледидардан көріп, кітаптан оқып, қаншама тыңдағанмен бар сұлулықты жеткізе алмай, айта алмай отырғандай боламыз. Сол ғаламат сұлулықты өз көзімізбен көрейік. Көкше таулары мен қия жартастары берік гранит тастардан құралған. Гранит тастар желдің, судың, ыстық-суықтың әсерімен мыңдаған жылдар қирап, сынып мүжіліп, адам қолынан жасалғандай әр алуан мүсіндегі сұлу шыңға, жартастарға айналған. Олардың кейбірі: шөгіп жатқан атанға, жайылған қойға, сиырға, ұйықтаған батырға, қоянға, тасбақаға, арыстанға, пілге ұқсайды. Қыраттардың тауарлық ойыстары көлдерге айналған. И.Я.Словцов 1878 жылы Көкшетау жерін толық аралап шығып, тарихи географиялық очерк жазғанда көлдердің санын жүзден асырады. Бурабайды зерттеуші Н.Д.Беклемишев Бурабай курортының ауа райы ылғалды, жауын-шашынды болуына қарай көл санының 70-ке жететінін айтады. Бірақ ол Көкшетау қаласының оңтүстік-батыс, терістік жағындағы көлдерді есепке алмайды. Көкшетау қыраты батыстан-шығысқа қарай 450 шақырымға, оңтүстіктен солтүстікке қарай 9000 шақырымға созылып жатыр. Қыраттағы ең биік төбелердің биіктігі 600-947 метр. Гранит таулы, қайыңды, қарағайлы орманды көркем өңір. Бурабай курортты

аймағында санаторий мен профилакториялар, туристік база, қысқа мерзімді демалыс базалары жұмыс істейді.

- Балалар, әр азамат өзінің туған жерінің табиғатын сақтап, елінің тарихын біліп өсу керек. Табиғатты аялау, тіршілікті аялау – ол келешек қоғамның қамын ойлау. Ол үшін табиғатпен адамның бөлінбейтін біртұтас дүние екендігі жайлы ұмытпағанымыз дұрыс.

2) Сөздік жұмыс. 50-бет (оқулық)

А) Жаңа сөздермен жұмыс жүргізу. Сөздерді екі тілде мәнерлеп оқиды, мұғалімнен кейін хормен қайталайды.

«Есте сақта, жадында тұт» ойыны (Слайд №18)

Ойынның шарты: оқушылар жаңа сөзді тауып алу керек.

Мақсаты: оқушының есте сақтауын тексеру.

- Балалар, тақтаға қарап қандай сөз жасырылып тұрғанын айтыңдаршы.

Етегінде – у подножья;

... – величавый;

Айтып жеткізу қиын – ... ;

Өңір – ... ;

... – возвращать;

Мекеме – ... ;

... – обитает;

Мекендейді –

Өзіңді тексер (слайд №19)

Мұнда оқушылар істеген тапсырманы тексеріп шығады.

Кім жылдам орындайды! (слайд №20)

Мақсаты: сөздік қорын тексеру.

- Сөздердің аудармасын тауып, сәйкестендір.

Асқар тау

Ағынды өзен

Касиетті тіл

Құдіретті үн

Табиғатты қорғау

- защищать природу

- святой, достойный язык

- высокие горы

- быстрая река

- всемогущее звучание

№21)

1) - Есімдік деген не?

- Есімдіктің түрлерін атап беріңдер.

2) **Мәтінмен жұмыс** (51- бет).

- Балалар, осы мәтіннің ішінде есімдік бар ма? Сол сөздерді талдап беріңдер.

- Тірек-сызбалар бойынша сөз тіркестерін құрастырыңдар:

(слайд №22)

Жіктеу есімдігі + зат есім

Сұраулы есімдік + етістік

Өздік есімдік + етістік

Болымсыздық есімдік + етістік

Сілтеу есімдігі + зат есім

- Есімдіктерді пайдалана отырып, сөйлемдерді аяқтаңдар:

(слайд №23)

... табиғаты өте көркем.

... – қазақтың Швейцариясы атанған өлке.

... Бурабайда мұражайға бардым.

Орманда негізінен ... ағаштар өседі?

Ол ... өлке?

Көлдері ... толық?

3) **51-беттегі мәтін бойынша жұмыс.**

- Мұғалім мәтінді мәнерлеп оқиды.

- Оқушылар мәтіннен жаңа сөздерді тауып, сөз тіркесімен бірге аударады.

- Оқушылар тізбектеп оқып, аударады.

- Мұғалім мәтін бойынша сұрақ қояды, оқушылар жауап береді.

IV. Сабақты бекіту.

- Қазір біз жаңа тақырыпты меңгеру үшін мәтін бойынша жұмыс істейміз. Ол үшін әр оқушы жеке, жұпта, сосын топта төмендегі тапсырмаларды орындайды (слайд №24).

- Кестенің «Үйрендім» бөлігін толтырады (слайд №4)

- «Бес жол өлең» стратегиясы.

1-жол – зат есім (өңір);

2-жол – екі сын есім (әдемі, көркем);

3-жол – үш етістік (өседі, құрылған, мекендейді);

4-жол – төрт сөзден тұратын сөйлем

(Көкшетаудың табиғаты өте көркем);

5-жол – синоним (өлке).

V. Жаңа сабақты түсінгенін тексеру. Әр топқа тапсырма беріледі: тапсырмаларды әр оқушы жеке, жұпта, топта орындайды, сосын әр топ өз жұмысын жеке қорғайды (слайд №25)

1-топ мәтін бойынша диалог құрастырады.

2-топ мәтін бойынша тест құрастырады.

3-топ мәтіннің мазмұнын ашатын 5 сұрақ дайындайды.

VI. Қорытынды.

Сұрақ-жауап арқылы сабақты қорытамыз.

- Бүгін сабақта не туралы сөйлестік?

- Қандай грамматикалық тақырыпты қайталадық?

- Өзіңе пайдалы мәлімет алдың ба?

- Сабақта ең ұнағаны не?

VII. Бағалау.

VIII.Үй тапсырмасы. «Қазақстанның табиғаты» тақырыбы бойынша шығармаға дайындалу.

- Сабақтың соңында Е.Ибраһимнің өлең жолдары оқылып, мазмұнына лайық суреттер көрсетіледі (Бір оқушы оқып береді).

- Балалар, осымен бүгінгі сабағымыз аяқталды. Сабақ өз мақсатына жетті. Көкшетау өңірі туралы көптеген құнды мәліметтер алдық және осы білімімізді есімізде ұстап, сақтап, өз жерімізді, елімізді қорғауға жұмсайық! Сау болыңыздар!

БАСТАУЫШТЫ ҮЙРЕТКЕН БӘЙТЕРЕК

(8-сынып)

Қазақстан мен оның астанасы үшін «Бәйтерек» – Мәскеудегі Қызыл Алаң немесе Нью-Йорктегі Бостандық статуясы секілді нысан. Бұл монументтік құрылыс бір өзіне философиялық, саяси және тарихи ойды тұтас біріктіріп жинақтаған.

Н. Назарбаев.

Сабақтың мақсаты: 1. Оқушылардың еліміздің бас қаласы – Астана жайлы білімдерін байқау және толықтыру. Астана туралы өз ойларын толық жеткізе білу дағдыларын қалыптастыру, өздігінен сұхбат құрастырып, жатқа өлең айта білуге ынталандыру. Бастауышты қайталап, оның құрамына қарай түрлерін ажырата білуге үйрету. “Бәйтерек” кешені жайлы білімдерін кеңейту; 2. Ой-өрісін, ауызекі сөйлеу дағдысын қалыптастыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту, сөздік қорын молайту; 3. Астана қаласы жайлы білім бере отырып, туған жерге, Отанға деген сүйіспеншілігін, пәнге деген қызығушылығын арттыру.

Түрі: аралас сабақ. **Әдісі:** сұрақ-жауап, әңгімелеу, мәнерлеп оқу, мәтінмен, оқулықпен, интерактивті тақтамен жұмыс, сұхбат құрастырып айту, өлең оқу, кластер.

Сабақтың барысы:

1-кезең. “Сөйлеу әдебі”.

1. Ұйымдастыру кезеңі.

2. “Астанам менің” тақырыбы бойынша шығармашылық

үй тапсырмасы:

- Астана қаласы жайлы әңгімелеу;

- Астана қаласы жайлы сұхбат құрастырып айту;

- Астана жайлы жатқа мәнерлеп өлең оқу;

2-кезең. “Сөз сыры”.

1. Сөздік жұмысы.

2. Оқулықпен жұмыс.

2.1. Мәтінді оқып, мазмұнын түсіндіру.

3. Мәтіннің мазмұнын айту.

3.1. Өзара сұрақ-жауап жүргізу.



3-кезең. “Грамматикалық қоржын”.

1. Сұрақ - жауап әдісі арқылы бастауышты қайталап, еске түсіру:

- Бастауыш дегеніміз не?
- Бастауыш қандай сұрақтарға жауап береді?
- Құрамына қарай қандай түрлерге бөлінеді?
- Мысал келтіріңдер.

2. Интерактивті тақтада жұмыс:

а) кесте бойынша жұмыс.

Дара және күрделі бастауыш

... бастауыш	... бастауыш
1. Балалар үйлеріне тез қайтты. 2. Жаңбыр құйып кетті. 3. Өтеген он төрт жаста.	1. Үй іші ұзақ жым-жырт болды. 2. Еңбек еткен ер атанар. 3. Менің айтып отырғаным – ақыл.

ә) 2.3.2 – тапсырманы орындау (оқулық тапсырмасы).

Сөйлемдерді көшіріп, бастауышты табыңдар.

Бастауыштың дара немесе күрделі екенін айтыңдар.

б) 2.3.4 – тапсырманы орындау (оқулық тапсырмасы).

Көп нүктелердің орнына бастауышты қойып жазыңдар.

в) «Бәйтерек» сөзіне морфологиялық сатылай кешенді

талдау жасау.

4-кезең. “Дыбыс сазы”.


1. Фонетикалық талдау.

Берілген сөздерге фонетикалық талдау жасау.

5-кезең. “Ойбөліс”.

Сабақты пысықтау.

1.«Бәйтерек» сөзіне ассоциация жасау.



6-кезең. “Түйін”.

Сабақты қорытындылау.

1. Сұрақ-жауап.

- Бүгінгі сабақ не жайлы?
- Сабақтан қандай білім алдыңдар?
- Қандай түйін жасай аласыңдар?

2. Президент сөзі.

- Балалар, мен бүгінгі сабақты Елбасының Қазақстан жастарына арнаған сөзімен аяқтағым келеді.

“Менің Қазақстан жастарына айтар тілегім мынадай: Сіздерге міндетті түрде сапалы білім алу керек, ол сіздерге сенімді іргетас болады, онсыз сіздер өзіңіздің болашағыңызды, өз балаларыңыздың болашағын, бүкіл еліміздің болашағын жасай алмайсыздар...”

Н. Назарбаев. “Қазақстан жолы” .

3. Үйге тапсырма: “Бәйтерек” және “Тәуелсіздік монументі” ескерткіштері қай қалаларда және олар ненің символы екенін жазып келіңдер.



Жанар КЕНЖЕБАЕВА,
Астана қаласындағы
№62 мектеп-лицейдің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ЖАНУАРЛАР ӘЛЕМІНДЕ ЖАЛҒАУЛАРДЫ ҚАЙТАЛАУ

(4-сынып)

Сабактың мақсаты: **білімділік** – оқушылардың жануарлар тақырыбы бойынша білімдерін жинақтау, жүйелеу. Қазақ тілінің жалғаулары туралы білімдерін бекіту; **дамытушылық** – оқушылардың ойлау қабілетін дамыту, үйренген сөздері мен сөз тіркестерінен сөйлем құрап үйрету, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, сөздік қорын молайту. Грамматикалық тапсырмаларды саналы түрде түсініп орындау; **тәрбиелік** – әдептілікке, ұжымшылдыққа, табиғатты және қоршаған ортаны сүюге тәрбиелеу.

Әдісі: жаңа технология стратегиялары: ой қозғау, сұрақ-жауап, топтастыру, әңгімелеу, диалог құрау. **Түрі:** қайталау, білімді нақтылау. **Типі:** дәстүрден тыс (Ертегі сабақ). **Көрнекілігі:** суреттер, үлестірмелі кәртішкелер, бейнетаспалар, жемістер. **Пәнаралық байланыс:** қазақ әдебиеті, дүниетану.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі:

а) Оқушылармен сәлемдесу.

ә) Оқушыларды сабақтың тақырыбымен, мақсатымен таныстыру.

Мұғалім: - Балалар, алдымен қазір біз сіздермен мультфильм көріп тамашалайық.

Мультфильм көру.

Мұғалім: - Балалар, бүгінгі біздің сабағымызды орыс жазушысы Корней Чуковскийдің «Қайырымды дәрігер Айболит» ертегісі бойынша өткіземіз. Сол Қайырымды дәрігер Айболит - мен боламын, ал сендер менің көмекшілерім боласыздар. Біз қолымыздан келгенше, көмек сұраған барлық жануарларға көмектесеміз.

Ертегі кейіпкері:

Қоян сыныпқа кіріп келді.

Қайырымды Айболит дәрігер:

- Балалар, бізге қонаққа кім келді?


- Қоян.

- Балалар, биылғы 2011 жыл қай жыл?

- Қоян жылы.

Қайырымды Айболит дәрігер:

- Балалар, қоян қандай?



Қоян

Қоян: - Дәрігер, менің басым ауырып тұр, көмектесіңізші?
- Көмектесейін, мына дәріні ішіңіз.

1-тапсырма. Тақтамен жұмыс.

А) «Сәбіз» сөзін тәуелдеу.

Қоян қуанып, орнына отырады.

Қайырымды Айболит дәрігер: - Балалар, біз қандай аңдарды білеміз?

Сұрақ-жауап.

1. Ең ірі жануар не? (кит)
 2. Ең ауыр салмақты жануар қайсы? (піл)
 3. Ең ірі маймыл? (горилла)
 4. «Черепаха» сөзі қалай аударылады? (тасбақа)
 5. Ең ірі қолтырауын? (Ніл қолтырауыны)
 6. Ең биік жануар? (керік)
 7. Аңдар патшасы? (арыстан)
 8. Пілден кейінгі ауыр салмақты жануар қайсы? (зіл)
 9. Ең қорқақ аң қайсы? (қоян)
 10. Аңдардың ішіндегі ең қуы қайсысы? (түлкі)
 11. Ең еңбекқор жануар қайсысы? (тышқан)
 12. «Верблюдо» сөзі қалай аударылады? (түйе)
- Ә) Сөздерді екі бағанаға бөліп жазу.

Жуан буынды сөздер

Жіңішке буынды сөздер

Мультфильм көру.

2-тапсырма. «Жеделхат». Суретпен жұмыс. Сурет арқылы диалог құру.

Емхана

Дәрігер

Кит

Мультфильм көру. «Хайуанаттар бағында».

3-тапсырма. Мәтінмен жұмыс. Көп нүктенің орнына көптік жалғауларын қою.

Хайуанат... бағында

Диана шешесімен хайуанат... бағына барды. Хайуанат... бағында аң...ды көрді. Диана керікті, маймыл...ды, аю...ды, арыстан...ды, түлкі...ді бірінші рет көрді. Диана хайуанат... бағында көрген аң...ды есіне сақтап қалды.

Сергіту сәті. Би – «Қара жорға».

Орнымыздан тұрайық,
Қолды белге қояйық.
Жақсы әнге би билеп,
Бойымызды жазайық.
Ал, қанеки, балалар,
Босқа қарап тұрмаңдар.
Отырамыз, тұрамыз,
Қарлығаш боп ұшамыз.
Ұша-ұша шаршадық,
Орнымызға қонамыз.

Қайырымды Айболит дәрігерге түлкі: - «Ой, мені маса шағып алды!»,- дейді.

Қайырымды Айболит дәрігер: - Ой, балалар, түлкіге көмектесейік. Мына суреттерге қарайықшы. Балалар, жануарлар немен қоректенеді?

- Жемістермен.

- Ондай болса, балалар, мен қазір әр қатарға жемістер беремін, сендер сол жемістерді септеулерің керек.

4-тапсырма. Жұптық жұмыс. Ойын «Кім бірінші?» деп аталады.

Алмұрт

Жүзім

Банан

«Ойлан, тап!» ойыны. Логикалық ойлау.

МАЙМЫЛ

2

ТІЛ

2,3

ҚАСҚЫР

2

ПІЛ

2,3

АРЫСТАН

2

ЗІЛ

2,3

Қайырымды Айболит дәрігерге ит те келді: - «Мені қораз шоқып алды!»

5-тапсырма. Дәптермен жұмыс. Үлестірмелі көртішкелер.

Оқушыларға жануардың суреті беріледі, олар сол суреттерді жіктеулері керек. Сосын бір-бірінің жұмысын тексереді.

Сабақты қорытындылау: - Балалар, біз жануарлар туралы өлеңдер білеміз бе?

Жануарлар туралы өлеңдер айту.

6-тапсырма. Жұптық жұмыс.

Тақтада берілген өлең шумағын оқып, жаттау.

Күні бойы Айболит,

Ем жасады ерінбей.

Жазылып кетті аңдар да,

Бұған сен де таңқалма.

Бәріміз тұрып, қуанып,

«Рақмет» дейміз апайға.

Оқушыларды бағалау.

Үй тапсырмасы: шылауларды қайталау.



ГРАММАТИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРГЕН ТҰҢҒЫШ ҒАЛЫМДАР

Ұсынылған сабақтар әзірлемесіндегі сабақтар модульдік, ақпараттық- коммуникативтік, сын тұрғысынан ойлауды дамыта оқыту технологиялары негізінде құрылған. Бұл сабақтар 9-сыныптағы «Тұңғыш ғалымдар» тақырыбы бойынша тұңғыш ғалымдар туралы мағлұмат беру, грамматикалық білімді игеру, тілдік, қарым-қатынастық біліктерін арттыру мақсатын көздейді.

Модульдің құрамына 6 сабақ кіреді.

Кіріспе бөліміне - 1 сағат,

Сөйлесу бөліміне - 4 сағат.

Қорытынды бөліміне - 1 сағат.

Сабақтардың нәтижесінде оқушылар **нені білуі тиіс:**

- оқулық деңгейінде берілген тұңғыш ғалымдар туралы мағлұматтарды айта білу;

- шығармашылықтары туралы әңгімені байланыстырып сөйлей білу;

- сабақтас құрмалас сөйлемнің түрлерін және жасалу жолдарын білу.

Нені меңгеруі қажет:

- тақырып бойынша жаңа сөздер мен сөз тіркестерін меңгеру;

- оларды сөйлемде сабақтас құрмалас сөйлемдер арқылы қолдану;

- сөздік қорын байытып, сөздерді айтуға дағдылану.

Лексикалық тақырып: «Тұңғыш ғалымдар»

Грамматикалық тақырып: «Сабақтас құрмалас сөйлем»

Бөлімі	Сабақ саны	Сабақтың мазмұны	Уақыты
Кіріспе	1	Модульдік құрамын түсіндіру. Лексикалық тақырып. Сөздік жұмысы. Грамматикалық тақырып.	3 мин 20 мин 7 мин 15 мин
Сөйлесу	2 3 4 5	Ахмет Байтұрсынұлы. Ш.Уәлиханов. Ы.Алтынсарин. Ғылым үшін туған адамдар.	45 мин 45 мин 45 мин 45 мин
Қорытынды	6	Нәтиже сабақ.	45 мин

1-сабақ

Сабақтың тақырыбы: «Тұңғыш ғалымдар»

Білімділік – Модульде берілген тақырыптар туралы түсінік беру;

Дамытушылық – тақырып бойынша түсініп тыңдау, жаңа сөздікті меңгеру, баяндау, машықтарын дамыту;

Тәрбиелік – қазақ халқының белгілі тұлғаларын білуге тәрбиелеу.


Сабақтың барысы:

1. Кіріспе.

*Халқымның Ұлы ғалымы,
Артық туған дарынды.
Атқарған істері алымды,
Өзіне тартар бәріңді.*

Эпиграфты оқушыларға оқыту.

- Оқушылар, сабағымыздың кілт сөзінің мағынасын қалай түсіндіңдер? Бүгінгі сабағымыздың тақырыбы – «Тұңғыш ғалымдар». Модульдің құрамын түсіндіремін,



Мына сызбаға сүйене отырып, осы оқу модулінің барлық уақытына есептелген оқу материалын қысқаша айтып беремін.

2. Тыңдаған мәтін бойынша сөздерді сөздікке жазу.

Тілші –

Оқу құралы –

Ерекше –

Табиғат күші –

Жаңа сөздермен сөз тіркес, сөйлем құрастыру.


Оқушылардың жауабы.

Белгілі тілші, оқушының оқу құралы, ерекше сезім, табиғат күшіне сыйыну. Менің ағам – белгілі тілші. Қазақ тілі пәнінен оқу құралы бар. Оқушылардың көңіл-күйі бүгін ерекше көтеріңкі. Ата-бабаларымыз табиғат күшіне сыйынған.

II. Грамматикалық тақырып.

Интерактивті тақтада тірек-сызба көрсетіледі.

Сабақтас құрмалас сөйлем



Сызба арқылы грамматикалық тақырып түсіндіріледі.

III. Қорытынды.

Үйге тапсырма: сызба бойынша ережені білу, сөздерді жаттап алу.

2-сабақ.

Сабақтың тақырыбы: «Ахмет Байтұрсынұлы».

Сабақтың мақсаты:

Білімділік – Ахмет Байтұрсынұлы туралы түсінік бере отырып, оқушылардың сөздік қорын молайту.

Дамытушылық – тақырып бойынша түсініп оқу, байланыстырып сөйлеу, баяндау машықтарын дамыту.

Тәрбиелік – қазақ халқының белгілі тұлғаларын білуге тәрбиелеу.

Көрнекіліктері: интерактивті тақта, суреттер, сызба, кесте. *Түні:* жаңа сабақ.

Әдісі: баяндау, сұрақ-жауап, кластер құру, іздену, ақпараттық-коммуникативтік.

Сабақтың барысы.


I. Ұйымдастыру кезеңі: интерактивті тақтада мақал-мәтелдер көрсетіледі.

Ғылым – теңіз, білім – қайық.

Кітап – ғылым, тілсіз мұғалім.

II. Топтастыру әдісі.

«Ғалым» деген сөздің сырына үңілейік. Оқушыларды үш топқа бөлемін. «Ғалымдар» тақырыбына кластер жасау.



Әр топтан бір оқушы шығып, жазғандарын қорғайды. Сабақ барысында бұл кластерді толықтырып отырады.

III. Жаңа сабақты игеру.

1. Мағынаны ажырату сайысы.

«Ахмет Байтұрсынұлы» мәтінімен жұмыс.

«+» - білемін.

«?» - мен үшін жаңа.

«+» - менің ізденістерім.

Мәтінді оқу барысында оқушылар әр топта пікірлесіп, білгендерімен бөлісіп, білгісі келгендерін сұрайды. Сол сұрақтар бойынша сөздік жұмысы жүргізіледі.

Жаңа сөздер: көрнекті, оқу құралы, ағартушы, айналысады, басылып шықты, бітірген соң. Жаңа сөздерді сөздік дәптерлеріне жазып алады, хормен қайталайды. Жаңа сөздермен сөз тіркесін, сөйлем құрастырады.

Мына сөйлемдердің дұрыс, бұрыстығын анықтаңдар.

Интерактивті тақтамен жұмыс. Тақтада мына кесте беріледі.

Мына сөйлемдердің дұрыс, бұрыстығын анықтаңдар.

Интерактивті тақтамен жұмыс. Тақтада мына кесте беріледі.

Сөйлем	Дұрыс	Бұрыс
1. Ахмет Байтұрсынұлы қазіргі Торғай облысындағы Сартүбек деген жерде туған. 2. Әкесі оны оқуға бермейді. 3. Ахмет Байтұрсынұлы – көрнекті географ, саяхатшы. 4. «Тіл – құрал» деп аталатын оқулығы 1914-1928 жылдар аралығында алты-жеті рет басылып шықты.		

IV. Бекіту кезеңі.

Деңгейлік тапсырмаларды орындау.


III деңгей.

Мәтін бойынша сұрақ-жауап.

Жұптық жұмыс.

1. Ахмет Байтұрсынұлы кім?
2. Ол қай жылдары өмір сүрген?
3. Ол қай жерде дүниеге келген?
4. Мектеп бітірген соң қай қалада оқиды?
5. Оқуды бітірген соң немен айналысады?
6. 1914 жылы басылып шыққан оқулығы қалай аталады?

II деңгей. Мәтінге тірек-сызба дайындау.



І деңгей.

Мәтін бойынша күрделі жоспар құрап жазыңдар.

Мына жоспар бойынша А.Байтұрсынұлы туралы әңгімелеңдер.

V. Рефлексия. Мағынаны ажырату үшін терең ойды қысқа сөзбен қамту әрі қазақ тілімен байланыстыру үшін оқушылар көмегімен бес жолды өлең құрастырамын.

- | | |
|------------------|---------------------|
| 1. Бір зат есім. | 4. Мағыналы сөйлем. |
| 2. Екі сын есім. | 5. Синоним. |
| 3. Үш етістік. | |

Ғалым

Көрнекті, дарынды

Зерттеді, жазды, сабақ береді.

Дарынды ғалым оқу құралдарын жазды.

Ғұлама.

Үйге тапсырма. «Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тілі емлесінің реформаторы» атты тақырыпқа реферат жазу, жаңа сөздерді жаттау.

(Жалғасы бар).

СӨЙЛЕУ ҚАБІЛЕТІН АРТТЫРҒАН КҮЗ

Сабақтың мақсаты: білімділік – пән бойынша білімдерін тереңдету, табиғаттағы күзгі өзгерістер жөніндегі ұғым мен түсініктерді қалыптастыру; **дамытушылық** – оқушылардың сөйлеу қабілеті мен танымдық деңгейін арттыру, сөздік қорын байыту. Логикалық ойлауын, есте сақтауын, сауатты жазу мәдениетін дамыту; **тәрбиелік** – тілге деген сүйіспеншілігін арттыру. Табиғатты қорғауға, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

Көрнекіліктері: интерактивті тақта, электронды оқулық, слайд-суреттер. **Әдіс-тәсілдері:** түсіндіру, сұрақ-жауап, сөздік жұмысы суретпен жұмыс, тапсырмалар орындау, өлең, сөздер одағын құру.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі. Оқушылардың сабаққа әзірлігін тексеру.

Сұрақ-жауап. Кезекшінің мәліметі.

- *Сыныпта кім кезекші?*
- *Топта кім жоқ? (Кезекші сұрақ-жауап жұмысын жүргізеді).*
- *Қазір қай сабақ? (қазақ тілі)*
- *Қазақ тілі нешінші сабақ? (үшінші)*
- *Қазір қай ай? (ақпан)*
- *Ақпан қыстың нешінші айы? (үшінші)*
- *Бүгін ақпанның нешесі? (бірі)*

- *Антаның қай күні? (сейсенбі)*

II. Сабақтың тақырыбын, мақсатын баяндау.

III. Жаңа сабақ.

1. **Ой қозғау.** Өлеңді оқып, сұрақтың орнына керекті, дұрыс сөзді қойып оқиды. Өлеңге ат қояды.

Бұл қай кезде болады?

Берекесін сыйлауға,

Өлкемізге не келді?

Жемістерін жинауға,

Шақырады біздерді.

Құстар қайтып, ән салып,

Бұлт шарлады аспанды.

Қыс келеді жар салып,

Қандай суық басталды?

2. Сөздік жұмысы:

а) жаңа сөздерді мәнерлеп оқиды, синонимдік қатарымен танысады.

ә) жаңа сөздерден сөз тіркестерін, сөйлемдер құрап айтады.

Қаптау – көбею;

Әзірлік – дайындық;

Мезгіл – уақыт;

Балбырау – пісу.

3. Тапсырмалар орындау:

а) Сөйлемдерді дұрыс құраңдар (ауызша)

1. Күн, ұзарады, күзде, қысқарады, түн.

2. Жылы, ұшады, құстар, күзде, жаққа.

3. Қандай, алма, алмұрт, болды, шие.

4. Көрініс, күзгі, тамаша, қандай.

5. Егінді, күздігүні, жинайды, дикандар.

6. Жеміс, піседі, бақта, бақшада, көкөніс.

7. Жиі-жиі, жауады, жаңбыр.

Ә) Сөз тіркестерінен сөйлемдер құрап жазыңдар.

Қыркүйек айында, жаңбыр жауады, аспан бұлтты, күн қысқа, жылы жаққа, жылы киім, жерге түседі, түрлі -

түсті жапырақтар, қоңыр күз, суық жел, егін жинайды, адамдар дайындалады.

б) Топпен жарыс.

“жазу”, “сөйле” етістіктерін үлгі бойынша үш шаққа қойыңдар.

Өткен шақ	Нақ осы шақ	Ауыспалы келер шақ
Мен сыздым	Сызып	Сызамын
Сен	отырмын	
Сіз		
Ол		

в) Көп нүктенің орнына тиісті көсемше жұрнақтарын қойып жазыңдар.

1. Болат, қайда кет... бар... жатырсың?
2. Асан сабаққа дайындалма... келді.
3. Мен кітапты оқы... бітірдім.
4. Әсем бақшаға кел... жатыр.
5. Айдар бақшадан алма жина... келді.
6. Мен ертең саяжайға бар... отырамын.
7. Саяжайда көкөністер піс... тұр.

4. Мәтінмен жұмыс.

а) 3 топ оқушылары мәтінді оқып, мазмұндайды, мәтін бойынша сұрақтар құрастырып, жауап береді.

- 1-топ – “Ерте күз”;
- 2-топ – “Алтын күз”;
- 3-топ – “Қоңыр күз”.

ә) берілген слайд-суреттерді мәтіндердің тақырыбы бойынша топтайды.

Қыркүйек (ерте күз)


Күздің бірінші айы. Суық түсіп, жайлаудағы мал қайтады. Ауа салқындай бастайды. Шық түседі. Қайтқан құстардың тобы көбейеді. Қыркүйектің жиырма екісінде күн мен түн теңеледі.

Қазан (алтын күз)

Күздің екінші айы. Қара суық басталады. Жапырақтар қызыл, сары, қоңыр түске еніп, жерге түседі. Күздің жылдың соңына жақындауына байланысты ауа райы жақсармай, суық болады. Күздің басталуына байланысты ауа райы жақсармай, суық болады. Үйрек пен қаз жылы жаққа ұшып кетеді.

Қараша (қоңыр күз)

Күн қысқарады. Қара суық басталады. Шөпті қырау басады. Суық аспан жер бетін тоңазытады. Құстар жылы жаққа ұшып кетеді.



Үйге тапсырма: 1. 142-беттегі 3-тапсырма.

Сурет бойынша әңгіме құрастырып жазындар.

2. “Күзде” өлеңін жаттау.



Бибігүл ЗАЙЫРОВА,

Павлодар облысының

Ақсу қаласындағы

№19 кәсіптік лицейінің

қазақ тілі пәнінің оқытушысы.

СЫН ЕСІМДІ ҚАЙТАЛАУ

Сабақтың мақсаты: білімділік – оқушыларды кәсіби терминдермен таныстыра отырып, сөздік қорларын байыту, үйренген сөздерін ауызекі тілде қолдануға

машықтандыру, «сын есім» жайында алған білімдерін еске түсіріп, практикалық жолмен меңгерту; **дамытушылық** – оқушылардың ойлау қабілетін, ой-өрісін кеңейту, сұрақтарға дұрыс жауап беруге, түсінгенін, білгенін байланыстырып айтуға жағдай жасау, сөйлеу қабілеттерін қалыптастыру; **тәрбиелік** – таңдаған мамандықтың ыстық-суығына төзіп, оны сүйе білуге тәрбиелеу, оқушыларды адамгершілікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.

Типі: аралас сабақ. **Түрі:** ойын /саяхат сабағы/.
Көрнекілігі: қазақ әліпбиі, кітап көрмесі, кәртішкелер, диапроектор. **Әдісі:** түсіндіру, әңгіме, сұрақ-жауап, іздендіру, топтық жұмыс, ойын. **Түрі:** саяхат сабағы. **Пәнаралық байланыс:** арнайы пән.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі: 1-2 минут.

а/ сәлемдесу; ә/ мемлекеттік әнұранды орындау.

II. Жаңа материалды үйрену және оған дайындалу.

Оқушылар назарына «Темір ұстасы мамандығы туралы» бейнефильм ұсынылады.

/Бейнефильм көру/

- Сабақты мен бейнефильмнен бастадым, неге? Ол не туралы?

- Қалай ойлайсыңдар, біз бүгін не туралы әңгімелейміз?

- Жақсы, (оқушылар жауабы) саяхатымызды әрі қарай жалғастырайық.

б/ Сабақтың мақсаты мен барысын хабарлау.

Бүгін біз сендермен өндіріске саяхат жасаймыз да, сын есім тақырыбын қайталаймыз. Саяхатымыз бірнеше аялдамадан тұрады /сабақ жоспары/:

1-аялдама – «**Кәсіби терминдер**» цехы.

2-аялдама – «**Сұрақ-жауап**» цехы.

3-аялдама – «**Мақал-мәтелдер**» цехы **/мақсаты: шешендікке баулу/.**

4-аялдама – «**Сапа конверті**» **/«Сын есім» тақырыбы**

бойынша тапсырмалар цехы.

5-аялдама – «**Техникалық бақылау бөлімі**» цехы.

Аялдамалардан өту үшін біз түрлі тапсырмалар орындаймыз. Саяхатқа дайынсындар ма?

- Ал, ендеше, алға!

1-ші аялдама: «Кәсіби терминдер» цехы.

Сөздікпен жұмыс:

а/ жаңа сөздермен танысу /оқушылар сөздерді іштей оқып шығады, кейін 2-3 оқушы оқиды/

Темір ұстасы – слесарь; Қорғау құралдары – средства защиты; Жарамдылық – исправность; Арнайы киім – спецодежда; Ажырату – отключение; Бақылау-өлшеу құралдары – контрольно-измерительные приборы; Резеңке кілемше – резиновый коврик; Өндіріп алу – производить; Электр қондырғылар – электроустановки;	Сақтағыш – предохранитель; Ажыратқыш – выключатель; Қоршау – ограждение; Жабдық – оборудование; Ауысым – смена; Жетекші – руководитель; Кезекті сынау – очередное испытание; Қауіпсіздік – безопасность; Қалқан – щит.
---	--

ә/ терминдерді дәптерге жазу.

б/ жаңа терминдерді бірнеше рет оқып, жатқа айту /топтан 2 оқушыны сұрау/.

в/ **АЖЫРАТҚЫШ** сөзінен жаңа сөздер құрастыру /1 минут/.

Келесі тапсырманы орындау үшін грамматикалық тақырыбымыз - сын есімді қайталап шығайық.

- Сын есім дегеніміз не?
- Сын есім қандай сұрақтарға жауап береді?
- Мағынасына қарай нешеге бөлінеді?
- Тұлғасына қарай неше түрлі болады? Мысалы.

Заттың түрін, сапасын, дәмін білдіретін сөздерді **сын есім** дейміз. Сын есім **қандай? қай?** сұрақтарына жауап береді. Мысалы, жауапты, мейірімді, сапалы,

Сын есім

Мағынасына қарай	Тұлғасына қарай	Құрамына қарай
1.Сапалық	1.Негізгі	1.Дара
2.Қатыстық	2.Туынды	2.Күрделі

- Жақсы, ал енді жаңа термин сөздерге сын есімдерді қатыстырып, сөз тіркестерін ойластырындар. Мысалы: Темір ұстасы, қандай? ақылды.

2-ші аялдама: «Сұрақ-жауап» цехы.

1-тапсырма: термин сөздерді пайдаланып, сурет бойынша диалог құрастыру.

2-тапсырма: Сен – маған, мен – саған.

Берілген мәтін бойынша сұрақтар құрастырып, басқа топқа қою: 1-2-3-1

Жұмыс алдында арнайы киімді киіп, қорғау құралдарының бар болуы мен жарамдығын тексер. Кезекшіден алдыңғы ауысымда болған бүкіл өзгерістер және істелген іс туралы біл. Ауысым журналындағы жазулармен танысу. Кезекті сынауды өтпеген қорғау құралдарының қолдануына рұқсат етілмейді. Бақылау-өлшеу құралдарының тексеру және жөндеу нәтижелері арнайы журналда тіркеледі. Сынау құралдарымен жұмыс тек қана әдейі жабдықталған және шеттетілген бөлмелерде жүргізіледі. Электр қондырғылар қалқандарының есіктері кілттеулі болуы керек. Егер жабдықтар ары қарай пайдалануға дайын болса, сақтағыштарды қойып, ажыратқышты қос.

3-ші аялдама: «Мақал-мәтелдер» цехы /мақсаты: шешендікке баулу/

«Мақал-мәтелдер» аялдамасына да жеттік. Үйге сендерге «Еңбек» тақырыбына мақал-мәтелдер жаттап келу болатын. Ал, енді, сендерге сөз берейік. 10 минут.

1-тапсырма: 3 топ мақал-мәтелдерді кезекпен айтады /топтан 3 оқушыны сұрау/. **/Оқушылардың жауаптары/**

2-тапсырма: Ребусарды шешу /слайд бойынша/

1. Көз – қорқақ, қол – батыр. 2. Не ексең, соны орасың.

3. Темірді қызған кезде соқ.

4. Еріншектің ертеңі таусылмас.

5. Ердің атын еңбек шығарады.

4-ші аялдама: «Сапа конверті» цехы.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев халқына жолдаған жолдауында кәсіби оқытуға да мән берген. Жолдауда кәсіби оқыту туралы не айтылғанын анықтау үшін берілген сандардың орнына әріптерді қойып, жасырынған сөздерді таба аласыңдар. /2 минут/

1-тапсырма: Берілген сандар алфавиттегі әріптің орнын білдіреді. Мысалы: 1 - а әрпі, сандардың орнына тиісті әріптерді қойып, жасырынған сөздерді таба аласыңдар. /2 минут/.

2	23	1	7	1	17	21	11
---	----	---	---	---	----	----	----

17	1	17	1	18	7	37	6	37	18	37	19
----	---	----	---	----	---	----	---	----	----	----	----

34	8	3	8	23	38
----	---	---	---	----	----

3	20	16	26	37	14	8	23	8	14
---	----	----	----	----	----	---	----	---	----

«Әр адам өз мамандығының шебері болуы керек».

Н.Ә.Назарбаев.

Ал темір ұстасы қандай маман болуы керек, қалай ойлайсыңдар? /Конверт качества/

Мына парақтарда адам бойындағы жақсы қасиеттер жазылған сын есімдер берілген, сендер сол сөздерден темір ұстасына ең қажетті 5 сөз таңдап аласыңдар.

<i>Трудолюбивый – еңбекқор;</i>	<i>Вежливый – әдепті;</i>
<i>Аккуратный – ұқыпты;</i>	<i>Целеустремленный – мақсатты;</i>
<i>Дисциплинированный – тәртіпті;</i>	<i>Исполнительный – тіл алғыш;</i>
<i>Ответственный – жауапты;</i>	<i>Находчивый – тапқыр;</i>
<i>Внимательный – зейінді;</i>	<i>Строгий – қатал;</i>
	<i>Пунктуальный – ұқыпты.</i>

Ал кім бастайды? Темір ұстасы қандай маман болу керек?

/Оқушылар таңдаған сөздерді оқып, неліктен осы

қасиеттерді таңдағандары жөнінде айтады/

Ұлы дана Абай атамыз айтқандай, әрқашан жақсы қасиеттерге асық болып, жаман қасиеттерден қашық болайық.

5-ші аялдама: «Техникалық бақылау бөлімі» цехы - Грамматикалық тақырып бойынша алған білімдерінді тест арқылы тексеріндер.

1-нұсқа:

1. Бір сөзден тұратын сын есімді дейді.

а/ күрделі сын есім; ә/ жай сын есім;

б/ дара сын есім.

2. Дара сын есімді көрсетіндер.

а/ сары ала; ә/ көкшіл; б/ ақ сары.

3. Екі не одан да көп сөзден тұратын сын есімді дейді.

а/ жай сын есім; ә/ күрделі сын есім; б/ дара сын есім.

4. Дара сын есімді көрсетіндер.

а/ қызғылт; ә/ қызыл сары; б/ ақшыл қызыл.

5. Күрделі сын есімді көрсетіндер.

а/ сарғыш; ә/ сап-сары; б/ ақ сары.

6. Сын есім тұлғасына қарай нешеге бөлінеді:

а/ 2; ә/ 3; б/ 4.

7. Сын есім ... және болып бөлінеді.

а/ негізгі, туынды; ә/ дара, туынды; б/ негізгі, күрделі.

8. Негізгі сын есім деп болған сын есімді айтамыз.

а/ жалғау, сөзден; ә/ түбір сөзден; б/ жұрнақ сөзден.

9. Туынды сын есім жасалады.

а/ түбір сөзден; ә/ түбір сөз бен жұрнақтан;

б/ жалғау мен жұрнақтан.

10. Туынды сын есім қатарын белгілеңдер.

а/ көк, жасыл; ә/ тәртіп, аппақ, қызғылт;

б/ өнерлі, сапалы, таулы.

Тест жауабы:

1-Б, 2-Ә, 3-Ә, 4-А, 5-Б, 6-А, 7-А, 8-Ә, 9-Ә, 10-Б.

Үй жұмысы: «Менің мамандығым» тақырыбына шағын шығарма жазу. Бағалау.



Сәрсен БЕКБОЛАТОВ,

Шүлбі жалпы орта білім беретін мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

Шығыс Қазақстан облысы,
Семей қаласы.

ЖІКТЕУ ЕСІМДІГІНДЕГІ КӨКТЕМГІ ЕҢБЕК

I. Ұйымдастыру кезеңі: әнұран орындау.

II. Үй жұмысы: Абай Құнанбайұлының көктемге арналған өлеңін сұрау.

III. Сабақтың мақсаты: білімділік – жіктеу есімдігін білу; дамытушылық – көктемгі еңбек тақырыбына сөйлем құрау; тәрбиелік – ауызекі сөйлеп үйрену.

Сынып үш топқа бөлінеді: 1-топ – Күз. 2-топ – Жаз. 3-топ – Көктем (ұпайы тақтаға жазылады).

Жіктеу есімдігі. Жіктеу есімдігінің осы шағы (*кестесін тақтаға іліп қоямын*)

Осы шақ

жекеше

көпше

Мен жыртып жатыр+мын,-мін;

Біз жүр+міз,-мыз;

Сен жыртып жатыр+сың,-сің;

Сендер жүр+сің+дер,-сың+дар;

Сіз жыртып жатыр+сыз,-сіз;

Сіздер жүр+сіз+дер,-сыз+дар;

Ол жыртып жатыр+0.

Олар жүр+0.

(Әр топтан бір-бір бала шығып, осы шақ жіктік жалғауына мысалы айтады).

Ана туралы жыр айтамыз

/Жоспар бойынша жатталған өлең/.

Мұғалім: - Ал, енді, балалар, көктемгі еңбекке байланысты жіктік жалғауының осы шағына сөйлем құрап жазамыз.



Көктемгі еңбек тақырыбына сөйлем құрау. Үлгі:

Оқушы+лар (көпт.жалғау) алаң+ды (Т.с. жалғауы) тазалап жүр. Әр топ өздері мысал жазады.

Еңбек туралы мақалдар. *Еңбек етсең емерсің.*

Бір күндік еңбек – бір жылдық азық.

Еңбек, еңбек түбі – зейнет.

Көктемгі еңбек тақырыбына әңгіме жазу. /Әр топ жазбаша 5-7 сөйлем құрау керек./

Үлгі: *Ағам Владик пен бауырым Рома қараторғайға үйшік жасап жатыр. Біз бақшада сәбіз,қызылша тұқымын отырғызып жүрміз. Біздің отбасымыз тату - тәтті өмір сүріп жатыр. /Қай сөйлем мақалға келіп тұр./ ...*

Мұғалім: - Бәріміз бірге «Наурыз» өлеңін айтайық
Сөзін жазған: Б.Есдәулетова, әуені Ш.Сарынованікі.

1) Бүгін біз не білдік? 2) Не үйрендік?

Үйге: Сөздік дәптердегі етістіктерді қайталау. Жіктік жалғаудың осы шағына мысалдар жазып келу. *Қазып жатыр, отырғызып жатыр, егіп жүр.*

Айнаш ИМАНҒАЛИЕВА,
Алматы облысының
Еңбекшіқазақ ауданындағы
Қойшыбек орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

«ТІЛДЕРДІ ҚОЛДАНУ МЕН ДАМЫТУДЫҢ 2011-2020 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫ» ТУРАЛЫ

БАҚ-та үкіметтің «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының» жобасы жан-жақты талқылануда. Жоба туралы әркім өз пікірлерін, ұсыныстарын айтуда.

Жобаны оқи отырып мені де өз пікірімді, ұсынысымды білдіруді жөн көрдім.

Ең алдымен, мен жобаның атауына мән беріп отырмын, жоба атауында «Тілдерді қолдану мен дамытудың» - деп басталуы көңілге қонымсыз. Өйткені, тақырып еліміздегі 130-дай ұлт диаспораларының тілдерін қолдану мен дамыту мәселесін көтеріп тұр. Бірақ, жоба мазмұны олай емес, мемлекеттік тіл мен ресми орыс тілін дамыту болып отыр. Басқа тілдер туралы бір-екі жерде ғана аталып кеткен. Мұның өзі жобаның кемшілігі болып табылады. Сондықтан, тақырыбын жалтақтамай-ақ, «Мемлекеттік тілді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы» деп атау қажет және соған сәйкес істелінетін іс-шараларды нақты белгілеп, оған құқық қорғау органдарын да қатыстырған орынды.

Бағдарлама орындалмаған жағдайда оған құқықтық әкімшілік шара қолдануға дейінгі жұмыстар қамтылуы керек.

Алғашқы бағдарлама, әрине, өз уақытында өз міндетін толықтай орындады. Дегенмен, солқылдақ бағдарламадан шалағай нәтиже шығатыны белгілі. Соның бір дәлелі – мемлекеттік тілге көшу мәселесі қағаз жүзінде іске асырылды. Жиындар, мәжілістер ресми тілде өткізіліп, заң жобалары ресми тілде дайындалды. Десек те, бұл бағдарламаны халық түсіністікпен қабылдағаны сөзсіз. Тарихи жағдай солай етуге мәжбүр етті. Қазір уақыт басқа, еліміздегі барлық ұлт диаспоралы еліміздің тәуелсіздігін толық әрі түпкілікті мойындады. Еліміздің ұлттық рәміздері заң жүзінде бекітілген. Ендеше, неден үркеміз, кімге жалтақтаймыз? Орыс тілі – еліміздегі диаспоралардың бірінің тілі. Оны ресми ретінде тану енді қисынсыз. Егер қисынға келтірсек, ағылшын, француз, неміс, қытай тілдерінде ресми тіл деп тануымыз керек. Себебі, олар да орыс тілі сияқты халықаралық қатынас тілі ғой.

Сондықтан, тілдерді емес, көсегесі көгері алмай отырған мемлекеттік тілімізді қолдану мен дамытудың бағдарламасын іске асырғанымыз ләзім.



МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ

Қайран қазақ килікпеске киліктің,
Өзіңнен зор қу алдында иліктің...
Мемлекет тілі озбай төрге бұл
Көсегесі көгермейді биліктің!

Шолпан БАҚЫТҚЫЗЫ,
Петропавл қаласының
Бірінші қалалық жалпы
білім лицейінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ҚАЗАҚ ТІЛІНЕН АТТЕСТАЦИЯҒА ДАЙЫНДЫҚ САУАЛДАРЫ

(7-сынып)

1. Үнді мен ұяң дауыссыздар қатар келген сөзді анықта:

- А) шаңғы; Ә) орман; Б) алтын;
В) аудар; Г) нүкте.

2. Ұяң дауыссыз дыбыстан басталатын қосымшалы сөздерді анықта:

- А) етіктер, тауыққа; Ә) тапты, қойшы;
Б) даламен, ізденіс; В) өнерлі, қонақта;
Г) жазда, оқыған.

3. Орыс тілінен енген сөздерде ғана қолданылатын белгілерді көрсет:

- А) ъ,ь; Ә) ь,о; Б) ъ,ю; В) а,е; Г) ъ,е.

4. «Жауларына» сөзіндегі буын санын анықта:

- А) 6; Ә) 3; Б) 2; В) 4; Г) 5.

5 Ортақ етісті тап:

- А) алғыз; Ә) хабарлас; Б) кигіз;
В) киін; Г) айтқыз.

6. Шартты райлы етістікті тап:

- А) ойнасын; Ә) ойнайын; Б) ойна;
В) ойнағысы келеді; Г) ойнасам.

7. Қалау райлы етістікті тап:

- А) жуса; Ә) жинаған; Б) оқымасаңыз;
В) алсаңшы; Г) барғым келеді.

8. Бұйрық райдың көпше түріндегі І жақ жалғауын анықта:

- А) -ндар, -ндер; Ә) -айық, -ейік; Б) -айын, -ейін;
В) -ыңыз, -іңіз; Г) -сын, -сін.

9. Бұйрық райды тап:

- А) алу; Ә) қорғау; Б) қолдау;
В) оқымаған; Г) жаз.

10. Тәуелдік септеулі сөздерді тап:

- А) дүкенімнің, ұлымның; Ә) дүкенге, ұлымнан;
Б) дүкенім, ұлым; В) дүкенде, ұлыма;
Г) дүкеннен, ұлдың.

11. Туынды зат есімді анықта:

- А) парак; Ә) суретші; Б) адамдар;
В) көшелер; Г) сұрақтар.

12. Септеліп тұрған есімдікті анықта.

- А) мынау; Ә) маған; Б) кейбір;
В) өзі; Г) ешбір.

13. Етістіктің рай түрін белгіле:

- А) салт; Ә) сабақты; Б) қалау;
В) болымсыз; Г) болымды.

14. І жақтағы етістікті тап:

- А) қуандың; Ә) қуанды; Б) қуанасың;
В) қуандым; Г) қуанады.

15. Етістіктің өткен шағында тұрған сөзді көрсет:

- А) алды; Ә) алар; Б) бара жатыр;
В) жазып отыр; Г) алмақшы.

16. Сын есімнен жасалған зат есімді тап:

- А) дәрігер; Ә) еркіндік; Б) жұмысшы;
В) жазушы; Г) суретші.

17. Фразеологизмді толықтыр: Қас пен көздің

А) жанында, Ә) астында; Б) үстінде;

В) қасында; Г) арасында.

18. Соңғы дыбысы дауыссыз жіңішке түбірлі сөзге

қай жұрнақ жалғанатынын белгіле:

А) -ншы, -нші; Ә) -нші, -ыншы; Б) -інші;

В) -ыншы, -ншы; Г) -ыншы.

19. Тиісті есімдікті анықта: ... кісі – менің атам.

А) бұл; Ә) сен; Б) неше; В) сіз; Г) өзім.

20. Келер шақтағы етістікті көрсет:

А) өзім; Ә) ерте; Б) жүзді;

В) жазады; Г) білім.

21. Демеулік шылауы бар сөйлемді анықта:

А) Кинодан кейін барамыз;

Ә) Мен өзім-ақ барамын;

Б) Мұрат менімен бірге барады;

В) Көпір арқылы бардық;

Г) Дүкенге қарай бар.

22. Жұрнақ дұрыс жалғанған жинақтық сан есімді

көрсет:

А) үшіеу; Ә) жетеу; Б) төртау;

В) бірау; Г) тоғызау.

23. Болымсыз етістікті анықта:

А) бұрыс(па); Ә) жейсің(бе); Б) кіресің(бе);

В) кірдің(бе); Г) кел(ме).

24. Сөздің ауыспалы мағынасын анықта:

А) қара қалам; Ә) қара жер; Б) қара жылқы;

В) қара жұмыс; Г) қара қарындаш.

25. Септеулік шылауды белгіле:

А) Жолдасым туралы мақала оқыдым;

Ә) Ол саябаққа Әсемді ғана ертіп барды;

Б) Әжем бара ма?

В) Үйге кірген сол-ау деймін;

Г) Бұл менің досым ғой;

26. «Қара шаңырақ» сөз тіркесіне қойылатын сұрақты

тап:

А) не? Ә) нені? Б) нешінші?

В) қайдан? Г) неше?

27. Ашық буында «у» дауыссыз болған сөзді анықта:

А) тура; Ә) тау; Б) сушы;

В) туған; Г) татулық.

28. Ашық райды белгіле:

А) жинады; Ә) жинайтын; Б) жинаса;

В) жинаған; Г) жинағысы келеді.

29. Күрделі сын есімнің дұрыс жазылу жолын көрсет:

А) аппақ ұн; Ә) әппәк ұн; Б) әп-ақ ұн;

В) ап-ақ ұн; Г) апақ ұн.

30. Жылдың қай мезгілі: *Жаңбыр жиі жауады, құстар ұшып кетеді.*

А) ақпан; Ә) күз; Б) қаңтар;

В) қыс; Г) жаз.

31. Қай мезгілде күн ұзақ болады?

А) жазда; Ә) көктемде; Б) жылдың үш мезгілінде;

В) күзде; Г) қыста.

32. Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін білдіретін рәміздерді тап:

А) әнұран, ту, жер. Ә) байрақ, әнұран, елтаңба.

Б) елбасы, теңге, ту. В) өзендер, теңге, шаңырақ.

Г) елбасы, әнұран, жалау.

33. Қыстың белгісін белгіле:

А) жел; Ә) күн; Б) жаңбыр;

В) қар; Г) жу.

34. Шананы қай мезгілде қолданамыз?

А) көктемде; Ә) күзде; Б) қыста;

В) маусымда; Г) жазда.

35. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күнін анықта:

- А) 16 желтоқсан, 1990ж. Ә) 16 желтоқсан, 1991ж.
Б) 16 желтоқсан, 1992ж. В) 16 желтоқсан, 1993ж.
Г) 16 желтоқсан, 1994ж.

36. Күн мен түн қай айда теңеледі?

- А) тамызда; Ә) наурызда; Б) шілдеде;
В) қарашада; Г) қаңтарда.

37. Сөйлемді аяқта: 22 қыркүйек – Қазақстан

халықтарының ...

- А) тілдер күні; Ә) республика күні;
Б) білім күні; В) жеңіс күні; Г) тәуелсіздік күні.

38. Оқу жылында неше тоқсан бар?

- А) екі; Ә) бес; Б) үш; В) төрт; Г) бір.

39. Оқу жылы қай айда басталады?

- А) ақпанда; Ә) желтоқсанда; Б) сәуірде;
В) қаңтарда; Г) қыркүйекте.

40. Астана қай жылдан Қазақстанның астанасы?

- А) 1992; Ә) 1995; Б) 1991; В) 1996; Г) 1997;

Қазақ тілі, 7-сынып

1. Жіңішке, жуан дауысты дыбыстары араласып келген сөздерді тап:

- А) жексенбі; Ә) мұғалім; Б) жұмысшы;
В) қараша; Г) маусым.

2. Қатаңға басталып, қатаңға аяқталған сөзді белгіле:

- А) жолбарыс; Ә) мектеп; Б) жазушы;
В) жас; Г) құрылыс.

3. Тек жуан дауысты дыбыстардан тұратын сөзді тап:

- А) солтүстік; Ә) есеп; Б) қазір;
В) оқытушы; Г) шәкірт.

4. Жіңішке дауысты сөзді тап:

- А) барсакелмес; Ә) қорап; Б) қауын;
В) шілде; Г) қарға.

5. Қазақ тілінде дауыссыз дыбыстар нешеге бөлінеді?

- А) 2; Ә) 3; Б) 4; В) 5; Г) 6.

6. Тұйық буынды сөзді тап:

- А) Отан; Ә) ата; Б) өрт;
В) сәулет; Г) баға.

7. «Ү» дыбысына талдау жаса:

- А) жіңішке, ашық; Ә) қысаң, еріндік;
Б) қысаң, езулік; В) жуан, езулік;
Г) ашық, езулік.

8. «У» әрпі қай қатарда дауыссыз болады?

- А) ашу, алу; Ә) суретші, сатушы; Б) оқу, жазу;
В) тау, ауа; Г) су, бу.

9. Екі буыннан құралған сөзді көрсет:

- А) түн; Ә) дарынды; Б) сұрақ;
В) ынтымақ; Г) өркениет.

10. «Ешкім, , дәнеңе» есімдіктің қай түрі?

- А) сұрау; Ә) белгісіздік; Б) жалпылау;
В) өздік; Г) болымсыздық.

11. Туынды түбірді көрсет:

- А) бұлт; Ә) бұл; Б) қалам;
В) достық; Г) жаңа.

12. Тиісті есімдікті қой: Дәріхана ... жабылады?

- А) ешкім; Ә) неше; Б) қашан;
В) нені; Г) қанша.

13. Күрделі сан есімді анықта:

- А) он алты; Ә) бірінші; Б) отыз;
В) бір; Г) тоғыз.

14. Ауыспалы мағынасында тұрған сөзді тап:

- А) түлкінің терісі; Ә) баланың кітабы;
Б) терең ой; В) пырақтың қанаты;
Г) мектептің есігі.

15. Дара сын есімді тіркесті тап:

- А) қара торы ат; Ә) жасыл ала көйлек;
Б) ыдыс тазаланды; В) ашық аспан;
Г) орта бойлы адам.

16. Сын есім мағынасына қарай нешеге бөлінеді?

- А) 2; Ә) 3; Б) 4; В) 5; Г) 6.

17. Мақалды аяқта. Жері байдың- елі

- А) бай емес; Ә) бай; Б) байлық;
В) байлы; Г) байғұс.

18. Өздік есімдігі бар мақал-мәтелді көрсет:

- А) Жаңбыр бір жауса, терек екі жауады.
Ә) Батар күннің атар таңы бар.
Б) Біреуге ор қазба, өзің түсерсің.
В) Қоян көлеңкесінен қорқады.
Г) Құс жеткен жеріне қонады.

19. «Жасыл, аласа» сөздері қай сөз табынан?

- А) сан есім; Ә) сын есім; Б) етістік;
В) одағай; Г) есімдік.

20. Жатыс септігінде тұрған сөзді көрсет:

- А) ұшаққа; Ә) орманнан; Б) доспен;
В) балада; Г) сыныптың.

21. Сын есімнің күшейтпелі шырайын анықта:

- А) кішілеу; Ә) үлкендеу; Б) жабық;
В) арық; Г) сап-сары.

22. Сан есімнің түрлерін көрсет:

- А) Болымсыздық, сілтеу, өздік;
Ә) Жалпылау, өздік, белгісіздік;
Б) Жинақтық, есептік, топтау;
В) Ұяң, үнді, ашық;
Г) Қысаң, шартты, қалау.

23. –дай жұрнағы жалғанатын сөзді анықта:

- А) әже; Ә) шөбере; Б) шөп;
В) тау; Г) көк.

24. Сөйлемде буынның қай түрі жоқ: *Көлікте аталар-
ға орын береді.*

- А) ашық; Ә) болымсыз; Б) бітеу;
В) болымды; Г) тұйық.

25. Жинақтық сан есімі бар мақалды көрсет:

- А) Жігітке жеті өнер де аз, жетпіс өнер көп емес.
- Ә) Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл.
- Б) Сегіз қырлы, бір сырлы.
- В) Білек бірді, білім мыңды жығады.
- Г) Біреуге өлім тілегенше, өзіңе өмір тіле.

26. «Біздің, оның» жіктеу есімдіктері қай септікте тұр?

- А) атау септік; Ә) жатыс септік; Б) ілік септік;
- В) табыс септік; Г) барыс септік.

27. Астананың бұрынғы атауы қалай?

- А) Ақмола; Ә) Верный; Б) Ақтау;
- В) Қостанай; Г) Астана.

28. Етістіктен жасалған зат есімді көрсет:

- А) дәрігер; Ә) жақсылық; Б) биші;
- В) айтыс; Г) дүкенші.

29. Дұрыс септелген есімдікті тап:

- А) меннің; Ә) сеннің; Б) өзінің;
- В) онның; Г) сізнің.

30. Тәуелденген сын есімді анықта:

- А) Жазарың бар ма; Ә) Жаманың қайсы;
- Б) Менің балам; В) Екеуің кел;
- Г) Оның өшіргіші.

31. Шығыс септігінің жалғауы бар фразеологизмді көрсет:

- А) Сегіз қырлы, бір сырлы.
- Ә) Он саусағынан өнері тамған.
- Б) Екпей егін шықпас, үйренбей білім жұқпас.
- В) Төбе шашы тік тұрды.
- Г) Жерге кіріп кете жаздау.

32. Мектеп оқушылары демалатын күн:

- А) дүйсенбі; Ә) сейсенбі; Б) сәрсенбі;
- В) жұма; Г) жексенбі.

33. Синонимді көрсет:

- А) ақ-қара; Ә) жақсы-жаман; Б) жомарт-сараң;
В) мықты-әлсіз; Г) әдемі-сұлу.

34. Мемлекеттік туымыздың түсі ненің белгісі?

- А) шөл; Ә) су; Б) күн; В) жер; Г) аспан.

35. Толықтыр: «Менің отбасым ... тұрады».

- А) тату-тәтті; Ә) кіші; Б) салт;
В) мейрімді; Г) кішіпейіл.

36. Тілдер мерекесі қай айда өтеді?

- А) желтоқсан; Ә) маусым; Б) шілде;
В) қараша; Г) қыркүйек.

37. I жақтағы жіктік жалғауы дұрыс жалғанған сөзді

анықта:

- А) дәрігерсің; Ә) дәрігермін; Б) дәрігерсіз;
В) дәрігерміз; Г) дәрігерсіздер.

38. Етістік нені білдіреді?

- А) заттың атын; Ә) заттың қимыл-әрекетін;
Б) заттың сапасын; В) заттың санын;
Г) заттың ретін.

39. Сын есімдерге салыстырмалы шырай жұрнағын

жалға: кіші +..., мықты +

- А) -гіш, -ғыш; Ә) -дау, -деу; Б) -теу, тау;
В) -ғы, -гі; Г) -рек, -рақ.

40. Қай мезгілде қар жауады?

- А) күзде; Ә) жазда; Б) көктемде;
В) қыста; Г) қаңтарда.



СЫНАМА ЖҰМЫСТАРЫ

(7-сынып)

I жарты жылдық

1. Сенің ...

- а) кітабыңыз; ә) кітабы; б) кітабың.

2. Адам ... мықты,

Ағаш тамырымен мықты.

- а) жерімен; ә) байлықпен; б) досымен.

3. Сөздің аудармасын тап: *тәулік*

- а) сутки; ә) независимость; б) риск.

4. Көнерген сөзді тап.

- а) малақай; ә) шәлі; б) сәукеле.

5. Неологизм сөзді тап:

- а) файл; ә) парақ; б) бет.

6. Қазақ тілі қай тілдер тобына жатады?

- а) түркі; ә) үнді; б) араб.

7. Жерге кіріп кете жаздау.

- а) шошу; ә) ұялу; б) қуану.

8. Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіл қай тіл?

- а) қазақ тілі, орыс тілі; ә) қазақ тілі; б) орыс тілі.

9. Қазақстан Республикасында «Тіл туралы» Заң қай жылы қабылданды?

- а) 10 ақпан 1998 ж;
ә) 12 қыркүйек 1991 ж;
б) 11 шілде 1997 ж.

10. «Ана тілім – әнім» өлеңін кім жазған?

- а) Қ.Қайымов; ә) Қ.Мырзалиев; б) Ә.Тәжібаев.

11. Отанды сүйю ... басталады.

- а) мектептен; ә) қаладан; б) отбасынан.

12. Қазақстан Республикасы қандай мемлекет?

- а) халықаралық; ә) тәуелсіз; б) біріккен.

13. Мемлекеттік мереке қайсысы?

- а) Жаңа жыл, Наурыз, Республика күні;
ә) Наурыз, Конституция күні, Республика күні;
б) Конституция күні, Республика күні, Тәуелсіздік күні.

14. *Егеменді, тәуелсіз, тарихи, мәдени қай сөз таптарына жатады?*

- а) зат есім; ә) сын есім; б) етістік.

15. Ата Заң қашан қабылданды?

- а) 1995 ж. 30 тамызда;
ә) 1990 ж. 25 қазанда;
б) 1992 ж. 28 тамызда.

16. Конституция неше бөлімнен тұрады?

- а) 8; ә) 9; б) 10.

17. Конституция неше баптан тұрады?

- а) 95 бап; ә) 96 бап; б) 98 бап.

18. Республика күні қай күні тойланады?

- а) 16 желтоқсан; ә) 30 тамыз; б) 25 қазан.

19. -ау, -еу сан есімнің қай түрінің жұрнағы?

- а) реттік; ә) жинақтық; б) есептік.

20. -ыншы, -інші, -ншы, -нші сан есімнің қай түрінің жұрнағы?

- а) есептік; ә) жинақтық; б) реттік.

21. Қарағанды қаласы неге бай?

- а) күріш; ә) астық; б) көмір.

22. Алтай немен бай?

- а) көмір; ә) күріш; б) қорғасын, мырыш.

23. Мақта Қазақстанның қай жерінде өседі?

а) Солтүстікте; ә) Оңтүстікте; б) Шығыста.

24. «Қара алтын» деп нені атайды?

а) мұнай; ә) қорғасын; б) көмір.

25. Қазақстанда ең терең көл қайсысы?

а) Марқакөл; ә) Балқаш; б) Алакөл.

26. Қазақстандағы ең тұщы көл қайсысы?

а) Марқакөл; ә) Балқаш; б) Алакөл.

27. Бурабай, Оқжетпес таулары қай жерде?

а) Алматыда; ә) Қостанайда; б) Көкшетауда.

28. Белгісіздік есімдігін табыңдар.

а) біреу; ә) анау; б) бәрі.

29. Есімдіктердің түрін анықтаңдар: *бәрі, бүкіл*

а) сілтеу; ә) белгісіздік; б) жалпылау.

30. Тиісті есімдікті тап: ... суретім.

а) менің; ә) сенің; б) оның.

31. Есептік сан есімге қандай сұрақ қойылады?

а) қанша; ә) қандай; б) нешінші.

32. Реттік сан есімге қандай сұрақ қойылады?

а) неше? ә) қанша? б) нешінші?

33. Ілік септігінің жалғауын тап:

а) досым; ә) Еркінде; б) Сәуленің.

34. Өткен шақтағы етістікті тап:

а) тұрады; ә) келдің; б) тасың

35. Келер шақта тұрған сөзді тап.

а) сұрады; ә) болды; б) тұрасың.

36. Болымсыз етістікті тап.

а) аяқталды; ә) гүлдеді; б) келмеді.

37. Табыс септіктегі сөзді тап.

а) шешеме; ә) ағадан; б) қызды.

38. Қазақстанда неше мемлекеттік қорықтар бар?

а) 9; ә) 10; б) 11.

39. Аң аулайтын адамды қалай атайды?

а) атбегі; ә) аңшы; б) мерген.

40. «Қызыл кітап» қашан ашылды?

- а) 1966 ж.; ә) 1989 ж.; б) 1974 ж.

II жарты жылдық

1. Қоршаған ортаны қорғаудың дүниежүзілік күні қашан?

- а) 5 маусым; ә) 1 маусым; б) 9 мамыр.

2. Нақ осы шақта тұрған етістікті тап.

- а) келемін; ә) отырсың; б) барды.

3. «Невада-Семей» қозғалысы қай жылы басталды?

- а) 1989; ә) 1999; б) 2001.

4. Өткен шақ жұрнақтарын көрсет:

- а) -ды, -ді; ә) -ып, -іп, -п; б) -а, -е, -й.

5. Республикамыздың экологиялық жағдайы қандай?

- а) жақсы; ә) қиын; б) тәуір.

6. Етістіктің қанша райы бар?

- а) 3; ә) 4; б) 5.

7. Жұмат Шанин кім?

- а) жазушы; ә) ғалым; б) режиссер.

8. Кино өнерінің неше салалары бар?

- а) 3; ә) 4; б) 5.

9. Қазақ Мемлекеттік опера және балет театры кімнің есімімен аталған.

- а) М.Әуезовтың; ә) Ш.Аймановтың; б) Абайдың.

10. «Полигон» фильмі кино өнерінің қай саласына жатады?

- а) көркем; ә) ғылыми-көпшілік; б) деректі.

11. Қазақстанның тұңғыш ұлттық театры қашан ашылды?

- а) 1930; ә) 1926; б) 1936.

12. -ғы, -гі, -қы, -кі қай райдың жұрнағы?

- а) ашық; ә) шартты; б) қалау.

13. Даңғыра деген не?

- а) тағам; ә) ұлттық киім; б) музыкалық аспап.

14. «Біржан-Сара» операсының авторы?

- а) М.Төлебаев; ә) Ж.Шанин; б) Н.Тілендиев.

15. «Адай» күйін кім шығарған?

- а) Тәттімбет Қазанғапұлы;
ә) Дина Нұрпейісова;
б) Құрманғазы Сағырбайұлы.

16. Дина Нұрпейісова қай жерде тұрған?

- а) Орал облысы;
ә) Қарағанды облысы;
б) Батыс Қазақстан облысы.

17. Әбілхан Қастеев кім?

- а) күйші; ә) режиссер; б) суретші.

18. Тәуелсіздік монументі қай қалада орналасқан?

- а) Астанада; ә) Алматыда; б) Семейде.

19. Көсемшеде тұрған етістікті тап.

- а) тұрғалы; ә) тұрды; б) тұрған.

20. Абай неше жасынан тікелей өлең жазуға кіріседі?

- а) 10; ә) 20; б) 30.

21. Етістіктің неше түрі бар?

- а) 3; ә) 4; б) 5.

22. Мақалды аяқта: Отан ... да ыстық.

- а) пештен; ә) оттан; б) ошақтан.

23. ... - қолма-қол суырып салып айтылатын сөз сайысы, жыр жарысы.

- а) шешендік сөздер; ә) ән; б) айтыс.

24. Абайдың неше «қара сөзі» бар?

- а) 35; ә) 45; б) 55.

25. Ыбырай Алтынсарин қай жерде туған?

- а) Алматыда; ә) Семейде; б) Торғайда.

26. «Асан мен Үсен» әңгімесін кім жазған?

- а) Абай;
ә) Ыбырай Алтынсарин;
б) Ахмет Байтұрсынов.

27. Баланың тұсауын қандай жіппен кеседі?

- а) ала; ә) ақ; б) қараша.

28. Шылау сөздердің неше түрі болады?

- а) 3; ә) 4; б) 5.

29. Наурызда күн ... түн теңеледі.

- а) мен; ә) бен; б) пен.

30. «Отырар сазы» оркестрін кім құрған?

- а) Шәмші Қалдаяқов;
ә) Ахмет Жұбанов;
б) Нұрғиса Тілендиев.

31. Қандай ұлттық ойын баланы ептілік пен мергендікке үйретеді?

- а) арқан тарту; ә) алтыбақан; б) асық.

32. Жалғаулардың неше түрі болады?

- а) 3; ә) 4; б) 5.

33. Еңбекшілердің деген сөзде неше жалғау бар?

- а) 1; ә) 2; б) 3.

34. Досым деген сөзде қандай жалғау?

- а) жіктік; ә) септік; б) тәуелдік.

35. Қаныш Сәтбаев кім?

- а) жазушы; ә) ғалым; б) ғарышкер.

36. Тоқтар Әубәкіров кім?

- а) тұңғыш академик; ә) ғалым; б) ғарышкер.

37. Тұңғыш қазақ академигі кім?

- а) Тоқтар Әубәкіров;
ә) Қаныш Сәтбаев;
б) Ахмет Байтұрсынов.

38. Жазда күн ... болады.

- а) қысқа; ә) салқын; б) ұзақ.

39. Қыстан ... көктем келеді.

- а) дейін; ә) шейін; б) кейін.

40. Демеулік шылауларға қай сөздер жатады?

- а) ма, ме, ба, бе, па, пе, ше;

ә) үшін, арқилы, туралы;

б) мен, бен, пен, және, әрі, да.

Кілтi

I жарты жылдық

1	б	11	б	21	б	31	а
2	б	12	ә	22	б	32	б
3	а	13	б	23	ә	33	б
4	б	14	ә	24	б	34	ә
5	а	15	а	25	б	35	б
6	а	16	ә	26	а	36	б
7	ә	17	б	27	б	37	б
8	ә	18	б	28	а	38	а
9	ә	19	ә	29	б	39	ә
10	а	20	б	30	а	40	а

II жарты жылдық

1	ә	11	ә	21	ә	31	б
2	а	12	б	22	ә	32	ә
3	а	13	б	23	б	33	ә
4	а	14	а	24	ә	34	б
5	ә	15	ә	25	б	35	ә
6	ә	16	а	26	ә	36	б
7	б	17	б	27	а	37	ә
8	ә	18	ә	28	а	38	б
9	б	19	а	29	а	39	б
10	б	20	б	30	б	40	а



Күләнда ОРАЗБЕКОВА,
Алматы қаласындағы
№78 мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

АЛТЫН КИІМДІ АДАМ

(Баспасөз конференциясы сабағы)

Сабақтың мақсаты: оқушыларды «Алтын адамның» киімімен, табылған жерімен таныстыру. Ол біздің ел үшін қандай мағынасы бар екенін айту; **білімділік:** егеменді еліміздің символы ретінде жаңа алаңға қойылған монументті туралы әңгімелеу; **дамыту:** сұрақтарға толық жауап алу, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, қазақ тілінде дұрыс сөйлете білу, дүниетанымын кеңейту; **тәрбиелік:** «Алтын киімді адамның» өмірі қысқа болса да еліне, жеріне қалдырған мәңгілік тарихи ескерткішін, сонымен қатар елін бүкіл әлемге әйгілі еткенін айта отырып, сабақтың тәрбиелік мәнін ашу. Отансүйгіштікке, адамгершілікке тәрбиелеу.

Түрі: баспасөз конференциясы сабағы. **Көрнекілігі:** алтын адамның суреті, киімдерінің жеке суреттері, Алматы қаласындағы мұражайлар суреті, Қазақстанның картасы, ҚР рәміздері, елбасының портреті, электрондық кітап, домбыра, ұнтаспа.

Сабақтың барысы : I. Ұйымдастыру кезеңі.

А) Сыныпты ұйымдастыру.

Ә) Сәлемдесу.

Б) Бар-жоқтарын түгелдеу.

Сабақтың мақсатымен таныстыру.

Мұғалімнің сөзі: - Біз бүгін сіздермен баспасөз

конференциясы сабағын өткізгелі отырмыз. Біздің сабағымыздың тақырыбы «Алтын киімді адам», қаншалықты біздің елге тарихи мағынасы зор екенін айта отырып, сол ханзада қай жерден, қалай табылғаны туралы әңгімелейміз.

Зарина «Шіркін адам» өлеңін оқиды.

Бірінші оқушы: - «Алтын адам» – сақ дәуірінің өнер туындысы. Ол Есік қорғанынан табылған. «Алтын адамның» киімдері, әшекейлері саф алтыннан жасалған. Алтын сауыт, қанатты тұлпар, арқар бейнелі әшекейлері бар. Қазақстан Республикасының егеменді ел болып құрылғанының бес жылдығына арнап, Алматы қаласында «Тәуелсіздік мемориалы» ескерткіші орнатылды. Ерекше жасалған ескерткіштен адам тұлғасын қанатты барыстың аспанға алып ұшып бара жатқанын көреміз. Сақ дәуіріндегі адамға ұқсас мүсіндік тұлғаның оң қолында сұңқары, сол қолында садағы бар. Бұл тарихи тұлғалық мүсін болып саналады. Егеменді еліміздің символдық белгісі.

Екінші оқушы: - Енді біз конференцияға келген қонақтарымыз-бен таныстырайық.

Солармен бірге бізге журналистер де келді.

Журналистер сұрақтарын шет тілінде қойып отырды, аудармашылар қойған сұрақтарды аударып отырды. Бірінші сұрақты ОРТ журналисі *В.Плотников* қойды.

- Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі қашан жарияланды?

Бұл сұраққа экскурсовод *Зарина Құрманбекова* жауап берді.

- 1991 жылы желтоқсанда Қазақстан тәуелсіз мемлекет болып жарияланды.

Осылай сұрақтар рет-ретімен қойылып жатты. Оқушылар сұрақтарға байланысты жауаптар беріп және керекті жерлерде көрнекті құралдарды пайдаланып отырды.

Мысалы: «Елбасы кім?» деген сұраққа Н.Ә.Назарбаевтың портретін көрсетті.

1991 жылы 1 желтоқсанда Президент сайлауы болды. Тұңғыш Президент болып Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев сайланды.

- «**Есік обасы қайда орналасқан?**» деген сұраққа Есіктен келген қонақ, тарих пәнінің мұғалімі - *Татьяна Косолапова* жауап берді.

Сақ тайпаларының көне мәдениетін зерттеуде 1970 жылы Есік қаласының маңынан табылған, тарихта «алтын адам» деген атпен белгілі бола бастаған алтын бұйымдарының маңызы ерекше. Алматы қаласынан 50 шақырым жерде Есік қаласының солтүстік жақ шетінде, Есік өзенінің сол жақ жағалауында Есік обасы орналасқан.

Картадан Есік обасының қайда орналасқанын және қай жерден табылғанын көрсетті.

- «**Обаның диаметрі, биіктігі қанша?**» деген сұраққа компьютерге қойылған электрондық оқулықтан көрсетін археолог - *Сергей Смолянинов* жауап берді.

Обаның диаметрі – 60м, биіктігі – 6м. 1969-1970 жылы археолог Қ.А.Ақышевтің басшылығымен қазылып, орта тұстан және бүйірден екі қабір табылды.

Мұражай жұмысшылары: *Ажар Қасымова:* - Жаңа деректерді талдау қазақ жеріндегі кейінгі сақтар, сондай-ақ бұрынғы сақтар мәдениетінің даму дәрежесін, олардың әлеуметтік, экономикалық қатынастарын, мәдени байланыстарын, бағытын жаңа көзқараспен анықтап баға беру үшін аса маңызды болмақ.

Александр Тимошенко: - «Есік жазуы» деп атап отырған жазу бүкіл Шығыс эпиграфикасына жаңалық қоспақ. Қазақстан жерін мекендеген ежелгі сақтардың бұдан 2500 жыл бұрын жазу -сызуы болғандығы қазір тарихи шындыққа айналуда. Есік обасынан табылған алтын киімді адам және

оның қасындағы заттар – дүние жүзіне маңызы аса зор жаңалық.

Экскурсовод Зарина Құрманбекова: - «Алтын адам» көрмелері Жапонияда, Америкада, Францияда болды. Бұл – атақты Тутанхамон қазбасынан кейінгі екінші аса маңызды археологиялық табыс.

Оқушылар бір-біріне сұрақтар қойып, толық жауаптарын алып отырды. Сұрақтарға толық жауап беріп болғаннан соң, конференцияға келген қонақтарға арнап КАЗТАҒ журналисі *М.Уразбеков* домбырада «Кеңес» күйін орындады. Өткізген баспасөз конференциясының қорытындысын шығару үшін тест жұмысы берілді.

(Осы кезде ұнтаспа қойылып, күй ойнап жатты). Бұл баспасөз конференциясы сабағы қазақ тілі материалдарын жүйелі талдауға, олардың өзіндік ерекшелегін толық есте сақтай білуге, ой қорытындыларын дұрыс шығаруға, тапқырлыққа, ұжымшылдыққа баулиды.



УӘДЕ

Көктем кезі болса керек. Ғалым, сыншы Баламер Сахариев ақын Мұзафар Әлімбаевқа кездесіп қалып, әзілмен:

- Ауылымның қонғаны КИЗ-де деймін,
Бір өзіңнен басқаны іздемеймін,-
дейді. Сонда Мұзафар Әлімбаев тұрып:
- Бұл күнде қалтамыздың түбі тесік,
Айналып бір соғарсың күзге дейін,-
деген екен.

(Деген екен. Астана, «Аударма» баспасы, 2003, 103-бет.)

БІЗДІҢ ОРТАҚ ҮЙІМІЗ

Іс-шараның мақсаты: білімділік – Қазақстан және басқа елдер туралы білімдерін кеңейту, өтілген тақырыптарды еске түсіру; **дамытушылық** – оқушылардың танымдық қабілеттерін дамыту. Қазақ және ағылшын тілдерінде ойлау, есте сақтау, сөйлеу қабілеттерінің дамуына жол ашу, іскерлігін қалыптастыру; **тәрбиелік** – оқушыларды өз Отанын, өз туған жерін сүйуге, мақтан етуге, басқа елдердің мәдениетін біліп, қадірлеуге тәрбиелеу. Мемлекеттік тілді білу және басқа тілдерді, солардың ішінде ағылшын тілін білу – өмір талабы екеніне көздерін жеткізу.

Көрнекі құралдар: суреттер, карта, кәртішкелер, тіл туралы қазақ, ағылшын тілдерінде жазылған қанатты сөздер.

Іс-шараның барысы: Ойын 5 бөлімнен тұрады: «Бәйге», «Полиглот», «Жеті жұмбақ», «Шешен», «Жорға». Оқушылар аударып тұрады.

1-бөлім – «Бәйге». Бұл бөлімге барлық оқушылар қатысады. Тез жауап берген оқушылар 10 ұпай алады. Бір оқушы ұпайларды есептеп отырады. Оқушылар 10 қазақ тіліндегі, 10 ағылшын тіліндегі сұраққа жауап береді:

Қазақ тілінде:

1. Қазақстан Республикасы қандай мемлекет?
2. Қазақстан Республикасының қандай рәміздері бар?
3. Қазақстан туында не бейнеленген?
4. Елтаңбада не бейнеленген?

5. Қазақстан Республикасының Президенті кім?

6. Қазақстан валютасы?

7. Теңге қашан пайда болды?

8. «Тәуелсіз Қазақстан» сөз тіркесі қалай аударылады?

9. Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін қашан алды?

10. Республика күні қай күн?

Ағылшын тілінде:

1. When is Christmas day observed? (25 of December)

2. What is the capital of England? (London)

3. What is the favourite hot drink in Britain? (Tea)

4. Name the president of the USA? (Bush)

5. How many states does the USA consist of? (50 states)

6. What is the traditional dish on Thanksgiving Day? (Turkey)

7. Is British food very popular in Europe? (No)

8. British people eat Yorkshire pudding on Sunday. (Yes)

9. British people eat a lot of meat? (Yes)

10. They don't like tea very much? (No)

Ұпайларына қарай 7 оқушы қалып, келесі ойын бөліміне қатысады.

Олар өздерін қазақ, ағылшын тілдерінде таныстырады.

2-бөлім – «Полиглот». Белгісіз сөзді табу, үш тілде (қазақ, орыс, ағылшын) айту. 1 тілде – 5 ұпай, 2 тілде – 10 ұпай, 3 тілде – 15 ұпай.

Жетеуі де тақтаға шығып, тақтада жазылған сөйлемдердің біреуін толықтырады. Конверт ішінен сөйлемнің санын алады.

Тақтада жазылған сөйлемдер:

1... адам – ормансыз бұлбұл.

2. Отан үшін ... түс, күймейсің.

3. Туған жердей ... болмас, туған елдей ел болмас.

4. Жақсы ісімен

5. Жақсы ... – жарым ырыс.

6... бар жерде – тірлік бар.

7. Экология алдымен ... өзінен басталады.

3-бөлім – «Жеті жұмбақ». Ағылшын тілінде өтеді.

Оқушы конверт ішінен санды таңдап алып, сол санның сұрағына жауап беруі керек. Дұрыс жауапқа 10 ұпай беріледі.

Сұрақтар:

1. Two brother, but they don't see each other? (Eyes, глаза, көздер)

2. Гуляет в поле, да не конь, летает на воле, да не птица? (wind, ветер, жел)

3. У кого еды бывает много, тот нередко забывает..... (бога, god, құдай)

4. Старым став,орел бывалый, рад и.....захудалой. (a mouse, тышқандар, мыши)

5. Хоть и незрячий у тебя.....плачь от души. (глаза, көзін, eyes)

6. Собака лает, глотку рвёт, а караван (идет, goes, келе жатыр)

7. Впадает в море, а рождается от ручейка (река, озен, give).

Осы бөлімнен кейін ұпайлары төмен 3 ойыншы ойыннан шығады.

4-бөлім – «Шешен». Берілген сөйлем дұрыс құрастырылған ба? «Иә» немесе «Жоқ» деп жауап береді. Оқушылар конверттен таңдап алған сөйлемдерді оқып, тапсырмаларды орындайды, аударады. 2 ойыншы ойыннан шығады.

5-бөлім – «Жорға». Әр ойыншы 1 минут ішінде қазақ және ағылшын тілдерінде сұрақтарға жауап береді. Сұрақтардың дұрыс жауаптар саны бойынша ұпайлар беріледі.

1 ойыншының сұрақтары:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін атап бер.

2. Ұлттық валюта қашан енгізілді?

3. Қазақстанда мемлекеттік тіл қай тіл?

4. Тәуелсіздік күні қай күн?

5. Қазақстан Республикасының Президенті кім?

6. Қазақстанда қанша ұлт өкілдері тұрады?

7. «Семей – Невада» деген не?

8. “To be or not to be, that is the question whom does these words belong to” (Hamlet)

9. What kind of music is popular in USA? (Jazz)

10. What is the official language in Great Britain? (English)

11. Who is the head of England? (The Queen)

12. What is the Tower of London now? (A museum)

2 ойыншының сұрақтары:

1. Ата заң күні қай күн?

2. Қазақстан Республикасының астанасы қай қала?

3. Қазақстанның қанша тұрғыны бар?

4. Қазақ халқы қандай халық?

5. «Семей – Невада» қозғалысын кім ұйымдастырды?

6. Қазақстанның бірінші ғарышкері кім?

7. Қазақ жері неге бай?

8. What can you see in Trafalgar Square? (Nelson Statue)

9. What of the name of the river in London? (The Thames)

10. In what country do men wear skirts? (In Scotland)

11. Who is the «King of rock-and-roll»? (Elvis Presley)

12. What holiday is celebrated on the fourth Thursday in November? (Thanksgiving Day)

Tour Jury counts the score. The Participant 1 has won the game. She has got the most scores. We congratulate the winner and wish good luck in future study.

Жеңіп шыққан ойыншы «Тіл білгіші» аталады. Қорытынды жасалады.



ЖЫРСЫЗ ӨМІР – МЕН ҮШІН ӨМІР ЕМЕС...

Мұғалім: - Бүгінгі кеш ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың шығармашылығына арналып отыр. «Жырсыз өмір – мен үшін өмір емес...» атты әдеби сазды кешімізді ашамыз.

1-жүргізуші: - Поэзия! Менімен егіз бе едің?
Сен мені сезесің бе, неге іздедім?
Алауыртқан таңдардан сені іздедім,
Қарауытқан таулардан сені іздедім.

Сені іздедім кездескен адамдардан,
Бұлақтардан, бақтардан, алаңдардан,
Шырақтардан, оттардан, жалаулардан
Сені іздедім жоғалған замандардан...

2-жүргізуші: - Сегодняшний вечер, посвящен великому сыну казахской земли Мукагали Макатаеву. Сегодня это имя символизирует казахскую поэзию. Что он писал о себе «пройдут года, придет новое поколение и оно поставит нас на свои места. Испокон веков так было, так есть, так будет. О себе я скажу: я ровесник XXI века, а может быть и родственник еще дальних поколений.»

1-жүргізуші: - Отырардай опат болған қала жоқ па, жарандар, Тату-тәтті бармысындар, армысындар, адамдар!

2-жүргізуші: - Қош келдіңіздер, өнер сүйер, өлең сүйер қауым!

1-жүргізуші: - Үй тұрар шумақтарын қойсаң қалап,
Өлеңдері өзіңдей жайсаң ғажап.

Азамат ірі ақын боп, ұлы ақын боп,
Қайта туған балаңды қарсы ал, қазақ.

2-жүргізуші: - Шетінен өлең-жырды шұғылалы,
Әр қыры әр түске еніп құбылады.
«Зертте мені» деп еді, Мұқанды біз
Түсініп болған жоқпыз ұғып әлі.

Шын поэзия жасырынып тұрған дүние сұлулығының
шымылдырығын сыпырып тастайды дейді. Ендеше, кезекті
өлеңге берейік.

1-оқушы: - М.Мақатаев достық пен махабатты, поэзия
мен табиғатты жыр еткен. Бірақ ақынның өлеңдерінің
ішінде ерекше орын алған тақырып, ол – Отан. Мақатаевтың
поэзиясында Отанға деген ыстық сезімі сарқылмаған. Отан
деген не? Бұл сұраққа ақынның келесі өлеңімен жауап
береміз.

«Отан» өлеңі оқылады.

2-оқушы:- Ақынның туған жері, кіші Отаны – Қарасаз.
Бұл өңірдің әсемдігі, таза ауасы, мөлдір бұлақтары, көрікті
жерлері – Мұқағалиды ақындық жолға жетелеген бұлақ көзі.
«Туған жер», «Қарасаз» деген өлеңдерінде ақын өз еліне,
жеріне деген махабатын оқырманға жеткізген.

«Қарасаз» өлеңі оқылады.

3-оқушы: - Счастье Макаатаева заключается в том, чтобы
жить в своем Отечестве со своим народом. Но превыше этого
для него – счастье самого народа и родной земли. Сколько в
этом благородства и настоящего патриотизма!

Неиссякаемая любовь поэта к родной земле, к своему
народу глубоко трогают душу. Поистине – нам есть чему
учиться у Макаатаева.

В разное время слово счастье понимали по разному,
«счастье» было богатством.

А как поэт понимает «Счастье»?

Ән – «Саржайлау».

2-жүргізуші: - Жігітінен қазақтың дос таба алмай,

Қыз да болсаң мен саған мұң шағамын, -

деп Мұқағали Фариза Оңғарсыноваға жанын жеген қайғыны жырмен жеткізген.

4-оқушы: - Сен қалай байқамадың, батыр ғалам,

Өртеніп бара жатыр ақын балаң.

Теңіздей махабатын көтеретін

Жан таппай, өз отына лапылдаған? –

деп Мұқағали туралы қазақ жерінің үлкен ақыны Фариза Оңғарсынова жазған.

Фариза – Мұқағалидың өз мұңын, назын айтып, бөліскен досы, әріптесі.

Жүргізуші: - «Фариза» өлеңін тыңдаңыздар!

5-оқушы: - Ең бірінші бақытым – Халқым менің,

Соған берем ойымның алтын кенін...

деп өзі жырға қосқан, сенімін артқан, жырын аманаттаған «қалың елі – қазағының» махабатына бөленген, тамырын оқырман ойы мен санасына, халқының жүрегі мен жанына, елінің көкірегі мен жадына – уақыт желі, заманалар дауылы шайқай алмас тереңге жіберген ақын жаңа ғасыр қақпасын ендікпей, еркін ашып, жаңа мыңжылдық айдынына шығып отыр.

Кезекті өлеңге берейік.

1-жүргізуші: - «Ең бірінші бақытым – халқым менің»

деген өлең жолында қандай ұлылық жатыр десеңші.

6-оқушы: - Ақынның әкесі Сүлеймен өте қарапайым, жұмысқа берілген адам болған. Соғысқа кетер алдында ол ұжымшар төрағасы болған. Соғысқа аттанып, елге оралған жоқ. Әкесіне арналған өлеңдерінде ол әкесімен сырласып, ақылдасып отырғандай. «Әке» өлеңін тыңдаңыздар.

7-оқушы: - Жыр жазу – Мұқағали үшін ұйқас құру емес, алып табиғатпен тілдесудің, жанды жаратылыспен сырласудың, ой мен парасат, таным мен талғам – Мұқағали

поэзиясының қос қанаты. Ойы – тұнық, парасаты – биік, талғамы – таза, танымы – терең өлеңінің өрісі кең. Қазір ақынның табиғатқа арнап жазған «Сап-сары жапырақтар...», «Айхай, көктем», «Бесік көл» өлеңдерін қабыл алыңыздар.

2-жүргізуші: - Мұқағали атамыздың табиғатқа бала кезден ықыласы зор болған.

«Мақпал түніне, самал желіне, сылдырап аққан суына елтіп өскен» ақын.

7-оқушы «Сап-сары жапырақ» өлеңін оқиды.

8-оқушы «Айхай, көктем» өлеңін оқиды.

9-оқушы «Бесік көл» өлеңін оқиды.

10-оқушы: - Стихотворение «Вспоминай меня, вспоминай» переведено на русский язык учительницей русского языка и литературы Пресновской школы Хабаевой Сан Малдыбаевой.

Облыстық байқаудың жүлдегері, әріптесіміз Сән Малдыбайқызының М.Мақатаевтың 75 жылдық мерейтойына арналған өлең жолдарын сіздерге ұсынамыз.

1-жүргізуші: - Сәлем бер бара қалсаң Мұратқа,
Тыныштық деп алдымен айт, сұратпа.
- Тыныштық па, тыныштық па, балалар?
Деп отырар қысы-жазы, шуақта.

2-жүргізуші: - Шатынаған соғыс салған сызаттан
Кәрі кеуде жалын атқан, сыз атқан!
Төрт баланы тыныштыққа құрбан қып,
Төрт келінді төрт адамға ұзатқан.

11-оқушы: Балалық шағым: «Біз жалаңаяқ бала болдық, ешкі қуған, терезелерге тас лақтырған», - деп ақын өзі еске алады. Кейін соғыс бәрін өзгертті. Ақын балалық шағын аңсайды және сол кезді үлкен сүйіспеншілікпен еске алады.

«Сәби болғым келеді» өлеңін қабыл алыңыздар.

12-оқушы: - «Жазылар естеліктер...» өлеңін оқиды.

1-жүргізуші: - Қарасаз, қара шалғын өлеңде өстім,

Жыр жазсам, оған, жұртым, елендестің.
Өлсе өлер Мұқағали Мақатаев,
Бірақ та өлтіре алмас өленді ешкім! -

деген еді.

2-жүргізуші: - Тірлігіңде шекпен кимей, шен алмай,
Еңбегіңнің қызығын да көре алмай,
Өрт боп жанып өтіп кеткен ақынға
Мәңгілік қып өмір берген өленді-ай!

Шынында да, Мұқағалидің өлендері де, өзі де ешқашан өлмек емес. Кеш соңында «Есіңе мені алғайсың» әні орындалады.

1-жүргізуші: - На этом вечер посвященный великому поэту казахской земли М.Мақатаеву закончен.



Сулушаш ТАУЕКЕЛОВА,
Ирина ТИЩЕНКО,
преподаватели детского сада
“Айналайын” поселка Топар.
Карагандинская область,
Абайский район.

ЗИМУЮЩИЕ ПТИЦЫ

Цель: образовательная – закрепить понятие «зимующие птицы». Активизировать словарный запас на казахском и русском языках. Дать детям представление о видах питания зимующих птиц. Учить отгадывать загадки. Учить понимать поэтические сравнения, лежащие в основе загадки. Учить понимать учебную задачу, выполнять ее самостоятельно. Упражнять в определении места звука в слове, и обозначать его буквой (каз, русс.). Закреплять умение делить слова на слоги. Составлять из слогов слова и прочитать их.

Совершенствовать навык чтения слов. Закреплять умение придумывать предложения. Использовать разноуровневые задания. Формировать навык самоконтроля и самооценки; **развивающая** – развивать воображение, внимание, логическое мышление, зрительное восприятие, словарный запас. Развивать умение отгадывать ребусы, работать в микрогруппах, продолжать работу с детьми продвинутого уровня. Воспитывать коммуникативные навыки; **воспитательная** – воспитывать заботливое и доброжелательное отношение. Любовь и чувство сострадания к зимующим птицам.

Материал для занятия:

1. Ёлочка, рябина;
2. Иллюстрация зимующих птиц, шапочки птиц;
3. Казахские и русские буквы, снежинки;
4. Аудио кассета «Голоса птиц»;
5. Сюжетные картинки;
6. Индивидуальные картинки со словами «Буква потерялась»;
7. Ребусы с фишками (красные, желтые, зеленые);
8. Диск «Сорока - белобока» физминутка;
9. Схемы анализа занятия;
10. Загадки (на казахском, русском языках), карточки задания;
11. Подставки с названием команд;
12. Кормушки, корм для птиц;
13. Птички (оригами);
14. Волшебница.

Ход занятия.

1. Круг радости.

Амансың ба, алтын күн!
Амансың ба, көк аспан!
Амансың ба, достарым!
Сендерді көрсем қуанам!

2. Мотивация.

- Ребята, сегодня мы с вами отправляемся в волшебную страну, в которой все желания исполняются. Недавно вы мне рассказали о том, что вам надоело постоянно слушаться родителей, выполнять их поручения. Вам очень хотелось превратиться в птичек, порхать с ветки на ветку.

- А, вы думаете они ничего не делают ? Но ведь это не так, но для этого нам надо пройти через волшебные ворота и попасть в волшебную страну.

3. Игра «Ворота».

Дети проходят через ворота и называют названия зимующих птиц на казахском языке:

1. Суықторғай; 2. Шымшық; 3. Қарға; 4. Сауысқан; 5. Көгершін; 6. Жапалақ; 7. Үкі; 8. Торғай; 9. Тоқылдақ; 10. Құр.

- Жарайсыңдар, балалар! Құстардың аттарын қазақ тілінде жақсы біледі екенсіңдер.

Звучит музыка и выходит волшебница (ребенок)

- Сәлеметсіңдер ме, балалар! Я очень рада, что вы и попали ко мне в гости в волшебную страну. Я – волшебница, я слышала, что вы хотите превратиться в птичек. У меня есть волшебная палочка. Я выполняю ваше желание. Сейчас идет зима и я превращу вас в зимующих птичек. Только зря вы думаете, что птицам живется так беззаботно и они ничего не делают, в этом вы убедитесь сами, путешествуя дальше.

Волшебница касается волшебной палочкой детей и они превращаются в птиц (одевает им шапочки).

- Желаю вам доброго пути!

- Ну вот ваше желание исполнилось и вы превратились в птичек. Как вы себя ощущаете в этом облике? Помашите крылышками.

- А для того чтобы нам было легче продолжить работу разделимся на две команды (дети предлагают название команд).

4. «Загадки». Дети загадывают загадки о птицах. А отгадками будут картинки, разложенные на столе. Ученики находят картину с изображением птиц, определяют на какой звук начинается слово. Команды готовы, слушаем задание.

Задания для I команды:

1. Зимой на ветках яблоки! Скорей их собери
И вдруг вспорхнули яблоки. Ведь это ... *(Снегири)*
2. Кто в беретке ярко-красной,
В черной курточке атласной?
На меня он не глядит.
Все стучит, стучит, стучит. *(Дятел)*

Задания для II команды:

1. Төсімде сары белгім бар,
Торғай деген досым бар.
Табындаршы, достарым,
Мен қандай құс боламын? *(Шымшық)*
2. Күндіз-түні ұшады,
Түнде тышқан ұстайды,
Көзі шамға ұқсайды. *(Жапалақ)*

(Воспитатель выставляет картинки и буквы на доске).

Посмотрите на этих птиц, скажите, как их можно назвать одним словом (зимующие, қыстап қалатын құстар).

- Ой, птички, смотрите, здесь какая-то тропинка (на полу лежит канат) возле нее записка.

5. «Назови птицу и раздели слово на слоги».

Ступая на тропинку нужно назвать птицу и разделить слово на слоги хлопками.

I команда - синица, куропатка, сова и т.д.

II команда - құр, жапалақ, сауысқан, торғай, т.б.

Тропинка, тропинка, ты нас проведи

Пойдем за тобою, а ты впереди.

- Ну, вот и кончилась тропинка. Куда мы с вами попали?

Волшебный, зимний лес.

- Я слышу чьи-то голоса. Присаживайтесь, закройте глаза и прислушайтесь (аудио запись «Голоса птиц»).

- Пойдемте дальше, посмотрим, что нас ждет впереди!

- Смотрите, под деревом какая-то птица интересная сидит.

Да, это птица – схема.

6. Игра «Определим место звука в слове».

I команда - *Дятел* (звук Т)

Сова (звук С)

Филин (звук Н)

II команда - *Торғай* (Ғ дыбысы)

Қарға (Қ дыбысы)

Үкі (І дыбысы)

Справились с этим заданием, а теперь отправляемся дальше.

- Ой, что-то наши птички совсем озобли, замерзли бедные, нужно им согреться?

7. Музыкальная пауза «Сорока - белобока».

- Согрелись наши птички? Пока вы танцевали, посмотрите, сколько снежинок напало. А снежинки тоже волшебные, это дятел - фантазер постарался. Дятел стучит своим клювом и выбивает слова по слогам, он спрятал слоги в снежинках. Если вы правильно соберете снежинки по цвету, то сможете прочесть слово.

8. Игра «Найди пару, прочти слова» (Составляют слоги и читают слова).

9. Игра «Найди лишнюю букву» (Дети садятся за столы, работают с карточками). Задания выполняются на двух языках:

I команда на русском языке, II команда на казахском языке.

10. Упражнение «Придумай предложение» (На доске вывешиваются сюжетные картинки).

I команда составляют предложения на русском языке.

II команда на казахском языке. Например: Қыс мезгілі. Қар жауып тұр. Үкі ағашта отыр. Құр – кішкентай құс, т.б.

II. «Отгадай ребусы».

Мудрый филин разложил задания разной сложности:

Красный кружок- сложное задание;

Желтый - не очень сложное;

Зеленый - легкое.

Выбирайте себе задание, отгадайте, какое слово здесь спрятано. Справились мы и с этим заданием. Команды садятся на ковер. Приходит Волшебница.

- Ну вот и подошло к концу ваше путешествие по волшебному лесу! Вы до сих пор, считаете, что птицам живется легко и беззаботно?

Птицы из волшебного леса придумывали вам различные задания и вы со всеми этими заданиями справились.

- Теперь я превращаю вас назад в детей (взмахивает палочкой, снимает шапочки). Ну, а теперь вам пора в детский сад. Раз, два, три, повернись, в детский сад возвратись! (дети поварачиваются вокруг себя).

- Ну, вот мы и очутились с вами опять в детском саду. Вы побывали в роли птичек, что вы можете сказать, легко ли живется птицам зимой? А как мы – люди можем помочь птицам в холодное время года?

- Да, действительно, птицы больше всего боятся голода. Сытая птица никогда не замерзнет (вывешиваются кормушки).

12. Игра «Кто, чем питается?» (Дети насыпают корм в кормушки).

13. Анализ занятия по схемам.

В конце занятия дети дарят гостям птички – оригами.



Бас редакторы - Зернебек ШІЛДЕБАЙҰЛЫ.

**“Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде –
Казахский язык и литература в русской школе” –**
ай сайын шығатын республикалық
ғылыми-педагогикалық журнал.

Құрылтайшы және шығарушы:

“Білім және Ғылым” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Жауапты редакторы – Гүлзия БОЛАТБАЙҚЫЗЫ.

Корректоры - Гүлзира ӨМІРБЕКҚЫЗЫ.

Компьютерде теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы **№1402-Ж** Куәлігі берілген.

Басуға 24.10.2011ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32.

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0. Есептік баспа табағы – 7.68.

Таралымы – 1401. Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75697.**

Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және бөлімдер.....256-06-46.

Факс.....256-13-41.

Электрондық пошта: KazUlagat@mail.ru

Басылатын жері – «Хай Текнолоджи» полиграфиялық кешені. Алматы қ., Мыңбаев көшесі, 43.

**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ
ИЗДАНИЕ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ “БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ”**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде -
Казахский язык и литература в русской школе»,
№10, 2011 ж., 144 бет, Алматы.